

ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2017, № 4 (80)**

4 /2017

ISSN 1814-6961

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Зиябек Қабылдинов

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан), Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдыков, У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей), В.А. Ламин (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төлєнова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы»
журналының редакциясы
Телефон: 272-68-46
E-mail: kazhistory@bk.ru
Электрондық мекен-жай:
www.iie.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ
САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА
SACRAL GEOGRAPHY OF KAZAKHSTAN**

ZH.M. TULIBAYEVA

The local history and the sacral geography of Kazakhstan
in arabic-script manuscripts.....5

**ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА
В ПОТОКЕ ИСТОРИИ
IN THE STREAM OF HISTORY**

ШАМШИДЕНОВА Ф.М.

Тобылдың төменгі бойындағы түркі тайпаларының
саяси-әлеуметтік жағдайы.....13

ПИЛИПЧУК Я.В.

Отношения Крымского ханства с Австрийской империей.....28

БАЙДИЛЬДИНА С.Х.

«А» полигонының (Сарышаған) салыну тарихы.....41

**ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ
ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES**

О. САПАШЕВ, Ө. ТҰЯҚБАЕВ

«Хадикат ал-‘Арифиннің» агиографиялық шығарма ретіндегі
тарихи-деректік маңызы.....47

Г.К. МУКАНОВА, Ш.Т. БУЛГАУОВ

Матбугат, или истоки светской тюркской казахской периодической
печати начала XX века.....57

**ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕСКЕРТКІШТАНУ, МУЗЕЙТАНУ
ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ПАМЯТНОКОВЕДЕНИЕ, МУЗЕЕВЕДЕНИЕ
ETHNOLOGY, ARCHAEOLOGY, MONUMENT STUDIES, AND MUSEOLOGY**

Ә.Т. ТӨЛЕУБАЕВ

Қазақтың Ғалам, Жер, Су туралы мифтік түсініктері және сенімдері.....69

И.А. ГАФАРОВ

Мишари: этническая группа или сословие76

М.Қ. ЕГІЗБАЕВА

Қазақ және орыс халықтарының үйленуге қатысты
әдет-ғұрыптарындағы ұқсастықтар.....88

Ю.А. ЁЛГИН

Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави: некоторые параллели и аналогии.....94

**ТАРИХ ЖӘНЕ ТҮЛҒА
ИСТОРИЯ И ЛИЧНОСТЬ
HISTORY AND PERSON**

А.Ш. БИМЕНДИЕВ

Алаша-хан: из истории и мифологии генеалогического символа107

Н.Ы. ЖЕТПІСБАЙ

Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.....120

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCHES OF YOUNG SCHOLARS**

А. КАСЕНОВА

Каменные стражи Сарыарки.....143

В. ХОРВАТ

Характеристики погребального обряда в начальной фазе скифского времени
Центральной Азии(по кургану Аржан-1).....153

А.К. САРСЕН

Культура и образование как основы этнополитики.....166

**РЕЦЕНЗИЯ
СЫН-ШҚІР
REVIEW**

А.К. КАМАЛОВ

Диалог цивилизаций на шелковом пути
(Рецензия на книгу: Хафизова К.Ш. Диалог цивилизаций на
Шелковом пути (исторические сюжеты).) – Астана:
Ғылым баспасы, 2015. – 416 с.....172

**ЕСКЕ АЛУ
ВОСПОМИНАНИЯ
MEMORIES**

Балақаев Төлтай180

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ
САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА
SACRAL GEOGRAPHY OF KAZAKHSTAN

УДК 930.2

ZH.M. TULIBAYEVA¹

¹ Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
Chief Researcher, Doctor of Historical Sciences
Almaty, Kazakhstan

THE LOCAL HISTORY AND THE SACRAL GEOGRAPHY
OF KAZAKHSTAN IN ARABIC-SCRIPT MANUSCRIPTS

Annotation

In the framework of the programs «Tugan Zher» and «Spiritual places of Kazakhstan» («The Sacred Geography of Kazakhstan») some of the Arabic-script manuscripts about the sacred historical places of Kazakhstan, with a description of the most interesting facts and events associated with them, have been investigated. Meanwhile, most of the Arabic-script monuments, containing various and significant information on the history of certain our cities and regions from ancient times to the early modern age, are still unresearched.

Keywords: History of Kazakhstan, Sacred geography of Kazakhstan, Arabic-script manuscripts, духовные ценности.

The program article of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev «Looking into the Future: Modernizing the Public Consciousness» not only complements the Message of the Head of State on the Third Modernization and constitutional reform, it sets the tasks that should become the core of further political and economic transformations in our country [1]. As Nursultan Nazarbayev noted, «since 2004, the program «Madeni mura» was implemented, and «in 2013 we adopted the program «Khalyk tarikh tolkynynda», which allowed us to systematically collect and study documents, dedicated to the history of our country, from the world's leading archives. And today we must start more extensive and fundamental work» [1].

In the article of the Head of State not only the directions and principles of modernization of public consciousness are presented, but also several concrete projects are proposed that should be implemented in the coming years and «could allow to meet the challenges of time without losing the great power of tradition» [1].

In connection with the above mentioned, today the Kazakhstan's orientalists face an important and responsible task – the introduction into scientific use of original source materials that contain valuable and factual material on the history and culture of the Kazakh people. To do this, it is necessary to popularize the numerous historical facts that we receive from various sources, and, at first, from written manuscripts of the past that have reached us in the form of hundreds of thousands of manuscript books. There is a rich historical literature in the Eastern languages, where the centuries-long history and culture of the peoples of our region were reflected [2].

Among the written manuscripts of the Middle Ages and modern era, related to the history of Kazakhstan, a special place is occupied by hand-written books written using Arabic-script. The study of the Arabic-script manuscripts has an important socio-political significance [3, p.11].

In order for practical implementation of the «Tugan Zher» program, the first priority task is to organize a serious study of local history, which involves study of the regional history of Kazakhstan [1]. Arabic-script written manuscripts contain various and significant information on the history of our specific cities and regions from ancient times until the 20th century.

For example, Khiva sources in the Chagatai language contain numerous data on the history of Western Kazakhstan in the 13th - the beginning of 20th centuries. The Khanate

of Khiva was founded in 1512 by, Chingizids from Desht-i Qipchaq, Ilbars and Balbars, who were descendants of Shibani, the son of Juchi Khan. The Khanate of Khiva, which existed for more than four centuries, left behind a rich cultural heritage in the form of written manuscripts. In the works «Chingiz-name» of Utemisha-haji, «Shajara-yi Turk va Mogul» of Abulgazi Khan (1643-1663) and Muhammad Anush Khan (1663-1687), «Tawarikh-i Khorazmshahiya» of Mulla Babadzhan, «Firdaus al-Iqbal» of Shir-Muhammad Munis (1778-1829) and Muhammad Riza Agahi (1809-1874), the writings of «Riyaz al-Dawla», «Zubdat al-Tawarikh», «Jami al-Waqiati Sultani», «Gulshani Dawlat», «Shahidi Iqbal» of Muhammad Riza Agahi, and the works «Shajara-yi Khorazmshahi», «Khorazm Tarikhi» of Muhammad Yusuf Bayani (1859-1923) contain extensive information on the history of the Kazakhs who lived on the territory of the Khanate of Khiva and in neighboring countries [4, p.110].

Part of the Western territory of modern Kazakhstan was part of the the Khanate of Khiva. In this regard, the introduction into the scientific use of information from Khiva sources on the political, socio-economic, cultural history of the Kazakhs of the Khanate of Khiva is also necessary for studying the history of this region of our country.

Kokand sources contain information on the history of South Kazakhstan. The author of the manuscript «Tarikh-i Jadida-yi Tashkand» («The New History of Tashkent») Muhammad Salih domla Rahim Kara-khoja-ugli worked on his work for 25 years and completed it in 1888. «Tarikh-i Jadida-yi Tashkand» contains valuable factual material on the socio-economic history of the Tashkent viloyati of the 18th - 19th centuries. Historical information is presented in chronological order, and, in general, all events are marked by dates. «Tarikh-i Jadida-yi Tashkand» consists of two volumes. The first volume is devoted to the history of Islam, the history of the countries of the East, from ancient times to the 15th century. The second volume is devoted to the history of the Khanate of Kokand from the end of the 15th century until the 80s of 19th century. The second volume of work is divided into three chapters. The first chapter contains the history of Fergana from 1526 to 1805. The second chapter describes the history of Tashkent, Ferghana, Bukhara from 1805 to 1876. The third chapter is devoted to the historical topography of Tashkent, the description of climate, agriculture, occupation of the city and its environs. Although Muhammad Salih devoted his work to the history of the city of Tashkent, he describes its history in close connection with the historical events taking place in the region, including the history of Desht-i Qipchaq, the description of its geographic and climatic conditions. Especially valuable are the information on the description of the cities of Turkestan, Sayram, Sygnak, Aulie-Ata. Muhammad Salih, describing the above-mentioned cities, also mentions historical events relating to them, the names of their rulers, and the role of the above-mentioned cities in the political, economic and cultural life of the population of the region.

The composition «Khulasat al-Ahwal» («Summary of the circumstances [of life]») was written in 1866 in Tashkent by Abu Ubaidallah Muhammad ibn Sultan- khoja, known as Ishan-khoja kari Tashkandi. «Khulasat al-Ahwal» as a historical source contains numerous information on the history, economic and cultural life of the Khanate of Kokand, as well as facts from the life of historical personalities of that era. The essay contains valuable information about a major uprising of the Kazakhs in Aulie-Ata.

Kokand hand-written books [5] contain interesting factual data about the Kazakh tribes living in the territory of the Central Asian khanates, about the tribal composition of the Kazakh population of certain regions.

Among local authors on the history and culture of East Kazakhstan, special attention should be paid to the study of the works of Kurbangali Khalidi [6]. Khalidi was born in 1846 in the city of Ayaguz, located on the trade route connecting Semipalatinsk with Zhetysay region. According to his genealogy, the most ancient of his ancestors is Turkmen Baba. During the rule in Khiva of Abulgazi Bahadur Khan (1643-1663), Turkmen Baba left the khanate and arrived to settle down in the village of Sarda in the Kazan governorate. In Sarda

three sons of Turkmen Baba were born: Baymuratkul, Muhammad-Kadyrkul and Bikbau. Bikbau was the grandfather of Khalidi, who was the father of Kurbangali. Khalidi was a merchant and haji. Kurbangali Khalidi grew up in Ayaguz, where he received his primary education in the madrasah, his teacher was Shaykh al-Islam Akhand, the son of Muhammad-Sadyk, the son of Ismail. Later he continued his education in Semipalatinsk.

One of his teachers was Mulla Malik, the son of Muhammad-Rahim Shamaï. Mulla Malik served as the imam of the seventh mosque and taught at the madrasah at this mosque. According to the description of Kurbangali Khalidi, he was an educated person; he paid much attention to such subjects as history and geography. Mulla Malik had a great influence on the formation of Kurbangali Khalidi as a historian. Kurbangali Khalidi also attended the classes of Abd al-Jabbar, the son of Ubaidulah and Kamal al-Din, the son of Muhammad Rahim, held in the madrassas at the eighth mosque. Abd al-Jabbar was from the Chistopol district of the Kazan governorate and studied in Bukhara.

In 1871, Kurbangali Khalidi officially received the rank of Imam, and in 1874 was appointed as imam of the Tatar mosque in Chuguchak, the center of Tarbagatai district of Xinjiang. At the same time, he taught at the local Tatar madrasah and remained in the post of Imam until the end of his days until 1913. Kurbangali Khalidi witnessed how in 1874 Chinese troops captured the city when they suppressed the Dungan revolt there. In 1881, he became the chief judge (kazyi) for local Turkic Muslims. In 1897-1898, he made a hajj, traveling to Mecca from Chuguchak through Omsk, Moscow, Warsaw, Vienna, Budapest, Sofia, Istanbul and Syria.

The works of Kurbangali Khalidi were published. The first work was published in Kazan in 1889 under the name «Tarikh-i Jarida-yi Jadida» («The New Historical Notes»). The composition is devoted to the description of the pilgrimage to holy places, which he accomplished in 1885 from Chuguchak to Eastern Turkestan.

The second work of Kurbangali Khalidi «Tawarikh-i Khamsa-yi Sharqi» («The History of the Five Eastern (Nations)») was published in Kazan in 1910. To write this work, the author needed more than twenty years of dedicated work, careful collection of written and oral sources. Possessing Arabic, Persian and Turkish languages, Kurbangali Khalidi managed to attract a wide range of Eastern written sources for research. To collect the material, he specifically traveled to Kazakh auls, where he studied the public life and everyday life of the population on-site, talked with local residents. At his request, educated local residents provided him with information in written form on various issues that were interesting to him.

«Tawarikh-i Khamsa-yi Sharqi» is also of great interest, as a sample of the literary language, which was used in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. This work is written in the Turkic language with numerous inserts and sentences in Arabic, Persian and Turkish languages.

The work of Kurbangali Khalidi is of great importance for the study of questions of history, chronology and genealogy. Noteworthy are the separate chapters of the work devoted to the study of the problem of the ethno genesis of the Kazakh people. Kurbangali Khalidi gives a historical and comparative analysis of information from the genealogical and folk legends of Kazakhs with the information from eastern written sources. The special section contains original information from the life and activities of Kazakh rulers.

The sections devoted to the ethnography and ethnic history of the Kazakh people differs by exceptional details. From the author's information, it is necessary to highlight such data as the settlement of Kazakh tribes, the description of Kazakh customs, rituals and beliefs.

«Tawarikh-i Khamsa-yi Sharqi» is one of the valuable sources for studying the history of Kazakhstan's culture. Kurbangali Khalidi mentions the names of poets, quotes their poems, statements, and describes the historical era associated with their activities. Separate chapters of the book are devoted to the historical and comparative analysis of the Turkic languages, their mutual influences with Arabic and Persian languages. In «Tawarikh-i Khamsa-yi Sharqi» there are various materials on the lexicon of the Kazakh language, samples of oral folk art.

The work contains a wealth of geographic material, including information from travels of Kurbangali Khalidi. His notes on the history of cities, fortifications and large settlements were based, mainly on personal observations and impressions, in conversations with the local population with the use of information from written sources.

All his works testify to the profound knowledge and breadth of the author's interests. Kurbangali Khalidi subscribed for historical literature, magazines and newspapers published in Russia and Turkey. He was familiar and corresponded with the famous historians Riza al-Din, the son of Fakhr al-Din, the editor-in-chief of the journal «Shuro», and Ahmed Midhat, a Turkish scholar and educator.

Kurbangali Khalidi wrote another work, codenamed «Biographical Dictionary» of famous people of his time. The main attention is paid to the scientists and Sufis of Semipalatinsk and Chuguchak. It should be noted that Semipalatinsk was under the control of Tsarist Russia, and Chuguchak under the control of the Qing Empire. In the 19th century, Semipalatinsk became a religious center for receiving Muslim education in East Kazakhstan. Nine madrasahs were actively developing and operating here. The Muslim community of East Kazakhstan was poly-ethnic, the basis were Kazakhs, Sarts, Uzbeks, Shala-Kazakhs, Dungans, Tatars. The population of Semipalatinsk, basically, consisted of Muslims. This work is a valuable source for the spiritual culture of Kazakhs, oral stories that existed in the Kazakh Steppe, were preserved and used by Kurbangali Khalidi without any changes.

In the hand-written book «Muntakhab al-Tawarikh» («Extracting from Stories») Haji Muhammad Hakim-khan (1803-1845), a well-known historian, writer, geographer, traveler and educator, the events are described that took place in East Kazakhstan. «Muntakhab al-Tawarikh» is the most important source on the history of Kazakhstan and Central Asia of the 19th century [7]. The author describes in detail the events that took place in the Khanates of Bukhara, Kokand, and Khiva, Afghanistan. The essay contains detailed information on the travels of Hakim-khan, lasting for seven years.

The city of Shamai (Semey) was the first city during the travel of Khakim-khan through regions that were subordinate to Russia. As Hakim-khan writes, from Shamai to Omsk there were four days of the travel. The city of Semipalatinsk was built by Colonel Stupin in 1718. However, the city, built on the bank of the Irtysh, was repeatedly flooded. Therefore, the city was gradually moved away from the river. Since 1745, the city of Semipalatinsk became part of the Siberian governorate, and since 1782 the city received the status of a district town. In the city on both sides of the river there were customs houses and trading houses. Here, merchants from Central Asia were engaged in trading operations. In 1822, the city of Semipalatinsk entered the newly formed Omsk governorate. The travelers were impressed by the beautiful layout of the city and the wide streets. Hakim-khan was especially astonished by houses, skillfully built of wood. He especially notes the cleanliness and order in these houses, draws attention to the fact that they have windows with large glasses inserted in them.

It should be noted that the Arabic-script handwritten books are important sources on the historical geography of Kazakhstan. According to sources, one can form an idea of the boundaries of Desht-i Qipchaq, its population and the peculiarities of its climate. The information from sources about the Caspian and Aral Seas, information on mineral resources are unique.

Creative investigation of the rich written legacy of the past centuries has an important role in studying the history of spiritual culture of the Kazakhs. Manuscripts in the Persian and Chagatai languages have occupied a special place among other written sources related to Kazakh history. They contain important information regarding different aspects of history of spiritual culture of Kazakhs.

Narrative works describe activities of the Kazakhs who belonged to the Central Asian Sufi orders of Yassaviyah, Kubraviyah, and Naqshbandiyah. Yassaviyah is one of the earliest Sufi tarikats which was founded by Ahmed Yasavi (1041-1167), whose name is linked to the spreading of Islam to the Turkic nomadic environment. Hagiographic manuscripts enumerate

such successors of Ahmed Yasavi as Mansur Ata, Abd al-Malik Khoja, Taj Khoja, Sayyid Ata, Sufi Muhammad Danishmand Ata, Hakim Ata, Zengi Ata, Uzun Hasan Ata, Ismail Ata, Ushak Ata, Sadr Ata, and Almumin Baba.

From the very beginning Sufism had unified the Arab-Muslim culture with the local culture of Central Asia, and thereafter skillfully adapted to culture and traditions of local population. Partially preserving pre-Islamic beliefs under the Muslim banner, the Sufi achieved their goal – spread of Islam’s influence.

The narrative works in the Persian and Chagatai languages reveal Islam’s increasing influence upon the spiritual development of nomadic society. They contain an unusual insight into relations of secular and clerical leaders. They reveal the increasing role of the clergy in cultural and political life of nomads.

Central Asian historical and hagiographic writings contain valuable information on the sacral geography of Kazakhstan. For example, in the historical work of Sharaf al-Din ‘Ali Yazdi «Zafar-name», the construction of the mausoleum of the Khoja Ahmed Yasavi, which together with other sacred places «form the skeleton of our national identity», is colorfully described.

It is said in the work «Zafar-name» that after visiting city of Yasi for the pilgrimage to the tomb of Shaykh Ahmed Yasavi, there was the highest decree of Amir Timur (1370-1405) «to build the highest building over this sacred mazar: its dome must be build in such a way that the inner side in circumference will be one hundred thirty ghaz. Thus, in diameter it must be about forty one ghaz. After the construction, the building must have an appropriate height, the walls and the dome must be decorated with colored tiles, doors should be made of an alloy of seven different metals, in the middle must be built huwz, its surface also must be covered by the alloy of seven metals. Marble stone must be brought from Tabriz and settled on the grave and must be skillfully handled and decorated with unusual carvings. Assign responsibility for the completion of construction on the Mawlana ‘Ubaydullah Sadr. In accordance with this order the construction must been completed within one year» [8].

Represent certain interest and information hagiographic works, narrating about the life of Saints, cult places and sacred objects [2; 9]. The Arabic-script manuscripts contain information about medieval towns that were cultural and spiritual centers of medieval Kazakhstan, its important role in spreading Islam among the nomadic population and the names of Muslim scholars who worked in these cities.

For example, Sayram, a medieval Southern Kazakhstan city, was located on the Great Silk Way. It had three names: Madinat al-Bayda, Isfijab and Sayram. The first name was Arabic. Up to the 13th century the city had been known as Isfijab. Some Oriental sources call it Ispidjab. The city’s area of influence covered the whole cultural area of Arys River and its tributaries and reached the Talas valley to the east. Sayram was the capital city of the district that included such well-known medieval cities as Taraz, Farab, Kulan, Suyab, Shavgar, Sauran, Sygnak, Yangikent.





During more than a thousand years of its existence the city of Sayram had been not only a prominent trade centre, but also served as an important strategic point in Central Asia. Sayram was the border city of Samanid dynasty and, just as every other fortified Muslim city, was made up of a citadel, shakhristan (the city itself) and rabat (suburbs). Both shakhristan and rabat were surrounded by walls, had four gates and a number of bazaars, among which was the popular cotton fabrics bazaar.

Akhmed ibn Iakhya ibn Jabir al-Balazuri was the first to write about Isfijab’s Turks and the Arabic conquest of the region in his manuscript «Futukh al-Buldan». Al-Balazuri’s reports are very important in the history of Kara-Khanid Khanate (840 – 1212). According to Kara-Khanid sources, the first ruler of the dynasty, Bilge Kul Kadyr Kagan was engaged in a war with one of the Samanid amirs. According to al-Balazuri, that amir was Nuh ibn Asad (who died in 842). In 840 Nuh ibn Asad launched an attack on against Turks and, having captured Isfijab, surrounded it with a wall that encircled vineyards and farmland. He

appointed a ruler from the local nobility, who established a dynasty of his own. Isfijab was the only city in Transoxania upon which kharaj tax was not levied.

Yaqut ibn Abdullah al-Rumi al-Hamawi wrote in his encyclopedia «Mu'jam al-Buldan» in 1224 that Isfijab was a large city in Transoxania, bordering on Turkistan that had its own district, villages and towns with fertile lands, lots of trees and gardens and irrigation water. One could not reach Transoxania or Khorasan without passing through the border area of Isfijab. That was the reason it did not have to pay taxes. Instead, the money was spent on arms and city improvements.

One of the remaining ancient memorials in Sayram is the citadel that, according to Arabic sources, was in ruins in as early as the 10th century. The citadel is located in the center of Sayram and is a rectangle with long sides facing north and south. There are remains of an old fortress surrounded by a wide moat and earthen walls. The Karaul-Tepe hill towers in the east, with a path to a cavern, now is non-existent, which was going from its top. There are a number of other caverns in Sayram, including the one under Khyzra mosque which is believed to have been a site for prayers.



There are many sacred places in Sayram, although only small heaps of rocks remain in the place of some. Others have been rebuilt. Amir Timur ordered an obelisk to be built at the burial site of Sayyid Khoja-khan Ata, the son of Auliya Ata. Later amir Nauruz Barak Khan built a new stone obelisk that survived to present days.

All the existing mausoleums deserve special attention as reminders of prominent people of different ages, such as Hazrat Abd al-Aziz Baba – one of the first to convert into Islam, Hazrat Sayyid Badr al-Din Ispijabi, Hazrat Mawlana Lutfallakh Sayrami, also known as Baba-yi Mashvarat. He was a student of Hazrat Qazi Bayzavi (died in 1292) and wrote seven books on tafsira, fikh, usul and tarikat.

For many centuries Sayram played a huge role in the spiritual life of the North-Eastern Turkistan. The city, located at the border between settled and nomadic cultures never joined either, but was influenced by both.

Abu Sa'd 'Abd al-Karim ibn Muhammad al-Samani (1113-1167) wrote in his «Kitab al-Ansab» that Isfijab was home to many famous scientists and khadis scholars. He notes Abu 'Ali al-Hasan ibn Mansur ibn 'Abdallah ibn Ahmed al-Mu'addib al-Mukri' al-Isfijabi, who passed on khadis recorded from al-Khasan ibn Ali al-Maydani al-Samarkandi and Muhammad ibn Yusuf al-Samarkandi.

Out of Sayram came Akhmed Yasavi, and his parents and close relatives are buried there. Yasavi is credited with spreading Islam among the Turkic nomads. His teachers included Arslan Bab, Khyzr, Shihab al-Din Sukhravardi and Abu Yusuf Khamadani.

Among all manuscripts that describe the spread of Islam among nomads the one that deserves a special note is the text named «Tazkira-yi Uwaisiya» that is listed in the Bodleian Library under the code Pers. 54. A detailed study of this text by an unknown author and its translation into Kazakh would help us learn more about the activities of Uwaisiya Saints, many of whom were born in Sayram.

Their leader, Khoja Muhammad Sharif, who also came from Sayram, was very popular among the people of Kashgar in the 16th century, led the Uwaisiya order and had the title of Hazrat the Great Khoja. His life is covered in the text by unknown author named «Tazkira-yi Khoja Muhammad Sharif». He was a spiritual mentor and an advisor to Chagatai ruler Abd al-Rashid Khan. He lived in Yarkend and died there in 1565. The Saint was buried in Besh-Arik, near Yarkend.

Some texts have unique references to Nakshbandiya, Yasaviya and Kubraviya tarikats who lived in Central Asia and promoted their teachings among nomadic Kazakhs and Kyrgyz. Certain texts are biographies of Jakhriya-yi Sultaniya tarikat that worked in Turkistan and nearby nomadic areas and contain unique information important for assessing the role of their Saints in the political life of Central Asia.

References

1. Nazarbayev N.A. Vzglyad v budushcheye: modernizatsiya obshchestvennogo soznaniya. Ofitsial'nyy sayt Prezidenta Respubliki Kazakhstan, 12 Aprelya 2017. // www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy_gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (Date of access: 19.04.2017) (Nazarbayev N.A. Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity. Official site of the president of the Republic of Kazakhstan, April 12, 2017)
2. Tulibayeva Zh.M. Persoyazychnyye istochniki po istorii kazakhov i Kazakhstana XIII – XIX vv. – Astana: ENU im. L.N. Gumileva, 2006. – 256 s. (Tulibayeva Zh.M. Persian-language sources on the history of Kazakhs and Kazakhstan of 13th – 19th centuries. – Astana: L.N. Gumilev ENU, 2006. - 256 p.)
3. Arabograficheskiye istochniki po istorii Kazakhstana: Fond Instituta vostokovedeniya Akademiinavk Respubliki Uzbekistan. Astana: Izdatel'stvo Natsional'nogo tsentra arkhografii i istochnikovedeniya, 2013. – 154 s. (Arabic-script sources on the history of Kazakhstan: The Fund of the Institute of Oriental Studies of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. Astana: Publishing house of the National Center of Archeography and Source Studies, 2013. - 154 p.)
4. Tulibayeva Zh.M. The Khivan sources on the history of Kazakhs and Kazakhstan. – Otan Tarihy, 2015. – No. 4. – P.110-116.
5. Beysembiyev T.K. Kokandskaya istoriografiya. Issledovaniye po istochnikovedeniyu

Sredney Azii XVIII – XIX vv. – Almaty: Print-S, 2009. – 1263 s. (Beisembiev T.K. Kokand historiography. Research on the source study of Central Asia of the 18th – 19th centuries. – Almaty: Print-S, 2009. - 1263 p.)

6. Tulibayeva Zh.M. Sochineniya Kurbangali Khalidi kak istochnik po istorii i dukhovnoy kul'ture kazakhov Yugo-Zapadnogo Altaya. Arheografiya zhane derektanu ulttyk ortalygynyn Khabarlary. – Astana, 2014. – No. 1. – S. 32-41. (Tulibaeva Zh.M. Kurbangali Khalidi's works as a source on the history and spiritual culture of the Kazakhs of the South-Western Altai)

7. Muhammad Hakim Khan. Muntakhab al-Tawarikh. Selected History. – Tokyo: Research Institute for Languages and Cultures of Asia and Africa, 2006. –Vol. 2. – 716 p.

8. Sharaf ad-Din Ali Yazdi. Zafar-name. Podgotovka k pechati, predisloviye, primechaniya i ukazateli A.Urunbayeva. – Tashkent: “Fan”, 1972. – L. 294a. (Sharaf al-Din Ali Yazdi. Zafar-name. Preparation for publishing, foreword, notes and indexes of Urunbaev.A. – Tashkent: “Fan”, 1972. – F. 294a.)

9. Traktat o Sayrame. – Astana: Izdatel'stvo Natsional'nogo tsentra arheografii i istochnikovedeniya, 2007. – 59 s. (Tractate on Sayram. - Astana: Publishing house of the National Center of Archeography and Source Studies, 2007. – 59 p.)

Ж.М. Төлебаева¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д.
Алматы қ, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛКЕТАНУ МЕН КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ АРАБОГРАФИЯЛЫҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДА

Түйін

Мақалада «Туған жер» және «Қазақстанның рухани қасиетті жерлері» («Қазақстанның киелі географиясы») атты бағдарламалар бойынша Қазақстанның тарихи қасиетті орындары туралы, оларға байланысты аса қызықты фактілер мен оқиғаларды сипаттайтын кейбір арабографиялық қолжазбалар зерттеледі. Көне заманнан бастап қазіргі заманға дейін жеке қалаларымыз бен аймақтардың тарихынан саналуан және маңызды мағлұматтары бар арабографиялық жәдігерлердің басым көпшілігі әлі де зерттелмей отырғандығы көтеріледі.

Түйінді сөздер: Қазақстан тарихы, Қазақстан киелі географиясы, арабографиялық деректемелер, рухани қазына.

Тулибаева Ж.М.¹

¹Главный научный сотрудник Института истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, д.и.н.
г. Алматы, Казахстан

КРАЕВЕДЕНИЕ И САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА В АРАБОГРАФИЧЕСКИХ РУКОПИСЯХ

Резюме

В рамках практической реализации программы «Туған жер» и программы «Духовные святыни Казахстана» («Сакральная география Казахстана») были рассмотрены некоторые арабографические источники, содержащие сведения о сакральных исторических местах Казахстана, описывающие наиболее интересные факты и события, связанные с ними. Большая часть арабографических памятников, которые содержат разнообразные и значительные сведения по истории отдельных наших городов и регионов с древних веков вплоть до Новейшего времени, всё ещё остаются не исследованными.

Ключевые слова: История Казахстана, Сакральная география Казахстана, арабографические источники, духовные ценности.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА В ПОТОКЕ ИСТОРИИ IN THE STREAM OF HISTORY

ӘОЖ 950(574:571.1) «12/17»

Ф.М. ШАМШИДЕНОВА¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, т.ғ.к.
Алматы қ, Қазақстан

ТОБЫЛДЫҢ ТӨМЕНГІ БОЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Мақалада Тобылдың төменгі бойын мекендеген найман, меркіт, онғұт (уақ) тайпаларына сипаттама жасалған. Автор қытай, моңғол, орыс, түркі деректері негізінде олардың орналасуы, әкімшілігі, діни наным-сенімдері, саяси тарихына талдау жасайды.

Этимологияларға түсіндірме беріп, уақ тайпаларының шекарадағы әскери тапсырмаларды орындап отырғанын айқындап, уақтардың билеушісі Алақұс тегіннің тарихи тұлғасын көрсеткен. Наймандардың шаруашылығына, меркіттердің саяси тарихына салыстырмалы талдау жасап, 1182 жылы моңғолдардың меркіттермен соғысқанын, 1208 ж. оларды Ырғыз аңғарына дейін қуып, ол жердегі құмандармен бірігіп моңғолдарға қарсы тұрған. Мақалада династиялық некелердің елшілік байланыстағы орны көрсетілген.

Түйін сөздер: тайпа, соғыс, моңғол, гурхан, көш-қон, дін, мөр.

Тобылдың төменгі бойын түркі тайпалары мекендегені туралы тарихи деректерді саралай отырып, дәйекті түрде көрсету біздің ғылымдағы міндетіміз деп санаған жөн. Тобылдың төменгі бойын найман, меркіт, онғұт (уақ) тайпалары мекендеген.

Наймандар туралы алғашқы мәлімет VIII ғасырдағы деректерде Байкал көлінің оңтүстігіне қарайғы жерлерде мекендегендері туралы жазылған. IX ғасырдың ортасына қарай найман тайпалары Орхоннан Тарим және Қара Ертіс өлкесіне көшіп келген. VII ғасырға қарай наймандарда ұлыс құру ахуалы пісіп жетіліп, нәтижесінде хан басқарған дербес мемлекет құрылды. Жаңадан құрылған конфедерацияның құрамына мына сегіз тайпа енген: найман, татар, хатагин, салжиут, мергіт, дербет, ыбрат, тайжиут.

Лев Гумилевтің өзі наймандарды моңғолша сөйлейтін түркі тілдес халық деп есептеді [1, 142-б.]. IX-XII ғғ. Найман ұлысы Моңғол үстіртінде болып, «Найман» деген терминнің өзі моңғолша болғандықтан моңғолға жатқызып жатады. Бұл кезде Алтайдан Инь Шаньға дейінгі аралықта орналасқан елдің шекарасы болмағандықтан көшпелі халық еркін түрде орын ауыстырып қоныстанып жүрді. Түркі тайпаларының бір бөлігі біздің жыл санауымыздан әлдеқайда бұрын батыстан шығысқа, ал біздің заманымыздың VII-VIII ғасырлар аралығында қайтып шығыстан батысқа жосыды [1, 53-б.]. Осы кезде көптеген түркі тайпалары Моңғол үстіртінде қалып қояды. Соның ішінде наймандар да болған. Байқап қарасақ, наймандар моңғолдардан бұрын өз ұлысын құрып Алтайдағы түркі топтарының қатарында болған, сондықтан географиялық орналасуына қарай ұлтын анықтау мүмкін емес, алғашқы кезде олар «найман» деп аталмаған. Көптеген тайпалар «басмылдар» деп аталып, трансэтностық жағдайда өмір сүрді [2, 53-б.].

Қидандардың Ляо династиясы кезінде жазылған «Ляо-ши» дерегінде «найман» атауы айтылады. Моңғолдың Юань династиясы кезінде Ляо тарихы толығымен құрастырылып бітеді. Ол 110 цзюаньнан (бөлімнен) тұрады [3, 15-б.]. Осы Ляо династиясы кезінде сегіз оғыз тайпаларының одағы, яғни найман тайпалары өмір

сүрген найман тайпаларының одағы XII ғ. бірінші жартысында Елюй Дашы бастаған кидандардың Жетісу жеріне кетуіне байланысты айтылады [2, 46-б.]. X ғасырдың соңында Солтүстік Қытай, Тангут, Моңғол территориясындағы барлық тайпалар Қиданға бағынған кезде «найман» атауы пайда болған, ал IX ғасырдағы тарихи жазбаларда сегіз оғыздар жөнінде айтыла қоймайды. Қазір ойраттар мекендеген Сегіз өзен бұрын наймандардың мекені болғандықтан, «найман» атауы «сегіз» немесе «Сегіз өзен елі» деген мағына береді [2, 65-б.].

X-XII ғасырда наймандар Ляо империясына вассалды тәуелділікте болып, оның батыс аймағында, яғни Шығыс Қазақстан мен Батыс Моңғолияның жерлерінде өмір сүрген. Жетісуда Қарақытай мемлекеті құрылғаннан кейін найман иеліктері солардың жерімен көршілес болған. Рашид-ад-Дин наймандарды көшпелі тайпалар екенін сипаттай отырып, олардың бір бөлігі таулы жерде қоныстанса, енді біреулері қыратты жерлерде қоныстанғанын жазған [4, 136-б.].

Халық бір-біріне жақын тұрғандықтан қандай да бір дәрежеде бір-біріне ықпал етеді, басқа мәдениетті, дәстүрді қабылдайды, кейде тіпті басканың ықпалына түсіп, ассимиляцияланады. Этникалық ерекшеліктердің біртіндеп араласуы, тіпті ассимиляция үрдісінде нақты грация болады. Өтпелі формалардың көпшілігін шекаралық аудандары толтырады. Этникалық белгілердің араласуы кейде тіпті кең болғандықтан, шекараға жақын жатқан қай халыққа нақты топ жатқанын анықтау қиынға соғады.

«Этникалық шекара» деген термин тек XIX ғ. аяғында кең тарады. Белгілі славян этнографы, археолог, лингвист Любор Нидерле осы термин арқылы жинақталып орналасқан халықтың облыс шекарасын түсінді [5, 16-б.]. Ол этнолингвистикалық топтардың таралу шекарасын жаппай бір ұлт жайғасқан территория шекарасы болған тар шекарадан айырмашылығын көрсетті. Бұл бөлудің негізінде қандай да бір территориядағы нақты халықтың саны мен алатын орны жатты.

Нидерле этникалық шекараларды тілге байланысты бөлді, өйткені тіл бірден көзге түседі, ол халықты жақындастырады не алыстатады. Кейбір этногеографтар терминологияға мән бермеген, шекара линиясын анықтауда нақты болған жоқ. Мысалы, Киппен, Риттих (1885), Галкин (1876).

Деректерге қарағанда, XI ғасырда наймандар шығыстан батысқа қарай Селенге және Орхон өзендерінің жоғарғы ағыстарынан Тарбағатайға, солтүстіктен оңтүстік шығысында Танну-Олдан Алтай тауларының шығыс сілемдеріне дейінгі аумақты алып жатқан. Наймандардың батысында Ертіс өзендерінің алқаптарын мекендеген қаңлылар, Солтүстік Ертіс-Енисей өзендерінің аралығында қоныстанған қырғыздар, шығысында керейттер мен меркіттер көршілес орналасқан. Олардың әрқайсысымен қарым-қатынас жасап, тығыз байланыс орнатқан.

Ә. Марғұлан археолог ретінде наймандардың қалалары жөніндегі мәліметтерді ұтымды жүйеледі. Наймандардың қыстаулары Ертістің бас жағында, Алтайда, Шыңғыстауды, Қаракорымда, Ақ Ертіс, Қара Ертіс, Көк Ертіс бойында болған [6, 139-б.]. Найман қалаларын Марғұлан Рашиден мен Марко Поло еңбектері бойынша талдаған. Найманның әскері Он ханды Исақ Моңғол Алтайда тұрған орталық қаланың түбіндегі Некен – усун қыстағында атып өлтіреді, ал екінші астана қалалары Бөріқатар өзен бойында орналасқан Хара – Хото қаласы болды [6, 139-б.]. Моңғол дәуіріндегі наймандардың қирап қалған Оңтүстік Алтайдағы қаласының бірі – Ақбалық. Сұлтандар мен бектер осы Оңтүстік Алтай іргесіне келіп, аң аулайтын жердің шеті осы [6, 139-б.]. Наймандардың тағы бір қирап қалған қаласы Шамбалық Шам өзені бойында, Ертіске таяу жерде орналасқан, ал Найман – Сум қаласы Найман ұлысының әкімшілік орталығы болған [6, 140-б.]. Бұл қаланың күйреген орнын дүнгендер басып алған. Жоңғар тауының төңірегінде несториан ықпалымен Тарса-Кент қаласы салынған. Сөзак қаласына таяу жердегі ол қала орнының қалдығы «Тарса-Төбе» деп аталады. Ол Қаратаудың теріскейінде сақталған, ал Қиялық болса наймандардың

Алакөлге жақын орналасқан қаласы еді [6, 140-б.]. Наймандардың орналасу жағдайын Ховорс та жазған [7].

Ә. Марғұланның осы тайпалар жөнінде ғылыми түрде жүйелеп салыстырмалы талдау жасаған дүниесі – олардың жазулары еді. Моңғол дәуірінің алдында жазуды қадірлеген тайпаларға Ә. Марғұлан наймандар мен керейлерді жатқызады [6, 136-б.]. Мұхаммед Ұндышақ, М. Қашғари, В. Бартольд, И.Н. Березин және әйгілі бітікшілердің жазуға байланысты ой-тұжырымдарын ұтымды түрде теріп алып, өзінің ғылыми пікірі мен топшылауларын жасаған. Аталмыш тайпалардың ішінде наймандардың жазу мәдениеті өте ертеден басталғанын ескеру қажет. Олар соғда-түрік жазуынан кейін ойғыр жазуын пайдаланған. Абакан өзені бойынан Орхон жазуы табылған, ал ол ертедегі түркі үрдісімен Билге (Бұқа хан) ханның өмірбаянын суреттейді [2, 68-б.]. XII ғасырда Найман ұлысында әдеттегі құқық қолданып, іс қағаздары мен құжаттар ойғыр жазуында жүргізілген [2, 68-б.]. Мұхаммед Ұндышақтың айтуынша, Алтын Орда тұсында әр тайпаның адамдары ойғыр жазуын, кейіннен араб жазуын білуге міндетті болған [6, 136-б.]. В.В. Бартольд Сахрада тұратындар араб жазуынан гөрі ойғыр жазуына ерекше ден қойған. XIV-XVIII ғғ. хандардың сарайында бітікші абыздары болғанын сол кездегі тарихи құжаттар толығымен дәлелдейді. Ә. Марғұлан осы құжаттардың біраз тізбегін көрсете отырып, қазақша әдемі жазылған хаттың бірі Найман елін басқаратын Әбілпейіс Әбілмәмбет ұлының хатын атай отырып, онда Семей мен Аягөзде сауда ісін күшейтіп, халықтың мұқтаждық ісін жоғары көтеруді сұрағаны айтылған, ал мұндай білгіштердің ойларының кейбір нұсқалары И.Н. Березин хрестоматиясына енген дейді [6, 136-б.]. Оның ішінде Найман басшыларының Омбыға жазған хаттары да бар. Атақты бітікшілер Алтай мен Ертіске қоныстанған наймандар мен керейлер ортасында да көп болған. Әлишер Навоидің өзі бітікші әдемі жазатын бақсылардың ішінде наймандар мен керейлердің болғанын көрсетеді [6, 137-б.].

Найман ұлысында және ордада мемлекетке қызмет ететін адамдар - шербилер, іс қағаздарын жүргізіп отырған қызмет адамдары еңбек еткен. Іс қағаздары ұйғыр жазуымен жазылып, ханның мөрімен бекітіліп отырған. Осылайша наймандардың тайпалық бірлестігі өзінің ішкі әлеуметтік байланыстары жағынан күрделі болып, көп жағдайда қатты мемлекет құрудың алғышарттарын дайындап берді. Мұндай мемлекеттік құрылымның жүйесін Шыңғыс хан барлық түркі және моңғол тектес тайпаларды біріктіруде өзі де ұстанды. Себебі, наймандарда мемлекеттің орталықтанған түрі өмір сүрді. Дегенмен отырықшы халықтардың құрылымдарымен салыстырғанда, оның елеулі айырмашылығы бар еді. Қалай десек те Найман ұлысы мемлекеттің бастапқы типіне жатағын.

Найман ұлысының шаруашылық жағдайына келетін болсақ, олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Сондықтан найман тайпалары жыл бойы бірнеше рет бір жерден екінші жерге мал жайылымы үшін көшіп отыруға мәжбүр болған. Көшу ұзақтығы жергілікті жердің ерекшеліктеріне және мал санына байланысты өзгеріп отырған. Қыс айларына жем-шөп әзірлемегендіктен көшіп-қону бағыттарын реттеп, қысты күндері малға шөбін оңай тауып жейтін, қар жұқа түсетін аймақтар таңдап алынды. Көшіп-қону мен тұрақтар мал табынының құрамына, жылқы мен қойға бірдей тиімді жайылымдарға тәуелді, соларға байланысты болды.

Зерттеуші С. Козин ашып көрсеткендей көшпелі наймандарды: «...жыл бойы көшіп жүреміз бе? Жылқышыларға жеткілікті жайылым бола ма, әлде өзен жағасына тұрақтанамыз ба? Онда қойшылар жайлы, шүйгін алқаптарды таба ала ма?», - деген тіршілік қамының сауалдары жиі ойландырған [8, 106-б.]. Шаруашылықта қойлардың саны артқан сайын тайпалар жиі көшіп-қонып отырған.

Тарихи деректерде наймандарда көшіп-қонудың екі түрі болғаны айтылады. Бірінші түрі - үлкен топпен көшу, екіншісі - жекелеген отбасыларының өзгелерден бөлініп, аз ғана бірлестік түрінде көшу. Көшпелілер арасында қырқыстардың жиі болып тұруына байланысты оқшауланып, шағын топ түрінде көшу мүмкін емес еді.

Сондықтан үлкен топтарды шағын бөлшектерге бөліп көшіру орын алған. Мал иелері үлкен топтармен көшіп, солармен бірге өмір сүріп, табындарын бөлек ұстанған.

Найман тайпаларының табындарында Рашид-ад-Диннің мәліметтері бойынша жылқы көп өсірілген. Жылқы көшпелі халық үшін көлік, әскерге серік, аңшылыққа жүйрік болып саналды. «Моңғолдың құпия шежіресінде» наймандардың жылқы табындары туралы жазылған. Мүйізді ірі қара мал да көшіп-қонудағы көлік ретінде пайдаланылған. Олар арбалардағы үйлерді тасу үшін жегілген. Қойды ет, тері, жүн үшін ұстаған. Хан ордасында мал шаруашылығының салаларын білетін арнайы адамдар қызмет еткен. Күз айларының соңында, қыстың басында азыққа ет дайындап қойларды сойып, төрт тағанымен қоса қатырып алған. Қысқа ет дайындаудың осындай түрі қазіргі кезде Шығыс, Солтүстік Шығыс Қазқстан аймақтарында өмір сүретін қазақтарда сақталып қалған. Өкінішке орай, найман тайпаларындағы қойдың нақты саны туралы деректерде айтылмайды. Үй жануарларының еті күнделікті тағамға пайдаланылған, оны тек пісіріп қана қоймай, қуырып та жеген. Азық-түліктің негізгілері болып сүт тағамдары саналды. Малды әйелдермен қатар ерлер де сауа берген.

Найман тайпалары бір ғана көшпелі мал шаруашылығымен шектелмей, аңшылықпен айналысып, аң-құс атып, балық аулаған. Саяхатшы, жаһангер Рубрук: «Итак, охотой они добывают себе значительную часть своего пропитания», - деп жазған [9, 69-б.]. Наймандарда аңшылықтың екі түрі дамыған: жеке дара және қоғамдық. Бүркітпен аң аулау тайпа өкілдерінің қызықтау, демалудың түріне жатты. Аңшылық ләззат алудың шырқау шегі болды. Деректерде тазы итпен жасалатын аңшылық жайында жиі айтылады. Мұның өзі найман тәрізді көшпелілердің аңшы болғандығынан хабар береді.

Наймандардың баспаналарына келетін болсақ, наймандар тез жиналып, жылдам тігілетін киіз үйлерде тұрды. Сондай-ақ, дөңгелекті арбалардың үстінде киіз үйлер тігіліп, олар бір жерден екінші жерге өгіздердің күшімен әкелініп отырған. Рубрук өзінің жол жазбаларында осы дөңгелекті арбаларды сипаттап, олар жөнінде көп жазды. Арбалар үйлерді жылжытуда, сондай-ақ, жүк тасуда пайдаланылды. Кезінде өзін дөңгелекті арба теңестіре отырып Шыңғыс хан Ван ханға былай жеткізуді бұйырған: «Мы с тобой, что две оглобли и кибитки, когда сломается одна, быку не сvezти кибитки, мы с тобой «что две колеса у кибитки» сломается, одной ей не сдвинуться» [9, 70-б.]. Демек, дөңгелекті арбалардың көшпелі наймандардың күнделікті тұрмысы мен шаруашылығы үшін аса қажетті құрал болғандығы айқын байқалады. Дөңгелекті арбалар сегіз-оғыз тайпаларының шаруашылығының дамығандығын, әлеуметтік қатынастардың жетілгендігін дәлелдейді.

XI-XII ғасырдың бас кезінде наймандар белгілі бір бағыттар мен жолдар бойынша көшіп-қонған. Бұл жайында өз кезегінде Рубрук былай деп баса айтқан: «... у кочевников всякий начальник знает, смотря по тому, имеет ли он под своей властью большее или меньшее количество людей, границы своих постбищ, а также, где он должен пасти свои стада зимою, летом, весною и осенью. Помимо этого, им приходилась заботиться еще и о местах для охоты, особенно для облавной» [9, 71-б.].

Наймандар сонымен қатар әр түрлі үй кәсіпшілігін дамытып, көшпелі шаруашылыққа қажетті бұйымдарды, еңбек құралдарын дайындады. Киіз басып, белдік, айыл-тұрман, киіз үйдің кереге, уықтарын, күйме, арба, ыдыс-аяқ жасады. Әсіресе, жаугершілік жорықтар әрі көшпелі мал шаруашылығы үшін ер тоқым, ат әбзелдерін, садақ пен оғын, найза және тағы басқа қару-жарақ дайындады.

«Юань-шидің» 149-цзюаньінде батыс қидандармен Шыңғыс ханның әскерлері шайқасқаны айтылса, ал Күшлік пен моңғол қолбасшысы Жебенің қақтығысын тек Әбілғазы ғана «Түрік шежіресінде» жазады. Плано Карпини «екі таудың арасында тар аңғарда» шайқас болып, моңғолдар мен қара қидандарды ойсырата жеңгенін айтады. В.В. Бартольд болса Плано Карпини мәліметтерінің ақиқаттығына күмән келтіріп, яғни моңғол жаулаулары жөнінде онда нақты емес, шалағай мәліметтер көп

деп есептеп, сондықтан біз ұрыс даласы қайда болғанын білмейміз дейді [10, 469-470 бб.]. В. Бартольдтың пікірінше, Әбілғазы Рашиденнің мәтінін дұрыс түсінбеген, яғни моңғолдар шайқасты бастамастан бұрын Күшлік қашып кетеді [10, 469-470 б-б.]. Батыс қидан қалалары моңғолдарға бірден берілмеген, қақпаны тек Хасымай Күшліктің басын көрсеткеннен кейін ғана ашқан. «Юань-ши» бойынша қара қидандардың 30 мыңдық армиясын 1214 жылы талқандаған, ал «Синь юань шиде» оны 1219 жыл деп жазған [11, 23-б.].

Шихаб ад-Дин Мухаммад ибн Ахмад ан-Нисавидің «Сират ас-султан Жалел ад-Дин Манкубирти» («Сұлтан Жәлел-ад-дин Манкубиртидің өмірінің сипаттамасы») деген еңбегінде найман патшазадасы Күшліктің қызметіне қатысты фактілер баяндалады. Нисавидің бұл шығармасы француз және орыс тілдеріне аударылған [12]. Автор тарихи оқиғалардан гөрі дипломатиялық қарым-қатынасты, әкімшілік жұмыстарды баяндайды.

Наймандардың көсемі Күшлік Қидан мемлекетінде бүлік жасаған. Батыс Қидандар мемлекетіне қидандар қалай келген деген сұрақ осы жерде заңды түрде туады. 1203 ж. күзде Жеджээр қаласында (Толы мен Керулен аралығында) керейтер талқандалып, олардың көсемі Ван хан шекарадағы найман қарауылымен кездескенде өледі [8, 141-б.]. Керейтердің қалдықтары Хотанға дейін жеткен. 1203-1204 жж. қыста моңғол тайпаларымен билік үшін күрестегі Темучиннің соңғы ірі қарсыласы найман тайпалық одағының көсемі Таян хан Жамуха бастаған жаджираттарды, наймандарды, татар, керейт, добран, катакин, салджуиттер, ойраттар мен Тохтоа-бек бастаған меркіттердің күшін жинайды. Таян хан бастаған қол 50-55 мың адамға жетеді, ал Темучин оған қарсы 45 мыңдық атты әскерімен шығады. Әрине, Таян-хан тәжірибелі де ұйымдасқан моңғол қолынан сескенеді, бірақ өзінің ұлы Күшліктің табандылығымен шайқасуға бел байлайды. Г. Е. Грумм-Гржимайлоның айтуынша бұл шайқас 1204 ж. болған [13, 177-б.]. Наймандар жеңіліп, жараланған Таян-хан келесі күні қайтыс болады. Күшлік Алтайға қашып, ағасы Бұйрықтың қолына барып тығылады. Осылайша оның батысқа жолы басталып, ақыры, Шу өзені бойына келіп тоқтап, Күшлік өз әкесінің ісін жалғастырмақшы болып, Шыңғыс ханмен қарсы күресте моңғол тайпаларын топтастыруға тырысады. Алайда Моңғолияның шетіне қуылып, Си Ляо мемлекетіне тап болады. Д'Осонның есептеуінше ол Бешбалық пен Кучу арқылы қашқан [14, 109-110-бб.].

Күшліктің Батыс Ляо мемлекетіне қалай келгені жөнінде Жувейни екі аңызды айтады. Оның бірінде Күшлік гурханға өз еркімен келсе, екіншісінде қидан әскерлері оны тұтқынға алған. Екінші аңыз Рашиденде қосалқы түрде дәлелденеді, яғни Күшлік гурханның ордасына келгенде жақын адамдарының бірін Күшлік деп, ал өзін ат айдаушы (Куталчи) ретінде көрсетіп, босағада отырады да, Күшлік болған кісі гурханның алдына барады. Гурбасу (гурханның әйелі) шығып Күшлікті көріп «Неге оны ішке кіргізбедіңдер?», – деп сұрайды. Осыдан кейін оны ішке кіргізгенмен гурханның эмирлері ренжиді. Гурбасу гурханның бәйбішесі болған, одан туған Кунку деген қызы бірден Күшлікке ғашық болады. Үш күн өткеннен кейін оған қызды береді. Кунку өктем қыз болғандықтан оған буктак кигізгенін жаратпайды, оның орнына Қытай әйелдерінің салты бойынша никсэ киеді, ал Күшлікке христиан дінінің орнына пұтқа табынуды қабылдатқызады [15, 180-б.]. Қалай болғанда да Күшлікті гурхан Чжұлху жақсы қабылдаған, тіпті оны өз ұлындай көріп, онымен туыстық қатынаста болғаннан кейін оның даңқын арттырады. Гурхан да қалған наймандарды вассалдарға қарсы күреске пайдаланбақшы болған болу керек. Әскер жетіспегендіктен ол Күшлікке наймандар мен меркіттердің әскерлерін көндіруді тапсырып, оларды қару-жарақпен, ақшамен қамтамасыз етті. Оған Шыңғыс хан әскерінен қашқан меркіттердің басшысы да қосылып, жері қарақытайлардың үлес жерімен кеңейді, олжаға деген үміт жаңа бандаларды өзіне тартты [14, 109-110-бб.].

Күшлік Батыс Қидан мемлекетінің, гурханның әлсіз жақтарын бірден байқап, шығыс жағындағы аға князьдар көтеріліс жасағанын, Таян ханның бектері, ескі

қызметшілер әлі де тығылып жүргенін естиді және ол әкесінің қалған әскерлерін жинаса, онда гурханның иелігіне ие боламын деп ойлайды [16, 41-б.]. Көтерілістер мен бүліктен қорыққан гурхан Хорезмшахтан көмек сұрайды. Өз кезегінде Күшлік те Мұхаммедтен көмек сұраған әрі кейбір мәліметтер бойынша Күшлік пен Мұхаммедтің одағы мына шартқа негізделген: батыс жағынан сұлтан гурханға барады, ал Күшлік шығыстан барып, жаулап алады. Гурханның иелігінен сұлтанға Алмалық, Хотан, Қашғарды береді, егер Күшлік үлгерсе, оған да сол иеліктен олжа тиеді [16, 41-б.].

Тарихи әдебиетте моңғол шапқыншылығы алдындағы Орта Азиядағы тарихи жағдайды талдағанда қара қидандар мемлекетіне аз көңіл бөлінген. Деректер негізінде мұсылман тұрғындарының қидандармен өзара қарым- қатынасы, Күшліктің исламды қудалауы, халық наразылығын қатаң түрде басып тастауы сипатталып, тек қысқаша ғана моңғол әскерлерінің мемлекеті басып басып алғаны айтылады. Ал Күшлік ханның Ляо гурханы Жилугуға келіп, абыройға ие болуы жөнінде В.В. Бартольд XIII ғ. басында қарлұқтардан жеңілген қара қытайлар жаңадан күш жинап, қуаттанған Күшлікті әдейі көмекке шақырды деп есептесе [10, 10-б.], ал, екінші пікірдегі деректерге қарағанда Күшліктің жеке басына байланысты болғанын төменде көрсетеміз.

Соңынан қуып келе жатқан жауын жеңу жолында Күшлік кіммен болса да одақтасуға дайын еді. Тағдыр тәлкегі осындай жағдаймен Жилугумен Күшлікті осылай бірлестіріп, екеуі одақтасып жауға қарсы аттанады. Енді Күшлік Еміл, Қойлық, Бесбалық жерлерінде қоныстанған тайпаларын жинауға бел шешеді. Жилугу Күшлікке қол жинауға қару-жарақ береді, ал Күшлік тактикалық жәрдем көрсетіп, оның Самарқанд пен Бұхар жорығына көмек ретінде әскерлерін береді. Күшлік-Жилугу одағы арқасында 1210 ж. Самарқандты Жилугу өзіне қайтарады. Шегінген Ала-ад-дин есін жиған соң, Жилугуді қуып жетіп, Талас өзені бойында шайқасады. Алайда бұл шайқас ешкімнің де пайдасына шешілмеген, өйткені қарақытайлардан гөрі мұсылмандар хорезмшахты қолдайтынын байқатты. 1212 ж. Күшлік Гурханның негізгі қолын қоршауға алып, Жилугуді биліктен бас тартқызуға мәжбүр етті. Осылайша қара қытай билігі құлап, оның орнына Күшлік хан билік жасайды. Жилугу тағдыры не болды десек, оған Күшлік тимеді, ресми қабылдауларда Күшлік өзін оның бас уәзірі ретінде ұстады.

Күшліктің билікке келуі Батыс қидан мемлекеті тарихының шешуші кезеңінің бастамасын көрсетеді. Өйткені бұл кезде ол ішкі қайшылықтардың және Орта Азия халықтарының Қидан билігін құлату жолындағы күресінің нәтижесінде күйзеліп, сыртқы саяси оқиғалардан (гуридтермен, Хорезмшахпен, т.б. соғыс) ірі сәтсіздіктерге душар болған тұс еді. Сонымен бірге найман көсемінің ішкі және сыртқы саясаттағы әлсіздігі де әсер етті. Нақ Күшлікке оны құлатуды тағдыр жазды. Жергілікті халық Күшлікке жаулаушы жауыз ретінде қарады, өйткені мемлекеттің жері соғыстар мен бақталастық жанжалдардың нәтижесінде тоз – тозы шыққан еді. Мемлекеттің батыс шекарасында Хорезмшах, шалғайдағы шығысында Шыңғыс хан Күшліктің жауы күшейіп тұрды. Бұл кезде Шыңғыс хан Солтүстік Қытайды жаулап алған еді, сондықтан Хорезмшах Мауреннахрдағы соғыстарын аяқтай отырып, Қытайға жорықты армандаса керек, осы себептен де болар жолына көлденең тұрған Күшліктің мемлекетімен соғысудың кілтпанын іздеді.

Осындай жағдайда Күшлік өзін қабілетсіз саяси қайраткер ретінде көрсетті. Сондықтан өз ықпалын нығайтып, қара қидан мемлекетінің бұрынғы шекарасын қалпына келтіру үшін ол батысқа бірнеше жаулау соғыстарын жүргізді. Ол Хорезмшахқа біз біріккеннен кейін бұл елді бөліп алуымыз керек деп хабар жібереді, ал бұған жауап ретінде Хорезмшах шекараға жапсарлас жатқан жерлерге шабуыл жасап, Ибн ал-Асирдің айтуынша Шаш, Ферғана, Испиджаб, Касан және оның айналасындағы қала тұрғындарына қаладан шығып, мұсылман облыстарына қосылуға бұйрық беріп, ал қалаларды қиратқан [17, 75-76-бб.]. В. Бартольд моңғол шапқыншылығы кезінде бұл жерлердің соншама бос қалғанына сене қоймайтынын жазады [18, 128-б.]. Шынында

да, 1221 ж. қарашада бұл жерді жүріп өткен Чпн Чунь Сайрам мен басқа қалаларды айта отырып, олардың бос қалғаны жөнінде ештеңе айтпайды [19, 34-б.].

1221 ж. моңғолдардың чжучжэндермен соғысы Шыңғыс ханның көңілін Орта Азиядан басқа жаққа бұрғандықтан, Күшлік осыны пайдаланып, өз жағдайын күшейтуге тырысып бағады. Күшлік бірнеше рет Алмалық ханы Озарға қарсы жорық жасап, оны аң аулап жүргенде қолға түсіреді де, өлтіруге бұйрық береді. Бірақ өзінің патшалық құруына деген қауіпті мұсылман қозғалысынан көрді. Екі-үш жыл бойы ол Қашғар жақты жаулап, оның тұрғындарын өзіне бағындырды. Хотанды алып, оның халқын исламнан бойын аулақ ұстауға шақырып, не христианды, не будданы таңдауды ұсынды. Осы кезде Күшлікке бас имам Алай-уд-дин Мохаммед келіп исламды қорғап сөйлейді, сонда Күшлік хан ашуланып, оны ұстатып, мектебінің есігіне керіп қойғызады да, барлық мұсылмандардың соңына түсіп алады [14, 111-112-бб.]. Мұсылман жолымен құдайға мінажат етуге тиым салынады. Күшлік өз әскерлерін мұсылмандардың үйіне күзетке қойып, халықты ислам дінінен ығыстырып отырған. Жувейнидің жазбасы бойынша Күшлік басқа наймандар сияқты христиан дінін ұстаған, алайда кейін әйелінің ықпалымен буддизмді қабылдаған. Осы будда дінін қабылдауы Күшлікке болашақта кесірін тигізгенін тарих дәлелдеді. Оның діни саясатын мұсылман қауымы қолдаған жоқ. Тіпті моңғолдар келгенде оларды қуана қарсы алып, Күшлікке қарсы бас көтерген тұстар да болған. Сондықтан кей жағдайларда ол осылайша саяси мүмкіндігінен айрылып отырған.

Күшліктің Хорезмшахпен күресі жөніндегі хабар «шығыстан христиандарға көмекке келетін Давид патша» туралы қауесет тудырып, бүкіл Еуропаға таратты [11, 104-б.]. Епископ Яков де Витри 1221 ж. жазылған хаттарында Хорезмшахпен жауласқан Бағдад халифының тырысуымен несториан патриархы арқылы Давид патшамен келіссөз жасамақшы болып, Орта Азияға елші жібереді.

Шыңғысхан болса өзінің ескі жауынан ұрлап алған астындағы тақтан бейбіт түрде ләззәт алуын қалаған жоқ. 1211 ж. Хубылай ноян қолының Жетісудың солтүстік жағымен Күшлік мемлекетіне басып кірмекші болған алғашқы қадамы моңғолдардың жеңілуімен аяқталса керек [11, 104-б.]. Хондемирдің айтуынша, Шыңғыс хан олармен соғысты бастап, бір рет өзі де қашқан [20, 19-б.]. 1212 ж. Күшлік Шыңғысханда кеткен ата кегін қайтару үшін дайындық жорығын жасайды. Алмалыққа шабуыл жасап, оның билеушісі Өзарды өлтіреді. Сөйтіп өз жауын ашықтан-ашық сескендіріп, асығыс қадам жасады. Ал бұл кезде Іле өңіріне моңғолдың Тоғучар бастаған қолы жетіп, Күшлік Іле бойымен шегінуге мәжбүр болады. Қашғар мен Хотанды бағындырып, қара қытайлардың шығыс бөлігі Күшліктің қолына өтеді. Осыдан кейін Шыңғыс хан Тоғучар мерген бастаған қолды Моңғол мен қара қытай шекарасына орналастырады.

1218 ж. Шыңғыс хан Күшлікке қарсы Жебе ноян бастаған 20 мың қол жіберіп, Жебе әркім өз дінінде қалып, ата-бабаларының жолымен жүруге болатынын айтқан. Қашғардың тұрғындары сол сағатта-ақ көтеріліс жасап, Күшлік әскерлеріне соққы береді. Күшліктің өзі Бадахшанға қашады. Әбілғазының айтуынша, Чепе ноян оны талқандағаннан кейін, Күшлік аздаған адамдарымен қашады, қалғандарын Чепе ноян қырып – жойып, оның отбасын тұтқындап, құлдыққа айналдырып, Күшліктің соңына түсіп, оның нөкерлерін жояды, ал Күшлік үш адаммен Бадахшанға, Сарыкөл аңғарына қашады, ақыры, алдынан шыққан екі атты қуған адам «үш адаммен қашып бара жатқан адам мына жаққа кетті» деп жолды көрсетеді [21, 83-84-бб.]. Чепе ноян мұны білгеннен кейін олардың соңынан қуып, Күшлікті ұстап, басын шабады, сөйтіп ханның сыйлық алған. «ЮОань–шиде» Жебе өз иеліктерінде Күшліктің басымен жүріп өтуге рұқсат берген, сонда Қашғар, Жаркент, Хотон сияқты қалалар моңғолдар жақындағанда-ақ беріле салғаны жазылған [22, 20-б.]. Бұл Жувейни мен Рашиденнің Шығыс Түркістан тұрғындарының көтерілісі туралы мәліметтерін растай түседі және Батыс Қидан мемлекетінің толығымен күйрегенін көрсетеді. Егер Әбілғазыға сенсек, бұл мемлекет Шыңғыс ханға қарсылық көрсеткен орталақтың бірі. Күшлік болса Шыңғыс ханға жау

болған моңғол – татарларды өз айналасына жинаған. Шыңғыс ханның өзі осы жағынан өзіне үлкен қауіп деп есептеп, патшалығының біржағына қауіпті жауы келгенде, алыс жорыққа шығуға болмайды деп есептеп, Қытайға жорығын артқа шегіндіреді [21, 83-б.].

«Юань-шидегі» мәлімет бойынша Күшліктің үшінші ұлы әкесі батысқа қашқаннан кейін көп ұзамай қайтыс болады. Император Да-лу Найман мен моңғолдардан тығылып, Шыңғыс ханның үшінші әйелінің тәуелділігіне енеді. «Юань-шиде» бұл оқиғаның уақыты көрсетілмеген, дегенмен Да-лу Найманның 1205 жылы туғанын ескерсек, ол 1217 ж. болған. Сонымен қатар моңғолдардың Күшлікпен және қара қидандармен соғысы айтарлықтай ұзақ болған, сондықтан ең жоқ дегенде бір шайқас болғаны сөзсіз деп топшылауға болады. Ақыры, Плато Карпинидің мәліметіне жүгінсек, наймандар қара қытайлар сияқты біз жүріп өткен екі таудың арасындағы жерге көп адам жиналып императорға бара жатқанда шайқас болып, наймандар мен қарақытайларды моңғолдар жеңіп, олардың көпшілігі мерт болады, қалғаны құлға айналады [9, 38-б.]. В.В. Бартольд сияқты зерттеушілер Әбілғазы Рашиденнің «Жылнамалар жинағындағы» «моңғолдар шайқасты бастамастан Күшлік қашып кетті» деген жерін дұрыс түсінбеген және Әбілғазыдан басқа ешкім осы шайқас жөнінде жазбағанын айтады [23, 56-б.]. Осы жерде шағын талдау жасасақ, Рашиден жинағынан шайқас мүлдем болған жоқ деп түсінбеу керек. Тек Күшлік шайқас басталғанша қашқан, сөйтіп қара қидандар мен наймандардың біріккен әскерлерін жеңілуге әкелген деп пайымдауға болады. Әбілғазының мәліметі Рашиденнің келтірген фактісімен онша сәйкес келе қоймайды. Ол Чепе ноян оны талқандаған соң, Күшлік біраз адамдарымен қашты, қалғандарын Чепе жойып, олардың отбасын тұтқынға алып, құлға айналдырды да, Күшліктің ізіне түсті [21, 83-84-бб.].

Моңғол әскерлерінің алға қарай жылжуын қара қидандардың Хорезммен жүргізген ұзаққа созылған күресі жеңілдетті. Хорезмшах Мұхаммедтің ұлы Желал ад-Дин Манкбурн оларға шығыстан соққы беріп, қорқытып тығылғандарына Қытайдың шеткері аймағынан пана іздеуі қажет екенін айтты [12, 45-б.]. Күшліктің өлімінен кейін билеушінің қазынасы жеңімпаздар қолына түсе қойған жоқ.

Осылайша Батыс Қидан мемлекеті өзінің өмір сүруін тоқтатады. Шайқастар кезінде олар бірнеше иеліктерге бөлінесе керек. Кейбір тайпалар бұл кезде Си Ляо территориясынан миграцияны бастайды. Мысалы, Мұхаммедтің моңғол әскерімен соғысы кезінде қарақытай тайпаларының кейбір рулары қарсыластар жағында соғысқан. Моңғолдар тұсында Чин-Темір жоғары жағдайға ие болған, Рашиденнің айтуынша ол онгуттардан шыққан, алайда Жувейни бойынша дегенмен, ол қара қидан ішінен шыққан [4, 200-б.]. Осыған байланысты В.В. Бартольд ол онгуттар елінде тұрған қарақытай болған, бұл елге ол білім алумен қарыздар деп көрсеткен [10, 482-б.].

Қытай деректерінде Күшліктің мерт болған жерін «Памир тауының Вахан саласының Дараз тау қойнауы», - деп жазған [2, 89-б.]. Күшлікті жеңген Жебе осы жеңістің белгісі ретінде Күшліктен қолға түсірген бір мың сәйгүлікті Шыңғыс ханға тарту етсе, Күшліктің қызы Әлбикені Шыңғысханның кенже ұлы Тулуйға әмеңгерлікке беріледі [2, 89-б.]. Сөйтіп, Найман ұлысының Шыңғыс ханға қарсы он төрт жыл бойы жүргізген күресі осылай аяқталып, Найман ұлысы жеңіледі. Күшлік тарапынан бұл моңғол-татар шапқыншылығына қарсы жүргізген азаттық күрес болды десек артық айтпаймыз. Алғашқы кезде найман хандары өз мүмкіндіктерін асыра бағалады, сондықтан жеңілді. Олай болмағанда З. Қинаятұлы айтқандай, Моңғол үстіртін моңғолдардан бұрын наймандар дүр сілкіндірер ме еді? [2, 89-б.]. Бұл жерде Шыңғысхан дұрыс тактика ұстай білді, наймандардың күшін де бағалады, сондықтан оған қарсы шабуылға мұқият дайындалды. 1204-1218 жж. Шыңғысханның наймандармен болған соғысы нәтижесінде Шыңғыс ханның даңқын арттырып, жеңіске деген үлкен сенім ұялатты, ал наймандар болса өз ата жұртынан басқыншылық соғыстың нәтижесінде жан-жаққа босып кетті. Найман ұлысын құлатқаннан кейін Шыңғыс хан батысқа қарай нық қадаммен шабуылын бастайды.

Күшлік үнемі Шыңғыс ханмен қарсыласу шайқасымен жауап берген ер жүрек, айбарлы да ажарлы адам болды. Қытай және парсы жазбаларында Күшлікті алып тұлғалы, сұлу, қаһарлы адам болғаны, «жын шайтандарды қойша қосақтап сауғызып, сүтінен қымыз ашыттырған» деген аңыз да айтылады, сондықтан оны Күшлік немесе «айбынды әмірші» деп тегін аталмаған [2, 83-б.]. Найман ханы Күшлік жеңілсе де, Шыңғысханға соғыссыз беріле салмаған, ат жалында небір шайқастарда жүріп шынықты, шыңдалды. Найман ұлысының лайықты көш басшысы бола білді. Он төрт жыл бойы Шыңғыс ханға қарсы ұлт-азаттық күрестің басында болды. Күшлік жеңілді деп біз оның ерлігін, ұлы алдында атқарған миссиясын жоққа шығара алмаймыз. Әрине, кез келген істе кемшілік болады, сол сияқты моңғолдар да Күшліктің осал тұстарын білді, соны дөп басты әрі жауын жоғары бағалады, аңғалдық жасаған жоқ, сондықтан Шыңғыс хан жеңді.

В.В. Бартольдтың мәліметтерінше наймандардың қирап қалған қаласының бірі - Шамбалық. Шам өзені бойында Ертіске таяу жерде тұрған. Онда негізінен найман, меркіт, үңгіт тайпалары тұрған [10, 272-б.].

Тобылдың төменгі бойында мекендеген келесі ірі тайпаның бірі - меркіттерді Әбілғазы шежіресінде «меркітті кейде мекрит деп атайды, бірақ бәрі - бір сөз. Шыңғыс хан заманында ол елге бас болып жүрген Тоқта бекі деген еді. Ол үнемі Шыңғыспен жауласып өтті. Бір рет Шыңғысханның үйін шауып, қатынын олжалап кетті, тағы да бір рет далада далада жалғыз жүргенде Шыңғыс ханның өзін ұстап алып, құнын төлетіп босатты» [24, 40-б.]. Осы сияқты ұлыс дәрежесіне де көтерілген бекрін тайпаларын мекрин деп те атайды.

Удуит-меркіттердің төрт тармағы бар: уйкур, мудар, тудаклин және джиюн. Бұл тайпаның әскери күш-қуаты мықты болған. Рашиден меркіттерді моңғол тайпасының бір бөлігіне жатқызады [25, 114-б.]. Олар Шыңғыс хан және Он ханмен шайқасқан.

Л. Гумилев меркіттерді этникалық тобы белгісіз тайпаға жатқызады, яғни меркіттер, мүмкін түріктер, мүмкін моңғолдар, мүмкін самодийліктер болуы керек дейді [1, 390-б.]. Келесі бір еңбегінде автор Саян тауларының солтүстік алқаптарында көптеген «орман халықтары» тұрған, олардың ішінде Обь остяктарымен туыстас угорлар, енисейлік кеттерге жақын палеоазиаттар, түркілер мекендегенін айта отырып, өздерін құпия ұстаған меркіттерден самодий реликтілерін көруге болатынын айтқан [11, 411-б.]. Демек, меркіттер тайгаларда өмір сүрген. Меркіттердің қалдығы телес, телеут, керей, башқұрт, торғауыт ішінде кездеседі. XIV ғасырда меркіттер ұрпағы моңғолдар деп аталды, оғанға дейін моңғол құрамына енбеген [11, 411-б.].

«Ляо мемлекетінің тарихында» Мэй-Ли-Зи немесе үш Меркіт тайпа бірлігі туралы 1096 жылы алғаш рет айтылады [3, 7-б.]. Егер Шыңғысханның жиырма екінші атасы Бөрте Чино 1096 жылдары өмір сүргенін еске алсақ, Меркіттер Моңғол үстіртін ертеден-ақ мекендеген тайпа екендігіне көз жеткізе аламыз [2, 98-б.]. Моңғол тарихшылары Меркіт ішінде «Хаад Меркіт» (немесе «хан Меркіт») атты тайпа болуын Меркіттердің ертеде өзіндік ханы бар ел болған деген қорытындыға келеді [2, 99 б.].

1201 ж. татар, ойрат, найман, меркіт одағы құрылып, оған тайчуит, сальжиут, катаған, дурбэн, икирас деген бес моңғол руы енген. Олар конфедерация қағидатын ұстап, Жамуханы гурхан етіп сайлайды [11, 483-б.].

1182 жылы моңғолдар меркіттермен соғысқан, ал 1208 ж. оларды Ырғыз аңғарына ығыстырған. Ол жерде мекендеген құмандар меркіттерді жаман қарсы алмаған, өйткені екі тайпа бірігіп моңғолдарға қарсы тұрған. 1216 ж. моңғолдар меркіттердің қалдығын жойып, құмандармен соғысқан [26, 483-б.]. Бұл жерде айта кету керек, Шыңғыс хан меркіт, керейт, наймандарды жойып, «бүкіл халықты жалғыз өзім билеп», «мен... тәңірге сыйынған мемлекеттерді әділет жолына бағыттадым және барлық халықты өз қол астыма енгіздім» десе де, меркіттер мен наймандардың ізін қуып шайқасатынын білген жоқ, екінші рет оларды 1208 жылы Ертістің жағасында талқандаған.

Байқалдан, одан кейін Ертістің жағасынан қуылған меркіттер мен наймандарды 1209 ж. ұйғыр индукиттері талқандаған, өйткені олар ұйғырлардың иеліктерін басып

өткен болатын [27, 172-б.]. Сөйтіп, бұл тайпалар бөлініп, меркіттер қыпшақтарға қосылып, қазақ даласына кетсе, наймандар Жетісуға қара қытай иеліктеріне қосылған. Меркіт әмірлерінің бірі Токтай Күшлік әскері құрамына Имэл, Қиалық шекарасына жеткен кезде қосылған [28, 318-б.]. Меркіттердің Кулик деген басшысы да деректерден белгілі [28, 336-б.].

Рашид-ад-дин меркіттердің жеңілуін 1217 ж. сиыр жылына жатқызады, ал бұл кезде моңғол әскерін Субудай мен Тохучар басқарған, Жошы да осы жорыққа қатысқан [15, 435-б.]. Бұл оқиғалардың болған жылдарына шығыстанушы ғалым В. Бартольд талдаған болатын. 1215-1225 жж. оқиғалардың хронологиясын Рашид-ад-дин дұрыс көрсетпеген дейді [23, 436-б.]. Ол мәтінде доңыз жылын (1215 ж.) тастап кеткенін айтады [12, 436-б.]. Мауераннахрды жаулауды 1221 жылына жатқызған, ал ол деректер бойынша 1220 ж. болған [23, 436-б.]. Жувейнидің мәліметіне қарағанда Жошы қырғыздарға жасаған жорығы кезінде меркіттерді талқандаған [23, 436-б.]. Ал Рашид-ад-дин бұл жорықты 1218 жылға жатқызған. Меркіттердің қырғыздарға қашуын деректермен дәлелденбеген. Несеви хорезмшахтың билігінің соңғы оқиғаларымен таныс болған, сондықтан ол 1218 ж. болған жорықты одан да ерте уақытқа жатқызуы мүмкін емес. Бұл жөнінде нақты дерек жоқ, сондықтан сұлтанның Торғай облысына жасаған жорығы 1215/16 жылы қыста болды деп мойындау керек, оның моңғолдармен қақтығысы 1215 жылы жазда болған [23, 436-б.].

Несевидің айтуынша, сұлтан 60 мың әскерімен Ырғыз жағасына дейін барғанымен, мұз басқан өзеннен ары өте алмаған. Мұз түскен кезде Мұхаммед судан өтіп, шайқас даласында меркіттерді жеңген, ал осы шайқас алаңын Жувейни Қайлы және Кимач өзендері аралығы деп көрсетеді [23, 436-б.]. Жараланған бір мұсылманнан сол күні шайқас болғанын білген. Жошы мен басқа моңғол әскер басшылары мұсылмандармен шайқасқа түскісі келген жоқ, өйткені Шыңғыс хан оларды тек меркіттерге қарсы жіберген болатын. Сұлтан болса барлық дінсіздерді өзінің жауы деп есептейді, сондықтан шайқасуын талап етті; екі әскери құраманың оң қанатынан сол қанаты күшті болды; мұсылмандардың оң жақ қанатын Хорезмшахтың үлкен ұлы Желал-ад-дин басқарды, ол әскерін ойдағыдай аман сақтап қалды. Моңғолдар да бой бере қойған жоқ, олардың ер жүректілігін көріп ашық далада сұлтан шайқасуға бел бумағаны белгілі еді [23, 437-б.].

1216 жылы Шыңғыс ханның назары батысқа ауып, ол жаққа қашқан жауын қууды Жошыға тапсырады. Бірінші жорық бұл кезде наймандарға емес, өздерінің бір кезде одақтасы болған меркіттерге қарсы бағытталады. Меркіттерді моңғолдар өз жерінен Байкалдың шығысындағы жерлерге қуған [29, 841-б.]. Одан кейін олар қазіргі қазақ даласына орын тепкен. Шайқас осы даланың батыс жағында, қазіргі Торғай облысы жерінде болған. Бұл шайқаста меркіттер жеңіледі. Осыдан кейін моңғолдар Хорезмшахқа жорық жасаған. Ол өз алдына бөлек әңгіме.

600 хижра тышқан жылында (1203-1204 жж.) Шыңғыс хан меркіттердің билеушісі Токтай бекке және басқа көптеген тайпаларға, Таян хан жеңілгеннен кейін онымен бірге қашқан тайпаларға қарсы жорыққа аттанған. Олар жолда уваз-меркіт деген тайпасына, оның басшысы Дайр-Усунға жолығады [4, 149-б.]. Бұл тайпалар Тар мұрын өзенінің жоғары жағында орналасқан еді. Соғысты қаламаған Дайр-Усун өзінің қызы Құлан-хатунды Шыңғысханға әкеп, сыйға тартады. Меркіттерде Шыңғысханмен соғысатындай улағтары, яғни жылқылары, малдары жоқ еді. Шыңғысхан оларды жүздіктерге бөліп, әрқайсысының басына басшыларды – шихнэлерді тағайындады, өздерін обоздарда қалдыруды бұйырады [4, 149-б.]. Шыңғысхан кеткеннен кейін, олар қайтадан көтерілді. Обозда қалған Шыңғысханның біраз адамдары меркіттермен шайқасады. Сөйтіп моңғолдар бәрін тартып алып, жеңеді, меркіттер қашып кетуге мәжбүр болады.

Шыңғыс хан Дайкал-қорған бекінісінде удуит-меркіттерді, мудар, тодолин, раджун деген тайпаларын қоршауға алып, жаулап алады, өзі кері қайтады. Токтай өз ұлдарымен бірге жеке иелігі, әскері бар Бұйрық ханға қашады. Ал Дайр-Усун басқарған

уваз-меркіттер екінші рет көтеріліс жасап, Селенги өзені бойындағы Караун-капчал бекінісіне келіп қоныстанады. Шыңғыс хан оларды басу үшін оң қанатының басында тұрған Борагул-нойон мен Чимбайды жібереді. Бұлар меркіттерді басып алады.

Рашид-ад-динде «Бұдан бұрын айтылғандай соғысқан, көтеріліс жасаған, сол кезде өлтірілген Тоқтай бектің меркіттер мемлекетін жаулап алу» деген тарау бар [4, 149-б.]. Онда былай деп жазылған: «Жылан жылында 604 хижра жылында (1208 ж. қаңтар-ақпан) Шыңғысхан Тангут облыстары мен қырғыздарды жаулап алғаннан кейін бұл жерлердің әмірлері оған бағынды... Жолда қарауылдар мен алдыңғы қатардағы әскерлер Кутука-бек басқарған ойрат тайпаларына тап болады. Бұл тайпалардың соғыс жүргізуге, қарсылық көрсетуге күші жоқ еді, сондықтан олар беріліп, Шыңғысханға жол көрсетіп, кенеттен оны Тоқтай-бекке, меркіттер билеушісіне және Кушлук ханға, оның ұлы Таян ханға алып келеді, олар екеуін де үй-ішімен қоршап, дүние-мүліктерін, мал-жайларын талан-таражға салады. Шайқас кезінде Тоқтай өледі, ал Күшлік біраз адамдарымен қашып шығып, Қара-қытай гурханының жеріне барып тығылады; гурхан оны ұлым деп қарсы алып, біраз уақыттан кейін қызын оған тұрмысқа береді» [4, 151-152-бб.].

Онгуттар IX-XIII ғғ. Шыңғыс хан мемлекеті тұсында белгілі болған. Оны моңғол, қытай, түркі деректері дәлелдейді. Орта ғасырда қытай тарихшылары шығыстағы көшпелі халықтарды ақ, қара, тағы татарлар деп үшке бөлген. Гоби шөлінің түскейінде, қытай қамалын бойлай қонған көшпелілер ақ татарлар деп аталған. Олардың басым көпшілігі түркі тілді онғұттар (шато ұрпақтары) болатын [1, 109-б.]. Бұлар аз да болса өркениетке жеткен. Жібектер киім киіп, кәрлен және күміс аяқ-табақтан ауқаттанатын, қытайша сауатын ашып, Конфуций философиясын оқып үйренген, билік мұра болып берілетін көсемдері болған [1, 109-б.].

«Онгут» атауының өзі X ғасырдан белгілі. X-XII ғғ. бұлар моңғол жерінде қоныстанса, XVI-XVII ғғ. Тобылдың төменгі бойына көшіп, қазақ халқының ішіндегі уақ тайпаларымен тамырлас болған ру екенін білгеніміз жөн.

М. Тынышпаев уақтар тарихта айтылмайды, өзбек, ноғай, башқұрт, қырым және қазан татарлары арасында да кездеспейді дей отыра, бұл атауды Саратов қаласындағы 9 шақырым жерде орналасқан Увек тауының атымен байланыстырады [30, 21-б.]. «Уақ» - ұсақ-түйек, аралас деген мағына береді деп те пайымдаған. Автор бұл жерде Орта жүзге енген уақтардың саны аз екеніне байланысты айтса керек. Бұл топшылаумен келісу қиын. Біз бұл атауды түсіндіруде Әбілғазыға сүйендік. Қытай билеушілері түрік халқының ішінен бірнеше жамағатқа: «Сіздер қорғанның қақпаларын сақтасаңыздар, біз сіздерге жыл сайын керек-жарақтарыңызды беріп тұрайық», - деп ұсыныс жасағанда түріктер мұны қабыл алып, қақпаны күзететін болды. Бұл жұмысқа ұл-қыздарын да салған. Бұл күзетшілерді онкүт деп атады [2, 37-б.]. Моңғол тілінде онкүт дегендегі т – ның мағынасы түрік тіліндегі шы – мен мағыналас. Қақпаны қорғаған кісілерді онкүт деді, қақпашы дегені болар [2, 37-б.].

Шыңғыс хан заманында онқұттар төрт мың үйдей болатын, бектерінің аты Алақұш тегін еді. Шыңғыс хан Қытайға жорық жасарда Алақұш тегінге «маған бағынсын» деп кісі жіберді, ол ханға қарсы келмей бағынды. Шыңғыс хан Қытайға аттанғанда Алақұш тегін әскерімен оған қосылды, қорғанның қақпаларын ашып, Шыңғыс ханмен бірге Қытай жеріне барды [2, 38-б.].

«Ер Көкше» жырындағы
Уақ ұлы Қамбар екен,
Қамбар ұлы Ер Көкше,
Ер Көкше жас екен,
Жас та болса бас екен.
Он сан ноғай бүлгенде,
Орманбет хан өлгенде... - ,

деп басталатын жолдарына қарасақ, Ер Көкше ноғайлы тұсындағы батыр екенін дәлелдейді [31, 51-б.].

Ә. Марғұлан, Н. Мыңжан уақтарды ертедегі онгуттар деп санаса, ал мұны одан әрі нақты дәлелдеген З. Қинаятұлы.

XII ғ. басында уақтардың билеушісі Алақұс тегін болды. Оның билігі Шыңғыс хан тұсына сай келгендіктен, моңғолдармен әскери қарым-қатынаста болып, осы Алақұс тегін тұсында тарихта ұлыстық дәрежеге жеткен мемлекет болмаса да белгілі бола бастады. Рашид-ад-диннің айтуынша, бұл кездегі уақ түтінінің саны төрт мыңға жеткен көрінеді. [15, 140-б.]. Уақ тайпалық бірлестігі Алтын ханның шекаралық әскери тапсырмаларын орындап отырған. «Моңғолдың құпия шежіресінде» Найманның Таян ханы «Торбығас» деген елшісін онқұт аймағының Алақұс – дігітқұриіне аттандырып, былайша айтқызады: «Күншығыстағы аздаған моңғолдар қыр көрсетуде. Сен оң қол болып аттан. Мен бұл жерден селбесіп, екеуміз сол аз моңғолдың қорамсағын тартып алайық». Бұл сөзіне Алақұс – дігітқұри: «Мен сенің оң қолың бола алмаймын», - деп қайтарады. Сөйтіп, Иоқұнан деген елшісін жұмсап, Шыңғыс ханға былай дейді: «Найманның Таян ханы сенің қорамсағыңды тартып алайық, маған оң қол бол деген екен. Мен оны ұйғармадым. Сондықтан мен сақ болсын деп, сізге кісі жіберіп отырмын Жауға қорамсағыңды алғысбайсың» [32, 120-121-бб.].

Елдік белгісі бар ел ғана көрші мемлекетке қарым-қатынас жасай алатыны белгілі: кез-келген тайпа бірлестігінде қарулы күші болса ғана сол бір жаугершілік заманда мықты мемлекеттің билеушілеріне өздеріне атқосшы ғып, күш құралы ретінде пайдаланады. Моңғол тіліндегі деректерге сүйеніп, тарихшы Зардыхан Қинаятұлы Шыңғысхан 1219 жылы Шенгуйлы он мың атты әскерімен Гун ван Мухулайдың басшылығында шағыс жорығында, Алақұстың ұлы Буяканы тиісті қолымен батысқа аттандырып, уақтың әскери тобының бір бөлігі ата мекенінде қызы Алаға бикенінің басқаруында қалдыруына қарағанда уақтарда ең аз дегенде 10-15 мыңға жуық қарулы жасағы болса керек деген түйін жасайды [2, 184-б.].

Моңғол-татар шежіресіне қарағанда моңғолдар елшіге аттандырған адамдардың қолына «Силван Чэй» («Жарлық елшісі») деген белгісі бар мөр тапсыратын [2, 191-б.]. Мысалы, 1211 ж. Шыңғысхан Цзин еліне қарсы жорыққа аттанар алдында Онгуттар арқылы өтетін жолды алдын-ала реттеу мақсатымен қолында «Жарлық елшісі» мөрі бар адамдарды аттандырады. Жалпы мұндай мөрлердің Ішкі Моңғолия жерінен табылғаны толық дәлелдейді [2, 184-б.]. Елшіге өлім жоқ дегендей, мұндай мөр ұстаған елшілер жолда ешқандай бөгетсіз өткен, әрі аялдама жасаған бекеттерде оларға сый-құрмет көрсеткен.

1219 ж. Шыңғысхан Хорезм жорығына аттанарда інісі Отчигин мен қызы Алға гүнжінің билігіне моңғолдарды тапсыра отырып, Шыңғысхан онгуттарға билік етуді Алға бикеге уақытша сеніп қалдырғанын әдейі сеніп тапсырған мөрі растайды [2, 188-б.]. Тегінде Шыңғысхан династиялық некеге мән беріп «қыз алысып, қыз берісуді» екі ел арасында салынған жол деп есептеген. Династиялық некелер мемлекеттік саясатының мақсатына сай жасалатын. Көшпелілер әлемінде ол келісім-шартқа отырумен де аяқталып жататын.

Шыңғысханның қызы Алға бике уақ тайпасында тарихында едәуір рөл атқарған. Алақұс тұрмысқа шыққаннан кейін бек атанған [15, 141-б.]. «Құпия шежіре» деп Шыңғыс хан «Алға бике деген қызын Онғұтқа береді», - деп дәлелдей түседі [32, 165-б.]. Ал, Рашид-ад-диннің айтуынша Алға бекті Алақұс жасы ұлғайып қалғандықтан, ағасы Найсуйдың ұлы Шенгуй Алтын ханның қолында кепілдікте тұр, соған үйлендірейік деп тілек білдіргендіктен, Алға бек Шенгуйге ұзатылғанын атап өтеді [15, 42-б.]. Ал қытай жазбаларында элиталы әулетінің әдет-ғұрпы бойынша Алға бек уақ дігіт әулетінің Буяншил, Шенгуй, Буяка деген үш мұрагерінде тұрмыста болған. Бұған анықтама жасағанда Алға бек әуелі Алақұс тегінің тұңғыш ұлы Буяншибилмен некеге отырған [2, 190-б.]. 1211 ж. Шыңғыс хан Алтын ханды шапқанда, уақтар оған ақ қорғанның қақпасын ашып берген, ал Алақұс болса шыңғыстарға Алтын хан еліне дейін жүретін жолды көрсетіп береді.

Моңғолдардың Шүршіт жорығында уақтардың ішінде алауыздық туып, Алақұсты ұлы Буяншибелмен бірге өлтіреді. Алғабек болса уақтың дигит хурилығына мұрагер Шенгуй және Алақұстың кіші ұлы Бұяқамен бірге елінен қашып шығып, Юун Ней маңында азып-тозып жүргенде Шыңғыс хан қолымен жолығады. Шыңғыс хан Алақұсқа қарсы көтерілгендердің басын алады. Шенгуй фей фун ван лауазымын беріп, Алға бикені соған үйлендіреді [2, 190-б.]. Уақ тайпаларын енді Шенгуйге басқаруды жүктейді.

1219 ж. Шыңғыс хан Хорезмге аттанарда жас Буяканы өзімен бірге батыс жорығына алып жүреді. Шенгуйге 10 мың жасақпен Цзин мемлекетіне қарсы жорыққа аттандырады. Осы кездері уақ аймағы мен Гоби шөлінің шығысындағы жерлерді Алға бике басшылық жасауды тапсырып, қолына мөр- таңба береді [2, 190-б.]. Өкінішке орай, бұл жөніндегі деректер Қазақстанда жоқ. Осы жорықта Шингуй өледі де, оның ісін ұлы Некудке жалғастыруға тапсырылады. Ол жас болғандықтан, билік анасы Алғабектің қолында болады.

1225 ж. Буяка батыс жорықтан қайтып оралғанна соң, ол Бэй фин уақ лауазымын алған. Ел басқаруды енді соған тапсырды. Көшпелілердің әдет- ғұрпы бойынша Алғабек қайын інісі Буякаға күйеуге шығады. Жоғарыда аталған деректердегі Алғабектің тұрмыстағы өмірінің өзгерістері жөнінде пікірдің әр түрлі болуы да осыдан. Рашид-де, Қадырғали Жалайыр да қытай деректеріне сүйенбеген. Қазіргі кезде тәуелсіздігіміздің арқасында көрші жатқан Моңғолия мен Қытайдың тарихшы оралман ғалымдарының сол елдердің тіліндегі дерекнамаларды аударып, ғылыми айналымға енгізу арқасында Қазақстан тарих ғылымын байытып, бұрынғы шеңберден шығуға үлкен септігін тигізіп жатқанын мойындауымыз керек. Осы екі елдің жазба деректері бойынша Алғабек «Білікті бикеш» мөрімен уақ тайпаларын басқарған [2, 190-б.].

Уақтар да несториан дінін ұстаған. «Юань-ши», «Жами-ат-тауарих», Марко Поло саяхаты туралы жазбаларында уақтар несториан мүридтері болғанын жазған. Несториан дінінде болғандықтан оңғұттар балаларына христианша ат қойған. Мысалы, Антон, Иохан, Маркос т.б. Көпшілігінің фамилиясы Ма немесе Мар болған. Оңғұттар деген атпен Шыңғысханның жол бастаушылары болған. Моңғол шапқыншылығы кезінде оңғұттардың басым бөлігі батысқа ауып кетсе, өз жерінде қалғандары католик дініне сенген. Ол да христианның бір тармағы екені белгілі.

Көптеген зерттеушілер орта жүздегі уақтарды және Кіші жүздегі үңгіттерді байырғы оңғұттардың әулеттері деп санайды. Осы тайпалардың несториан дінінде болуы қазақ тарихындағы ерекше тарихи-мәдени құбылыс деп ойлаймыз. Ол қазақ халқына терең тамыр жая қойған жоқ. Түрлі тарихи, географиялық жағдайға байланысты бірыңғай діни сенімге айнала алмады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гумилев Л. Қиял патшалығын іздеу. Пірадар Иоанның мемлекет туралы аңызы. – Алматы, 1992. – 250 б.
2. Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана: Елорда, 2001. – 208 б.
3. Ли Ю-дан. История государства Ляо. 1 тетрадь // Е Лун-ли. История государства Киданей (Цидань го чжи) / Перевод с китайского, введение, комментарий и приложения В.С. Таскина; Академия наук СССР, Отделение истории, Институт востоковедения. – М.: Наука, ГРВЛ, 1979. – 607 с.
4. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1. Кн. 2. – М.-Л.: Наука, 1952. – 300 с.
5. Кушнер П.И. Этнические территории и этнические границы. – М.: АН СССР, 1951. – 278 с.
6. Марғұлан Ә. «Тамғалы тас». Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілері // Жұлдыз. – 1984. – № 1. – 132-146-бб.
7. Howorth H.H. History of Mongols. – London, 1889. – P. 360.

8. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240 г. под названием «Юань чао би ши». «Юань чао би ши» Пер. С.А. Козина. – М.-Л.: Наука, 1941. – 410 с.
9. Путешествие в Восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Гылым, 1993. – 243 с.
10. Бартольд В.В. Сочинения. Т. 1. – М.: Наука, 1965. – 465 с.
11. Пиков Г.Г. Западные кидани. – Новосибирск: Восточная литература, 1989. – 200 с.
12. Шихаб ад-Дин Мухаммад ан-Нави. Жизнеописание султана Джалал ад-Дина. / Пер. с араб. З. М. Буниятова. – Баку, 1973. – 140 с.
13. Грумм-Гржимайло Г.Е. Тангуты // ИРГО. – Л., 1934. – Т. 66. – Вып. 1.
14. Д’Оссон К. История монголов от Чингизхана до Темерлана. – Алма-Ата: Санат, 1996. – 256 с.
15. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. – Т.1. – Кн. 1. – М.-Л., 1952. – 320 с.
16. Прошлое Казахстана в письменных источниках. – Алматы: Наук, 1999. – 180 с.
17. Материалы по истории киргизов и Киргизии. – М.: Наука, 1973. – Вып. 1. – 240 с.
18. Бартольд В.В. Сочинения. – Т. 5. – М.: Наука, 1968. – 548 б.
19. Кафаров П.И. Путешествие даосского монаха Чан-чуня на запад («Си-ю-цзи» или описание путешествия на запад) // ТЧРДМП. – Спб., 1866. – Т. 4. – С. 28-51.
20. Григорьев В.В. История монголов от древнейших времен до Темерлана. – Спб., 1834. – С. 15-31.
21. Абуль-Гази хан. Родословное древо тюрок. – Казань, 1906. – 120 с.
22. Иванов А. Походы монголов на Россию по официальной китайской истории Юань-ши // Записки разряда военной археологии и археографии императорского русского военно-исторического общества. – ПГ., 1914. – Т. 3.
23. Бартольд В.В. Соч. – Т. 2. ч. 1. – М.: Наука, 1970. – 560 с.
24. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 1993. – 120 б.
25. Оскарсон Г., Карпи И., Мариуссен А. Влияние региональных политиков на отраслевую политику // Региональная экономика и социология. – 2000. – № 4. – С. 102-122.
26. Гумилев Л. Древняя Русь и Великая степь. – М.: АСТ, 2000. – 848 с.
27. Кляшторный С.Т., Султанов Т.И. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 376 с.
28. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди. – Алматы: Гылым, 2005. – 330 б.
29. Бартольд В. Чингиз хан (словарная статья) // Энциклопедический словарь Брокгауза-Ефрона. – Т. 38 а. – Спб., 1903. – 520 с.
30. Тынышпаев М. Великие бедствия...(Ақтабан шұбырынды). – Алма-Ата: Жалын, 1992. – 152 с.
31. Батырлар жыры. – Алматы, 1987. – Т. 3. – 220 б.
32. Моңғолдың құпия шежіресі. (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / Ауд. М. Сұлтанаяұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 224 б.

References

1. Gy'mi'lev L. Qi'i'al pats'alyg'yn izdey'. Piradar I'oannyn' memleket ty'raly an'yzy. – Almaty, 1992. – 250 b.
2. Qi'nai'atuly Z. Mon'g'ol u'stirtin meken etken son'g'y tu'rki tai'palary: IX-XII g'asyr. – Astana: Elorda, 2001. – 208 b.
3. Li'I'y'-dan. I'stori'i'a gosy'darstva Li'ao. I tetrad // E Ly'n-li'. I'stori'i'a gosy'darstva Ki'danei' (Tsi'dan go c'ji') / Perevod s ki'tai'skogo, vvedeni'e, kommentari'i' i' pri'lojeni'i'a V. S. Taski'na; Akademi'i'a nay'k SSSR, Otdeleni'e i'stori'i', I'nsti'ty't vostokovedeni'i'a. – M.: Nay'ka, GRVL, 1979. – 607 s.
4. Ras'i'd-ad-di'n. Sborni'k letopi'sei'. – Т. 1. Кн. 2. – М.-Л.: Nay'ka, 1952. – 300 с.
5. Ky's'ner P.I'. Etni'c'eski'e terri'tori'i' i' etni'c'eski'e grani'tsy. – М.: AN SSSR, 1951. – 278 с.

6. Marg'ulan A'. «Tamg'aly tas». Orta g'asyrda qazaqs'a tasqa bederlengen belgileri // Juldyz. –1984. – № 1. – 132-146-bb.
7. Howorth H.H. History of Mongols. – London, 1889.
8. Sokrovennoe skazani'e: Mongolskai'a hroni'ka 1240 g. pod nazvani'em «I'y'an c'ao bi' s'i'». «I'y'an c'ao bi' s'i'» Per. S.A. Kozi'na. – M.-L.: Nay'ka, 1941. – 410 s.
9. Py'tes'estvi'e v Vostoc'nye strany Plano Karpi'ni' i' Gi'loma de Ry'bry'ka. Seri'i'a: Py'tes'estvi'i'a. Otkryti'i'a. Pri'kli'y'c'eni'i'a. – Almaty: Gylym, 1993. – 243 s.
10. Bartold V.V. Soc'i'neni'i'a. – T. 1. – M.: Nay'ka, 1965. – 465 s.
11. Pi'kov G.G. Zapadnye ki'dani'. – Novosi'bi'rsk: Vostoc'nai'a li'teraty'ra, 1989. – 200 s.
12. S'i'hab ad-Di'n My'hammad an-Navi'. Ji'zneopi'sani'e sy'lтана Djalal ad-Di'na. Per. s arab. 3. M. By'ni'i'atova. – Baky', 1973. – 140 s.
13. Gry'mm-Gri'jimai'lo G.E. Tangy'ty // I'RG0. – L., 1934. – T. 66. – Vyp. 1.
14. D'Osson K. I'stori'i'a mongolov ot C'i'ngi'zhana do Temerlana. – Alma-Ata: Sanat, 1996. – 256 s.
15. Ras'i'd-ad-di'n. Sbornik letopi'sei'. – T. 1. – Kn. 1. – M.-L., 1952. – 320 s.
16. Pros'loe Kazahstana v pi'smennyh i'stoc'ni'kah. – Almaty: Nay'k, 1999. – 180 s.
17. Materi'aly po i'stori'i' ki'rgi'zov i' Ki'rgi'zi'i'. – M.: Nay'ka, 1973. – Vyp. 1. – 240 s.
18. Bartold V.V. Soc'i'neni'i'a. – T. 5. – M.: Nay'ka, 1968. – 548 b.
19. Kafarov P.I'. Py'tes'estvi'e daosskogo monaha C'an-c'y'ni'a na zapad («Si'- i'y'-tshi») i'li' opi'sani'e py'i'es'estvi'i'a na zapad // TC'RDMP. – Spb., 1866. – T. 4. – S. 28-51.
20. Gri'gorev V.V. I'stori'i'a mongolov ot drevnei's'i'h vremen do Temerlana. – Spb., 1834. – S. 15-31.
21. Aby'l-Gazi' han. Rodoslovnoe drevo ti'y'rkov. – Kazan, 1906. – 120 s.
22. I'vanov A. Pohody mongolov na Rossi'i'y' po ofi'tsi'alnyi' ki'tai'skoi' i'stori'i' I'y'an-s'i' // Zapi'ski' razri'ada voennyi' arheologi'i' i' arheografi'i' i'mperatorskogo ry'sskogo voenno-i'stori'c'eskogo obs'estva. – PG., 1914. – T. 3. – 560 s.
23. Bartold V.V. Soc'. – T. 2. c'. 1. – M.: Nay'ka, 1970. – 560 s.
24. A'bilg'azy. Tu'rik s'ejiresi. – Almaty, 1993. – 120 b.
25. Oskarson G., Karpi' I., Mari'y'ssen A. Vli'i'ani'e regi'onalnyh poli'tikov na otraslevy'i'y' poli'tiky // Regi'onalnai'a ekonomika i' sotsi'ologi'i'a. – 2000. – № 4. – 102-122-bb.
26. Gy'mi'lev L. Drevni'ai'a Ry's i' Veli'kai'a step. – M.: AST, 2000. – 848 s.
27. Kli'as'tornyi' S.T., Sy'lтанov T.I'. Letopi's treh tysi'ac'eleti'i'. – Alma-Ata: Ray'an, 1992. – 376 s.
28. Muhamed Hai'dar Dy'lati'. Tari'hi' Ras'i'di'. – Almaty: Gylym, 2005. – 330 b.
29. Bartold V. C'i'ngi'z han (slovarnai'a stati'a) // Entsiklopedi'c'eski'i' slovar Brokgay'za-Efrona. – T. 38 a. – Spb., 1903. – 520 s.
30. Tynys'paev M. Veli'ki'e bedstvi'i'a... (Aqtaban s'ubyryndy). – Alma-Ata: Jalyn, 1992. – 152 s.
31. Batyrlar jyry. – Almaty, 1987. – T. 3. – 220 b.
32. Mong'oldyn' qupi'i'a s'ejiresi. (XII-XIII g'asyrlardag'y ko's'peliler s'ejiresi) Ay'd. M. Sultani'i'auly. – Almaty: O'ner, 1998. – 224 b.

Ф.М. Шамшиденова¹

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, к.и.н.
г. Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ТЮРКСКИХ ПЛЕМЕН НИЗОВЬЕВ ТОБОЛА

Резюме

В статье рассматривается социально-политическое положение найманов, меркитов, онгутов (уаки). Автор на основе китайских, монгольских, русских, тюркских источников анализирует расселение племен в низовьях Тобола, их верования, политическую историю.

В статье дается пояснение по этимологии, выполнение военных задании уаков приграничных районах, автор показывает исторический портрет Алакус тегина. В 1182 году монголы воевали с меркитами, в 1208 г. они оказались в Иргизе, здесь, объединившись с куманами, они воевали против монголов. В статье показана роль династийных браков в посольских отношениях.

Ключевые слова: племя, война, монгол, гурхан, кочевья, религия, печать.

Shamshidenova Fakiya¹

Ch. Valikhanov Institute History and Ethnology, Candidate of Historical
Sciences Summary
Almaty, Kazakhstan

THE SOCIO-POLITICAL SITUATION OF THE TURKIC TRIBES OF THE LOWER REACHES OF TOBOL

Summary

The article deals with the socio-political situation of the Naimans, Merkits, Onguts (Wakies). The author, based on Chinese, Mongolian, Russian, and Turkic sources, will analyze the distribution of tribes in the lower reaches of Tobol, their beliefs, political history.

The article gives an explanation on etymology, the fulfillment of military tasks of Uaks in border areas, the author describes the historical portrait of Alakus tegin. In 1182 the Mongols fought with Merkit, they were driven to Irgiz in 1208, where they united with the Kumans, fought against the Mongol. The article shows the role of dynastic marriages in ambassadorial relations.

Key words: tribe, war, Mongol, gurkhan, nomads, religion, seal.

УДК 94 (4): 94 (5)

Я.В. ПИЛИПЧУК.¹

¹младший научный сотрудник отдела Евразийской степи
Института востоковедения НАН Украины, к. и. н.
г. Киев, Украина

ОТНОШЕНИЯ КРЫМСКОГО ХАНСТВА С АВСТРИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ

Аннотация.

Эта статья посвящена отношениям Крымского ханства с Австрийской империей. Длительный период времени в XVI в. Крымское ханство как вассал Османской империи присылало войска к австрийской части Венгрии. Интриги Синан-паши Чагала-заде обусловили переговоры Гази-Гирея II с австрийским кайзером и его протеже - трансильванским князем Жигмонда Батори в течении 1596-1598 гг. С отстранением от командования Синан-паши отношения Гиреев с Османами Гази-Гирей II останавливался на зиму в венгерских городах и принял участие в ряде турецких кампаний в Венгрии. Особенно важной была их участие в кампании 1602, когда благодаря их участию войско Жигмонда Ракоци было побеждено в битве под горой Ротентон. Стоит заметить, что Гиреи после турецко-австрийских войн неоднократно направляли послов в Прагу и Вену. При этом инициатива дипломатических контактов исходила в основном от крымских ханов. Периоды активных дипломатических контактов с Габсбургами прерывались войнами в которых крымцы было вынуждены участвовать как вассалы Османов. В кампаниях 1663-1664 и 1683 гг. они были больше озабочены вопросом получения ясыря чем помощью туркам и совершали глубокие рейды в Словакию, Моравию, Австрию. Гиреи враждебно относились к Кара-Мустафе. Крымцы сыграли заметную роль в успехах турок в 1688-1690 гг. И

благодаря их помощи было одержано несколько побед в Валахии и Сербии. Во время войн XVIII в. крымцы без больших успехов воевали против австрийцев на территории Молдовы и Валахии. Турки использовали их прежде всего как вспомогательные войска заменив ними отряды акынды. Войны против Австрии не вызвали интереса у крымцев и когда Фридрих II Гогенцоллерн предложил Крым-Гирею воевать против Габсбургов, тот привел причины чтобы не воевать. Союз с Пруссией Гиреи стремились использовать против России, а вовсе не против Австрии. Австрийцы в свою очередь во время турецко-австрийской войны 1787-1791 гг. Войну против Гиреев считали второстепенным фронтом.

Ключевые слова: Австрийская империя, Габсбурги, Крымское ханство, Гиреи, Османы, дипломатические отношения, австро-турецкие войны.

Одним из до сих пор малоисследованных вопросов являются отношения Крымского ханства с Австрией. Не можно говорить, что этот вопрос никто не изучал. Посольства крымцев в Австрию исследовала М. Иванич [1]. О крымском посольстве 1655 г. упоминал в своей статье Я. Федорук [2]. Но до сих пор проблема отношениях Крымского ханства с Габсбургами фрагментарноисследована. Заданием данного исследования являлась реконструкция целостной картины отношений Австрии с Крымским ханством.

В кампании турков в Венгрии в 1526 г. крымцы не принимали участия. Они были в качестве вспомогательных войск во время походов в Австрию. Объектами их нападений кроме собственно австрийских земель в 1529 и 1532 гг. были и подвластные Габсбургам венгерские земли. В 1533 г. был заключен договор, который закрепил разделение венгерских земель между австрийцами и турками. Союзником крымцев был правитель проосманской части Венгрии Янош Заполяя. В 1543 г. крымцы помогали Османам во время осады Секешфехервара. В 1566 г. они помогали Сулейману брату Сигетвар. Во время этой войны турки и австрийцы воевали за контроль над Трансильванией. Во время правления в Трансильвании Иштвана Батори (Стефана Батория) в 70-х гг. XVI в. отношения Трансильвании с Крымским ханством были союзными. Жигмонд Батори до перехода на сторону австрийцев также был союзником татар. Татары вторглись в Трансильванию конце 90-х гг. XVI в. [3, р. 29-31; 4, с. 202-206; 5; 6, с. 61-62].

В 1593 г. австрийский посол Э. Лясота сообщал, что хан собирает у Аккермана войско для похода на Венгрию. Они проходили через польские владения и, возвращаясь из похода на Венгрию, проходили через дунайские княжества. В хронике М. Бельского сказано, что перед тем, как вторгнуться в Венгрию, крымцы прошли галицкими землями. И. Бельский писал о том же и указывал, что крымцы помогли туркам взять крепость Рааб. Кроме того, и запорожцы знали о подобных намерениях татар. Особенно активно крымцы помогали туркам во время войны 1593-1606 гг. В 1594 г. в Венгрию вторглось 20-22 тыс. крымцев. Гази-Гирей II принимал участие в осаде крепости Рааб. Они помогали туркам Синана-паши Чагала-заде во время осады Эгера в 1595 г. Значительную роль во взятии города играл Фетих-Гирей. Крымцы зимовали в Венгрии в 1594, 1598-1599, 1602-1603, 1604-1605 гг. Хотя хан Гази-Гирей II получал от султана 30-50 тыс. акче, но этого было недостаточно, и крымцы опустошали венгерские земли [7, с. 40-42; 8; 9, s. 1435-1458, 1711-1719; 10, s. 215-220, 223-226].

Калга Фетих-Гирей взял Эрлау (Эгер) в 1595 г. и спас османское войско, когда австрийцы пробивались к шатру султана. Вместе с турецкими войсками Синан-паши они вынудили христиан бежать. Паша замыслил плохое, предложив ханский престол Фетих-Гирею, провоцируя его конфликт с Гази-Гиреем II. Новопровозглашенный хан успел войти в контакт с Жигмондом Батори. В ярлыке Фетих-Гирея к нему обращались очень вежливо, подобно тому, как обращались к Чингизидам. В 1597 г. Гази-Гирей II не отозвался на просьбу прийти в Венгрию, а также отказывался оказывать помощь султану против бунтовщиков-джезаялей в Анатолии. В 1602 г. крымский хан вернулся

из венгерского похода без санкции султана. Когда возник эпизод с Фетих-Гиреем и обострились отношения с Османами, крымский хан обратился за помощью к Молдове, Валахии, Трансильвании, Австрийской империи, Речи Посполитой и запорожским казакам, и только кардинальное изменение позиции турков по отношению к хану обеспечило участие крымцев в походах против австрийцев в Венгрию. В 1603 г. хан отказался выступить в поход против кызылбашей шаха Аббаса. В 1603 г. Гази-Гирей II сообщал об своих враждебных отношениях с Османами и просил поляков отправлять больше огнестрельного оружия в Крым, от чего Сигизмунд III Ваза удержался. Уже в следующем году, по данным Ибрагима Печеви и Халим-Гирея, хан прибыл в Белград и пребывал в Венгрии. Это была его последняя центральноевропейская кампания. Кампании в Венгрии были сложны. Турки и крымцы терпели потери при осаде Сомбора, и хан отобразил это в своих стихах [11; 12; 13, с. 352-377; 14, s. 125-128; 15, с. 446-462; 16, s. 92-113; 10, s. 236-253; 9, s. 1725-1726, 1728-1743; 17, p. 590, 596; 18, p. 628-631].

Қаулысын қабылдады. Министрліктер мен тиісті ұйымдар нақты тапсырмаларын алды. Қорғаныс министрлігінде ЗҚҚ полигоны - «А» полигонының орналасу орнын анықтау мақсатында арнайы комиссия құрылды. Оны майдангер, Кеңестер Одағының Батыры, артиллерия генерал-лейтенанты Сергей Ниловский басқарады.

Бірнеше нұсқаның ішінен КСРО Әуе Қорғанысы Күштерінің Бас қолбасшысы, Маршал Сергей Бирюзов Балқашқа таңдау жасайды.

1956 жылдың жазында Балқаш көлінің жағалауында Бетпақдала шөлінде, Сарышаған теміржол станциясына жақын жерде жаңа Балқаш полигонының (кейін № 10 мемлекеттік ЗҚҚ ғылыми-зерттеу тәжірибе полигоны аталған, Сарышаған полигоны атымен де белгілі) құрылысы басталды. Кейін оның жер көлемі 81 200 кв. км құрады. Бұл Еуропаның Бельгия мен Нидерланды мемлекеттерінің аумағына сәйкес келеді екен. Полигонның әкімшілік орталығы Балқаш көлінің жағалауында салынған Приозерск қаласы болды. Полигонның тұңғыш Бастығы болып Степан Дорохов тағайындалды.

Приозерск қаласының «өкіл әкесі» КСРО маршалы М.И.Неделин болды. ЗҚҚ 1 - конструкторлық бюросының (КБ-1) Бас конструкторы Г.В. Кисунькоға Приозерск қаласын салу туралы ұсынысты алғаш болып білдірген де осы М.И. Неделин еді: «... орта қашықтықтағы баллистикалық зымырандар құлап түсетін жаңа аймақ Балқаш көлінен батыста орналасқан Бетпақдала шөлінде салынады. Бұл табиғаты қатал шөлді аудан, мал жаюға да жарамайды. Тасты, сусыз, құнарсыз шөл. Бірақ полигонның басты тұрғын қаласын Балқаш көлі түбінен салуға болады. Оның суы таза, сондықтан құла дала жағдайында қала тұрғындары рақатқа бөленер еді...» [5].

1957 жылдың қазанында Сарышағаннан зымыранға қарсы В-1000 қаруы бірінші сынақтан өтсе, артынша 1961 жылдың 4 наурызында ол Капустин Ярдан ұшырылған Р-12 баллистикалық зымыранының бастиек бөлігін жойды. Бұл оқиға әлемдік деңгейдегі зымыранға қарсы тұңғыш қарудың пайда болғанын паш етті.

Кейін Н.С. Хрущевтің «Біздің зымыранымыз ғарышта шыбынға да дөп тиеді» («Наша ракета, можно сказать, попадет в муху в космосе») [6], - деп мақтанышпен айтқан сөздері осы оқиғамен байланысты еді. Америкалықтардың бұл нәтижеге қол жеткізуі үшін 23 жыл (1984 жылдың 10 маусымы) уақыт керек болған.

1960 жылдың 1 мамырында «белгісіз» Приозерск қаласында еңбек етуші ұшқыш - Борис Бункин Свердловск маңында америкалық У-2 зымыраны, 1962 жылдың 27 қазанында Қазақстан жерінде жасалған С-75 зымыраны Кубаның Банес қаласы маңында екінші У-2-ні ұшырып түсіреді. Вьетнам соғысы жылдары 1965 жылдың 24 қарашасында әлемдегі тұңғыш әуе шабуылына қарсы ұрыста Приозерск АҚШ-ның әскери-әуе күштеріне нағыз тосқауыл ұйымдастырды.

Мұрағат деректерінің мәліметтері Қорғаныс министрлігінің «А» полигоны үшін қосымша жерлер бөлу туралы сұранысына сәйкес КОПК ОК мен КСРО МК-нің 1959 жылдың 13 мамырындағы № 514-232сс және 1960 жылдың 30 мамырындағы № 560-226сс қаулыларына сәйкес бөлінетін қосымша жерлер туралы ақпараттар береді. Бұл мәліметтер жоғарыда полигон басшылары айтқандай «табиғаты қатал» болғанымен, «шөп өспейтін, адам тұруға жарамайтын жерлер» емес екендігін дәлелдейді. Полигонға бөлінетін қосымша жерлер Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл облыстары аумағынан берілуі тиіс болды.

1960 жылдың 8 маусымындағы (№ 377) Қаз КСР Министрлер Кеңісінің аталмыш полигон үшін бөлінетін жер телімдері туралы хатына сәйкес Қарағанды облыстық КП Хатшысы М. Соломенцев, Еңбекшілер депутаттары облыстық атқару комитетінің Төрағасы В. Шибаевтың Қазақстан КП ОК Хатшысы Д. Қонаев пен Қаз КСР МК Төрағасы Ж. Тәшеновке түсірген ұсыныстарын (04.08.1960 ж., № 20-ОП) зерделеп көрелік.

Ұсыныста «КСРО Қорғаныс министрлігінің қажеттіліктері үшін Жезқазған мен Жаңақорған аудандарынан бөлінуі тиіс жер телімдерінің Байқоңыр, Қарсақпай, Жетіқоңыр совхоздарының, ішінара Ұлытау ауданының Сарысу және Ұлытау совхоздары, Қарағанды халық шаруашылығы кеңесіне қарасты Кеңгір және Теректі совхоздарының пайдалануындағы негізгі жер қорларын қамтитындығы» айтылады [7]. Осы құжатта жоғарыда аталған аудан, совхоздардың Қорғаныс министрлігі пайдасына

алынатын жер телімдері (қысқы, күзгі жайылым көздері, тұрғын үйлер, мекемелер, шабындық жерлер), ондағы мал басының саны туралы мәліметтер назар аудартпай қоймайды. Мәселен, бір ғана Байқоңыр совхозының пайдалануындағы 553,6 мың га жер көлемінің 350-370 мың га, оның ішінде Қарақұм мен Құянқарта, Киіқтабан, Ақшала шатқалдарындағы шабындық жерлер мен қысқы және жазғы жайылым көздері бар еді. Совхоздағы мал басының саны 80,2 мың бас қой, 2,6 мың бас ірі қара мал, 1,0 мың бас жылқыны құраса, соның ішінде 60 мың бас қой (75%), 1,5 мың бас ірі қара (58%), 800 бас жылқы (80%) полигон пайдасына бөлінетін жерде қоныстанған екен. Осы совхозға қарасты 60 қой қора, 15 сиыр қора, 3 бұзау қорасы, 85 тұрғын үй, бастауыш мектеп, 15 керуеттік аурухана және 1 радиостанция бар болып шықты.


Қорғаныс министрлігі үшін бөлінетін аталмыш аудандардан көшірілуі тиіс мал басы мен тұрғын үй саны туралы облыстық ауыл шаруашылық Басқармасының бастығы В. Голушконың төмендегі анықтамасы баяндайды [8]:

Кесте 1- Қорғаныс министрлігіне бөлінетін аумақтан көшірілуі тиіс мал басының саны туралы анықтама

№	Совхоздар	Қой (мың бас)	Ірі қара ал (мың бас)	Жылқы (мың бас)	Тұрғын үй (дана)
1	Байқоңыр	60	1,5	0,8	85
2	Қарсақпай	25,4	1,0	1,2	48
3	Жетіқоңыр	60,7	2,3	0,7	283
4	Сарысу	25	0,2	0,2	100
5	Ұлытау	14	-	-	30
	Барлығы	185,1	5,0	2,9	546

Мәліметке сүйенсек, 1 500 жан-ұя немесе 3 000 адам көшірілуі тиіс болған. Облыс басшылығы совхоздарды жаңа жерлерге көшірудің шығыны алдын-ала есептеу бойынша 55-60 миллион сомды құрайтындығын айта келе, осы мәселелердің оң шешімін сұрап, өз ұсыныстарын білдіреді.

Ақтөбе облысы бойынша 1960 жылы «А» полигоны пайдасына бөлінген, оған қосымша 1962 жылы бөлінуі тиіс жер көлемі туралы облыс әкімшілігінің мына сөзбасы да назар аудартады [9]:



1962 жылы берілуі тиіс жер көлемі 1960 жылы полигонға (11284 әскери бөлім) берілген жер телімімен шамалас (шамамен 2/3 бөлігін) келеді.

ҚазКСР Ауыл шаруашылық министрі Г. Мельник 1962 жылдың 1 маусымында Қазақстан КП Орталық Комитетіне жолдаған хатында «А» полигонының аумағын кеңейтуге қатысты қосымша бөлінетін жер телімдерін белгілеу мақсатында 1962 жылдың мамырында ҚазКСР МК, Су шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі, КСРО Қорғаныс министрлігі өкілдерінің Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе облыстарына іс-сапары барысында «ҚазКСР-нен қосымша 6 135 мың га жер бөлуді шешкендігін» және соған байланысты туындайтын үлкен

киыншылықтарды ашып көрсетеді [10]. Г. Мельник «оның ішінде 770 мың га – Ақтөбе облысы, 143 мың га – Қызылорда облысы, 5 102 мың га – Қарағанды облысы және 120 мың га – Жамбыл облысы аумағынан белгілендігін» жазады. Ең көп мөлшерде 5 102 мың га жер Қарағанды облысынан бөлінуі тиіс болды (Жалпы полигонның аумағы 81 200 кв. км құраса, оның ішінде 49 200 кв.км Қарағанды облысынан еді - автор).

Полигон пайдалануына берілетін бұл жерлер Ақтөбе облысының «Тәуіп», Қызылорда облысының «Приарал», «Қарақұм», Қарағанды облысының «Байқоңыр», «Қарсақпай», «Жетіқара», «Сарысу» сияқты мал фермалары мен совхоздарының пайдалануында болатын. Мұның сыртында жаз айларында (15 сәуір мен 15 қараша аралығы) Қызылорда мен Шымкент облыстарының 22 колхозы мен 13 совхозының малы жайылатын. Сонымен қатар, осы аумақта 1 022 жан-ұя немесе 4 501 адам қоныстанған. Құжат мәліметтеріне сүйенсек, 1961-1962 жж. аталмыш облыстардың совхоздары мен колхоздарының 4 мың бас ірі қара малының – 2 мыңы, 860.5 мың бас қой, ешкісінің – 326 мыңы, 29.8 мың бас жылқы, түйесінің – 6 мыңы осы полигонға берілгелі отырған аумақта тұрақты түрде жайылған. Мұның сыртында бұл аумақта тұрғын үйлер, ондаған мал ұстайтын қоралар, шеберханалар, мал емдейтін медицина пункттері, дүкендер, радиостанциялар мен электрстанциялары, мал тоғытатын астаулар, түрлі суландыру жүйелері, (шахталық және бұрғылау құдықтары, плотиналар) болған. Бұған қосымша совхоз жұмысшылары мен қызметкерлерінің жеке меншігіндегі 67 тұрғын үй де бар.

Министрлік басшысының көрсетуінше, облыстардың қолданысынан алынғалы отырған бұл жердегі құрылыстардың жалпы құны 1962 жылдың 1 қаңтарына 3 434,9 мың сомды құрайды.

Министр аталмыш жер телімдерінің «А» полигоны пайдасына берілген жағдайдағы шығын көлемінің төмендегідей болатындығын жеткізеді:

«1. Тікелей шығын көлемі – 3 434,9 мың сом (аумаққа бөлінген пайдаланылмаған шығындар), оның ішінде жұмысшылардың жеке меншігіндегі үйлер – 128 мың сом, колхоздардың құрылысы 215,1 мың сом;

2. Қосымша қаржы бөлу қажеттілігі, оның ішінде 10 518 мың сом суландыру жүйелері үшін (оның 8 990 мың сомы Қызылқұм құмдарында пайдалану мақсатында);

3. Көшірілетін тұрғындарға төленетін өтемақы – шамамен 150 мың сом көлемінде» [11].

Осылайша, мұрағат деректері Қазақстан аумағында қоныс тепкен алып полигондардың «адам тұруға келмейтін, шөп шықпайтын, мал жаюға жарамсыз» аумақтарда ғана орналаспағандығын көрсетеді. Керісінше, олардың әлеуметтік-экономикалық және моральдық-психологиялық зардаптармен қатар жүргенін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ильин В.Г. Город как концепт культуры: дисс. ... докт. социол. наук. – Ростов-на-Дону, 2004; Рясков С.А. Социокультурное развитие закрытых городов Урала (Вторая половина 1940-х-середина 1980-х годов): Дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Екатеринбург, 2004; Кузнецов В.Н. Общественно-политическая жизнь в закрытых городах Урала (вторая половина 40-середина 50-х гг.). – Екатеринбург, 2004; Крамаренко В.Н. Государственная политика СССР по созданию и развитию закрытых административно-территориальных образований в 1945-1991 гг. (на материалах Нижнего Поволжья): Дис.... канд. ист. наук: 07.00.02. – Астрахань. – 2007; Реут Г.А. Становление и развитие г. Железнодорожска (Красноярск-26) как закрытого административно-территориального образования атомной промышленности (1950-1991 гг.): монография [Г.А. Реут, А.П. Савин; КГПУ им. В.П. Астафьева. – Красноярск: КГПУ им. В.П. Астафьева, 2007. – 278 с.; Мельникова Н.В. Закрытый город: население и его менталитет (1950-1960 гг.): Институт истории и археологии УрО РАН, 2001, т.б.

2. ЗАТО на бывшей территории СССР. // gi.yukiperclia.org [Закрытое_административно-территориальное образование. (дата – 26.09.2017)

3. ГАРФ. 5446-к., 106-т., 468- іс, 2-8-пп.; 29-32-пп.

4. Засекреченный подвиг в казахстанской степи // <https://www.google.ru/url?sa> (дата – 03.08.2017)

5. Кисунько Г.В. Секретная зона: Исповедь генерального конструктора. – М.: Современник, 1996. – 510с // <https://www.google.ru/url?sa=>
6. Хрущев Н.С. Наша ракета, можно сказать, попадет в муху в космосе // <https://go.mail.ru/search?fm=> (дата – 21.08.2017)
7. ҚР ПМ. 708-қ., 1/1-т., 30-іс, 183-186-пп.
8. ҚР ПМ. 708-қ., 1/1-т., 30-іс, 187-п.
9. ҚР ПМ. 708-қ., 1/1-т., 37-іс, 69-п.
10. ҚР ПМ. 708-қ., 1/1-т., 37-іс, 34-п.
11. ҚР ПМ. 708-қ., 1/1-т., 37-іс, 36-п.

С.Х. Байдильдина¹

¹кандидат исторических наук, доцент АУЭС
г. Алматы Казахстан

ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ПОЛИГОНА «А» (САРЫШАГАН)

Резюме

Статья посвящена истории создания первого в СССР противовоздушного полигона «А» (Сарышаган) на территории Казахстана. Методология анализа основана на изучении исторических источников (воспоминания, мемуары) и архивных материалов.

На основе мемуаров главного конструктора полигона, видных советских военачальников, непосредственно участвовавших в строительстве объекта и ранее засекреченных архивных материалов под грифом «секретно», «совершенно секретно» из Архива Президента РК, автор пытается проанализировать реальную ситуацию в выделении огромной территории в пользу полигона в Казахстане. По мнению автора, эти земли не совсем были непригодными для пользования местным населением. Напротив, это были земли, где размещались десятки животноводческих ферм и зимовок совхозов, сотни тысяч голов скота и постоянно проживали сотни семей рабочих совхозов и колхозов региона. Социально-экономические и морально-психологические последствия были достаточно ощутимыми для местного населения.

Ключевые слова: Закрытые административно-территориальные образования (ЗАТО), противовоздушный полигон «А», противовоздушная ракета, «холодная война».

S.H. Baidildina¹

¹Candidate of historical sciences, Associate Professor of AUPET
Almaty, Kazakhstan

THE HISTORY OF CONSTRUCTION OF THE TEST SITE «A» (SARYSHAGAN)

Summary

The article considers the history of the creation of the first anti-aircraft test site «A» in the USSR.

The methodology of the analysis is based on the study of historical sources (memoirs) and archival materials.

The author tries to analyze the actual situation in the allocation of a huge territory in favor of the test site in Kazakhstan, based on the memoirs of the test site's chief designer and previously classified archive materials. According to the author, these lands were not completely unusable for vital activity of a local population. On the contrary, those were lands where dozens of livestock farms and wintering areas of the farms, hundreds of thousands of livestock heads and hundreds of families of workers of farms and collective farms were located in the region. The socio-economic and moral-psychological consequences were quite appreciable for the local population.

Key words: Closed administrative-territorial entities (CATE), anti-aircraft test site «A», anti-aircraft missile, «cold war».

**ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ
ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES**

ӘОЖ 930.221 (574)

О. САПАШЕВ¹

¹әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті Шығыстану факультеті
ТҮРКСОЙ кафедрасы, доцент, ф.ғ.к.
Алматы қ., Қазақстан

Ө. ТҮЯҚБАЕВ²

²әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ
кафедрасы PhD докторанты
Алматы қ., Қазақстан

**«ХАДИҚАТ АЛ-‘АРИФИННИҢ» АГИОГРАФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМА
РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ-ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**

Аннотация

Мақала Исхақ жожа ибн Исма’ил Ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадикат ал-‘арифин» (XIV ғ.) атты агиографиялық шығармасына арналған. Мақалада түркі тілінде жазылған шығарманың сопылық дәстүрді баяндаған контекстіндегі апологетикалық аспектілері қарастырылады. Сондай-ақ, автордың шығарманы жазуда алдына қойған негізгі мақсаттарын ашықтайтын мотивтер талқыланады. Осылайша, «Хадикат ал-‘арифиннің» түркі-мұсылмандық социумының дереккөзі ретіндегі тарихи-мәдени және деректік маңызы ашықталады.

Түйін сөздер: Түркі әлемі, ортағасыр, социум, сопылық агиография, апологетика, рухани мұра, шағатай тілі

Орталық Азия өңірінің тарихи-мәдени өміріндегі сопылық мектептердің және ірі өкілдерінің рөлі, орны, олардың қоғамдық өмірдегі белсенділігі соңғы жылдары көп зерттеле бастады. Бұған XIII – XV ғғ. ішкі ұйымдық жүйесі, тәртібі, нақты ілімі қалыптасқан Ясауия, Кубрауия, Нақшбандия сопылық мектеп өкілдерінің ғасырлар қойнауынан жеткен жазба мұраларын зерттеу негіз болып отырғаны анық. Әсіресе, отандық және шетелдік ғалымдардың сопылық жазба деректерге жүргізген зерттеулері XX ғ. соңына таман тақырыптық жағынан кеңейіп, жүйеленіп, методикалық сипат алғалы, сопылық ілім ұстанған дін қайраткерлерінің жергілікті жерлердегі әлеуметтік, қоғамдық өміріндегі орны жайлы батыл пікірлер айтыла бастады [1]. Оның үстіне әр елдің кітап қорларында сақталған мол мұралардың қолжетімді каталогтарда хатталуы, сандық нұсқада көшірмелерінің жасалуы, нәтижесінде жаңа деректердің табылып, оларға тыңғылықты мәтіндік зерттеулердің жүргізілуі зерттеушілерге мол мүмкіндік берді.

Индиана университетінің профессоры, исламтанушы, белгілі зерттеуші Девин ДиУиз: «Орталық Азияда XIII ғасырдан кейінгі Ислам дінінің ерекшелігін терең тану, анықтау үшін үш ірі сопылық дәстүрлері арасында Ясауи мектебінің мұрасы – өзге Нақшбандия, Кубрауия секілді емес, өте шектеулі және санаулы ғана. Ясауи мектебінің географиялық таралу ауқымы де кең емес, алайда, оның мұралары Орталық Азиядағы барлық қоғамдық қабаттарында Исламның орнығуы аспектілерін кеңірек қарастыруға мүмкіндік беретін дүние екенін кейінгі зерттеулер көрсетті. Ясауи дәстүрін жан-жақты қамтыған бүгінгі зерттеулер Ясауи тарихы аспектілері төңірегіндегі жадымызда қалыптасқан бірқатар түсініктерді қайта қарастыруға мәжбүрлейді» (Among the three major Sufi traditions native to Central Asia - the others being the Naqhsbandiya and Kubrawuuya

- the Yasavi tradition is at once the most limited in scope - since its legacy outside Central Asia is almost negligible - and the most deeply revealing about the distinctive features of Islam in Central Asia after the 13-th century. It is revealing because the Yasavi tradition came to reflect, and to shape, the assimilative processes that made Islam meaningful to the broadest segments of Central Asia society; its limited geographical range, however, has helped to make the Yasaviyya the least-studied aspect of Central Asian Sufi legacy. The present contribution, drawn from a broader re-examination of the Yasavi tradition, will explore just one of the many aspects of Yasavi history of which our understanding is in need of revision) - деп жазады [2, 182-б.]. Ал белгілі Қожа Ахмет Ясауи ілімін зерттеуші, философ-ғалым Досай Кенжетай: «Қожа Ахмет Ясауи дәуірінен кейінгі ғасырларда оның мұрасын насихаттау және зерттеулердің нәтижесінде ерекше мәдениет, яки дәстүр қалыптасқаны байқалады. Ясауи мұрасы туралы жазылған, жинақталған, зерттелінген мәдениеттің өзін шартты түрде «хикмет дәстүрі», «түркі ілімі» және «ясауитану» деп, үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ал тәуелсіздіктен кейінгі ясауитану жаңа сатысын төртінші кезең ретінде бағалауға болады», – дейді [3, 9-б.].

Жалпы, сопылық әдебиеттің қалыптасуына қысқа шолып өтсек, ол Х ғ. толық қалыптасып, кейінгі ғасырларда мұсылмандық өңірлерде жергілікті жердің әдеби үлгісімен, танымдық жүйесімен, өзіндік ерекшеліктерімен түрлі жанрларда дами түседі. Орталық Азия сопы өкілдері ХІІ ғасырдан бастап өзіндік түркі әдеби дәстүріндегі диуан, хикмет, қиссалардан басқа, араб-парсы жазба мәдениеті үлгісіндегі биографиялық жинақтар (табақат), агиографиялық шығармалар (манакиб, тазкират), дидактикалық трактаттар (рисала) практикалық нұсқаулықтар (малфузат), т.б. сопылық ғылымының («илм ат-тасаууф») негізгі аспектілерін қамтыған бірнеше ауқымды шығармалар тудырды. Әр шығарма сол замандағы әлеуметтік-қоғамдық өмір талаптарынан туындағаны және оған нақты бір тарихи, мәдени құбылыстардың түрткі болғаны анық. Сондықтан, ғасырлар қойнауынан бүгінге аман жеткен әр бір шығарма ғылыми тұрғыдан қаралуға әбден лайықты.

Сондай кешенді зерттеуді қажет ететін, назардан тыс қалмай, ғылымдағы әділ бағасын алуы керек Қазақстан территориясында жазылған бірнеше мұралар бар. Соның бірі – діндарлығымен қатар, түркі әдебиетін қалыптастыруда елеулі орны бар Исхак Қожа ибн Исмағил Ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадиқат ал-‘арифин» шығармасы. Бүгінде бұл шығарманың Кабул, Упсала және Ташкент қалаларының кітапхана, мұрағат қорларында сақталған он қолжазбасы белгілі [4]. Шамамен ХІV ғасырдың соңғы ширегінде жазылған бұл шығарманың қолжазбалары бізге түп нұсқасында емес, нарративті сипатта жеткен.

Нарративті деректер өз кезегінде әр ғасырдағы зияткерлік белсенділіктің ізі қалған, ілгеріде өткен бабалардың тереннен тамыр тартқан тарихи танымы мен түйсігінен дерек берер маңызды дүние саналады. Десе де, нарративті деректерді зерттеудің біршама қиындықтары бар: бірінші, бірнеше нұсқада жетуі; екінші, мәтінінің әр кезеңнің әлеуметтік, саяси, мәдени жағдайларға бейімделуі; үшінші мәтіннің көшіруші тарапынан түзетілуі немесе сюжеттердің қосылуы немесе ұмыт қалуы; төртінші, тарихи оқиғалардың, басты кейіпкерлердің аңыз-мифтік, эпикалық сипат алуы және оқиғалардың бір жақты баяндалуы, т.т. Бұндай деректерден нақты бір тарихи-мәдени көріністі, үдерісті қарастыру үшін мәтіннің әр сөзіне, ондағы негізгі ойға, эмоцияға, тілдің табиғатына, персоналияға, автордың өмір сүрген кезеңіне, шыққан ортасына мұқият үніліп, ой тарқатуға тура келеді.

Біз мақаламызда «Хадиқат ал-‘арифиннің» деректік маңызын Ташкент Мемлекеттік Шығыстану Институтына қарасты Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыс қолжазба орталығының қорында сақталған қолжазба нұсқалары негізінде аз-кем ой тарқатамыз.

«Хадиқат ал-‘арифиннің» авторы және есімнамалар

«Хадиқат ал-‘арифиннің» авторы Исхак қожа ибн Исмағил Ата әл-Қазығурти ат-

Туркистани екенін қолжазбалардың барлық нұсқалары растайды. Еңбектің кіріспе сөзінде Құдайға мадақ, пайғамбарына салауат жолданғаннан кейін: «... бұл рисала (Хадикаул арифин) саликтер құтыбы, шариғатты ашықтаушы, тариқатты баяндаушы, хақиқаттан нұр көрсетуші, түзу жолға сілтеуші Исхак Қожа ибн арифтер сұлтаны, әулиелер құтұбы, сұлтан – Исмағил ата еңбектерінің (рисаласының) бірі» деп көрсетіледі [5, f. 21-б].

Жалпы, мұсылмандық жазба әдебиеттерде пайғамбарлар, сахабалар және үлкен шейхтар мен ғұламалардың аты аталғанда салауат («салла Аллаһу әләйһи уа саллама»), сәлем («әләйһи ас-салам») және тақдис дұғасы («қаддаса Аллаһу сирраһу», «рахматуллаһи әләйһи» т.с.с.) айту дәстүрі бар. Шығарма мәтінінде бұл жайлы (2-баб Амал және дұғалар баяны) кең әңгіме де қозғалады. Бірақ, еңбекте Исхак қожа аты аталғанда сәлем дұға сөздері қосылмайды. Тек қолжазбаның (№2851) кіріспесінде ғана қызыл сиямен «бұл Исхак Қожа ибн Исмағил ата рисаласының бірі» деп көрсеткен тұста «рахматуллаһи әләйһима» (екеуіне Алланың рақымы болсын!) деген бір дұға сәлем айтылады. Мәтіндердегі Исхак қожаның аты аталып, оған дұға-сәлем айтылмайтын және үшінші жақта көрсетілетін жәйттер (бұл шығарма қолжазбаларының барлығына дерлік тән) бізге бірнеше ой туғызады. Біріншісі, «Хадикат ал-‘арифин» көшірмелері Исхак қожаның көзі тірісінде жазыла бастаған деген ой салады. «Хадикат ал-‘арифиннің» алғашқы көшірмесін жазған – Али бин Бай Темір [5, f. 262-б]. Екіншісі, сопылық әдебиетте автордың өзін үшінші жақта көрсетуі жиі кездесетін үрдіс, сол үрдіспен Исхак қожа да өз атын үшінші жақта беруі әбден мүмкін. Сондай-ақ, Исмағил Атаның сөздерін жеткізуші кім екенін білдіру үшін де өз атын әдейі көрсеткен болуы бек ықтимал.

Жоғарыда көрсеткеніміздей «Хадикат ал-‘арифин» шамамен һ.ж. VIII/XIV ғ. екінші жартысында жазылған еңбек. Оған дәлел ретінде шығарма мәтіні мен қолжазба нұсқаларының жазылу уақытын алып отырмыз. «Хадикат ал-‘арифиннің» бір нұсқасында (№252): «Қашан тарих 800 жылға (һижра жыл санауымен һ.ж.) жетсе, бүлік (фитна) етек ала бастайды» деген келер шақтағы болашақты болжаған сөйлем кездеседі [6, f. 49а]. Сөйлем құрылысы бізді шығарма һ.ж. 800 жылға, яғни 1398 ж. дейін жазылған деген тұжырым жасауға итермелейді. Бұл деректі берген №252 қолжазба һ.ж. 1103 жылдың Раби’ ас-сани айында, яғни 1691 жылдың қазан айында жазылған және екі бірдей толық, қысқа нұсқасын қамтыған. Көшіруші – Исмағил қожа ибн Йағқуб қожа [6, f. 88а].

Шығарманың ең көне нұсқасы Кабулдегі Ауғанстан ұлттық мұрағатында сақталған. Кабул нұсқасы һ.ж. 761 жылы, яғни 1360 ж. Хорезм өңірінде жазылған [7]. Бұл мәлімет шығарманың жазылу кезеңі мен автордың өмір сүрген кезеңін анықтауға мүмкіндік береді.

«Хадикат ал-‘арифин» авторы – Исхак қожа Әлішер Науаидің «Наса’им ал-махабба мин шамай’л ал-футууадағы» дерегіне сенсек, Исфиджаб қаласында өмір сүрген [8]. XVII-XVIII ғғ. аралығында шағатай тілінде жазылған «Сайрам жайлы трактат» жазба деректе Исхак қожаның Сайрам маңында жерлегені айтылады [9]. Бұл трактат каталогта «Мадина ал-Байда’ және Исфиджаб әулиелері жайлы трактат» деп шартты түрде аталған [10]. Ә.Науаи Исхак қожаның әкесі Исмағил ата Қожа Ахмет Ясауидің інісі – Ибрахим атаның ұлы. Исмағил ата бұл дүниеден өтерінде Исхак қожаны өз қолымен 18 ұлының ішінен таңдап, орнына қойып кетіп еді деп көрсетеді (Зохиран Хожа Ахмад Яссавий қ.с. нинг Иброҳим ато отлиғ инисининг ўғлидур ва Хожанинг муриди ва назар қилғонидур ва анга муриду асҳоб бўлубдур. Ва каромоту мақомот ва хавориқи одот бениҳоят ва ёши юзга яқин. Ва авлоди ўн етти, ё ўн саккиз бор эрди ва оламдин ўтарда авлоди орасидин Исҳоқ атони ўз қойим мақоми қилиб оламдин ўтубдур» [11, 328-б.]. Шығыстың ойшыл шайыры Ә. Науаидің берген мәліметтеріне сүйенсек, Исхак қожа әкесінен тәлім-тәрбие алып, шәкірт тәрбиелеген, ханақа ұстаған беделді шейх. Халық аузында жеткен мәліметтерде Исхак қожаның мазары бүгінде

ОҚО Қазығұрт ауданындағы Турбат елді мекенінде. Әмір Темір оның басына арнайы мазар тұрғызған [12]. Ол мазар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жөндеуден өтіп, сәулет ескерткіші ретінде мемлекет қорғауына алынған.

А. Диваевтың халық аузынан жинаған аңызда Исхақ қожаның әкесі – Исмағил Ата да насабы айтып тұрғандай, ұзақ жылдар Қазығұрт тауында көшпенді халықтың қойын баққан. Ол тұтқынға түскен құл бола жүріп, көшпенді халық (аңызда қалмақтар) арасында ұзақ жылдар ислам дінін жайған, сопылықты насихаттаған. Әулиелік керемітін көрген көшпенділер Исмағил Атаға бас бостандығын беріп, кейін ол Шаш, Үзгенд, Сайрам (Исфиджаб) қалаларында діни дәріс жүргізген [13]. Халық жадында қалған Исмағил ата өмірі осындай, ал көне еңбектегі аунтенивті деректі өмірінен біз кездестірген мәліметтер де аңызда айтылған өмірінің кей тұсы растала түседі. Исмағил Атаның ұзақ жыл қой баққанның, көшпелі халық арасында 20 жыл дін насихаттағанын еңбек авторы да жазады [5, f. 223a].

«Хадиқат ал-‘арифин» мәтінінде, басқа да дереккөздерінде Исхақ қожаның туған, өмір сүрген жылдары жайлы нақты дерек кездестіре алмадық. Бірақ, әкесі - Исмағил Атаның «Хадиқат ал-‘арифин» мәтінінде һ.ж. 734 жылы, яғни 1333-34 жж. 120 жасында бұ дүниеден өткені белгілі. Аталған шығармадағы мәліметтерде Исмағил Ата һ.ж. 614 жылы Рамазан айының бірінші күнінде дүниеге келген. Ол жайлы «Хадиқат ал-‘арифинде» «Хазіреті султан ал-‘арифин Исмағил ата дүниеге келгенде мұбарак Рамазан айының бірінші күні еді» деп баяндалады [5, f. 27a].

Исмағил атаның «Насаб-намадағы» дерек бойынша 19 ұлы болған, Исхақ қожа – сол ұлдарының ең үлкені [6, f. 89a]. Сондай-ақ, еңбекте кездесетін Исмағил Атамен замандас болған хандар, шейхтар мен факихтардың белгілі есімдері мен олардың өмір баянын қарастырсақ, Исхақ қожа һ.ж. VIII/XIV ғ. соңғы ширегінде бұ дүниеден өткенге ұқсайды.

Жоғарыда көрсеткеніміздей Ташкент нұсқаларының ішіндегі ең көнесі саналатын №252 инвентарлық номермен №3 фондта сақталған қолжазба «Хадиқат ал-‘арифиннің» мәтінімен қатар, төмендегі қосымшаларды қамтиды:

1. «Хадиқат ал-‘арифин» (ff. 16-85a);
2. «Насаб-нама» (ff. 85a-88a);
3. «Риала фи манақиб Исмағил ата» (ff. 88a-94б).

Исхақ атаның ясауи сопылық ағымындағы силсиласын «Мулхак бис-сурах» (XVI ғ.) атты еңбекте былайша тарағылады: «Исхақ қожа Исмағил ата шәкірті. Исмағил ата Сейіт атаның шәкірті. Сейіт ата Зеңгі баба, Зеңгі баба Хакім ата, Хакім ата Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті» [14, 124-б.].

«Хадиқат ал-‘арифиннің» агиографиялық және дидактикалық жанры

Шығарма ортағасырлық әдеби тіл – шағатай тілінде жазылған, Құран аяттары, пайғамбар хадистері, әулиелер риуаят, хикметтері арап және парсы тілінде беріліп, артынша шағатай тілінде аудармасы беріліп отырады. Тілі ұстамды, жатық, сөйлемдері де қарапайым, әдеби орамдар өте аз. Сопылық ілім насихатталған мәтінінде әрбір хадис, хикмет, хикая түркілік дүниетаныммен астасып жатады.

Автор «Хадиқат ал-‘арифинде» Ясауи сопылық мектебінің ірі өкілі Исмағил Ата әл-Қазығұртидің сөздерін, қызметін, істері (кереметтері) мен насихаттаған ілімін арқау етеді. Прозалық үлгіде нақты бір адамның діни қызметін, ілімін баяндайтын ортағасырлық шығармаларды ғылымда агиография деп атау орныққан. Бұл тұрғыдан келгенде «Хадиқат ал-‘арифинді» агиографиялық шығарма қатарына қосуға болады.

«Хадиқат ал-‘арифин» ұсынған негізгі тақырып – сопылық ілімі, оның ішінде ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас. Он бес бабтан тұратын шығарманың басым бөлігі осы тақырыпқа құрылған: бірінші баб Шейтар рухы; төртінші баб мүрид (шәкірт) әдебі; алтыншы баб құлақ асу (сима’), яғни ілімді игеруі; жетінші баб мүрид қызметі; тоғызыншы баб сопылық (тасаууф) тәртібі, оныншы баб махаббат, он үшінші

баб адамның (шәкірттің) өзіне маңызы жоқ ілімнен бас тартуы (ат-тарк ар-раджули ма ла иу’ниһи); он төртінші баб шейх мақамдары. Қалған бабтары шайх пен мүрид арасындағы ілімдер (пақырлықта болу, мағрифат, хақиқатқа жету, т.т.) мен ритуалдарға (дұға жасау, зікір айту, нәпсімен күресу) арналған. Автор осы ойларды беру үшін нақты аят, хадис пен әулиелер сөзіне жүгіне отырып баяндайды. Кей тұста мұсылмандар арасында кең тараған хикаялар келтіре отырып, содан түйген өз ойын немесе сол турасында аты белгілі шайхтардың ойын ұсынып отырады. Мазмұндық тұрғыдан келгенде «Хадиқат ал-‘арифинді» дидактикалық шығармаға жақын.

«Хадиқат ал-‘арифинде» Исмағил Атаның мал баққан, құлшылық қылған, шейх болып дін күзеткен жерлері – Талас Алатау сілемі, Қаратау, Қазығұрт таулары, Сайрам, Түркістан, әрі де Үргеніш қалалары XIII – XIV ғғ. Үгедей ұрпағы билік құрған Шағатай ұлысына қараған. Исхак қожаның өмір сүрген кезеңі Шағатай ұлысында ислам діні қайта жанданып, мұсылмандардың белсенділігі артқан тұсқа келеді. Ортағасырлық жазба деректерден «Машайх-и турк» – Түркілер шейхы деп аталған Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері Сейіт ата (өл.ж. 1218), Өксік ата (XIII ғ.), Исамил аталардың (өл.ж. 1314) түркі жұрты арасында беделі жоғары болғаны анық. Орталық Азия территориясында сондай-ақ, исламның түкпір-түкпірінен келген факих ғалымдардың, қолына билік тиген қазилардың да саяси-қоғамдық өмірде белсенділігі жоғары болды. Солардың ықпалымен шағатайлық Кебек хан билігі (1307-1326 жж.) тұсында Ислам мемлекеттік дін ретінде орныққаны, мемлекеттің бір кездері орталығы болған Жетісу өңірі провинциялық өңірге айналып, мемлекеттің орталығы Хорезмге ауысқаны, шағатайлық хандардың көшпенділік өмір салтынан біртіндеп қол үзе бастағаны тарихтан мәлім. Хорезмдегі беделді дін өкілдерінің ара кідік көшпенді жұрттың ортасынан шыққан сопы шейхтарының бірқатар ілімдері мен дәстүрін сынға алып отырған. Сондай бір оқиға «Хадиқат ал-‘арифин» қолжазбасының қосымшасы – «Рисала фи манақиб Исмағил Атада» тіркелген; Ходжа Мансур бастаған Ходжа ‘Аббас, ‘Абдаллах Нишапури, ‘Абд ал-Карим Хорезми және т.б. бірнеше лауазымды адамдар Исмағил атаны сынамақ болып Нишапурдан арнайы келеді. Олар Ясауи сопылық мектебінің бірқатар ритуалдары жайлы, әсіресе, «һу» («ара» зікірі деп те аталады) зікірі жайлы бірнеше сұрақ қояды. Сұрақтарына қанықты жауап алған әлгі адамдар Исмағил Атаға қол беріп, шәкірт болып қайтады [5. f. 265-б.]. Осындай жағдайларда апологет сопы шейхтары өз ілімдерін, дәстүрі мен ұстанымдарын қорғау мақсатында агиографиялық, дидактикалық шығармалар жазып, онда діни идеологиялық оппоненттеріне қарсы полемика тақырыптарын құру, өзіндік аргумент жазу жүйесін қалыптастырады.

Агиографиялық шығармадағы апологетикалық және полемикалық мәселелер

Исхак қожа бұл шығарманы жазу кезінде өзі ұстанатын сопылық ілім сонау Мұхаммет Пайғамбар мен сахабаларынан бастау алатынын және сопылықтың негізгі ұғымы мен терминдері (фана’, бақа’, сама’, зухд, ихлас, зимн, т.т.), құлшылықтар (иршад, риязат, зикр, иджитхад, сир, и’тикаф, т.т.) Құран Кәрім, хадис, шарифат талаптарына негізделетінін көрсетуге тырысады. Автордың шығармада көтерген мәселелері өз заманындағы актуалды тақырыптар болса керек, әр қайсысына Құраннан, хадистен және ғұлама-шейхтардың сөзінен, фатуасы мен хикметтерін сілтеме келтіре отырып, әр сөзін исламның қайнар көздерімен негіздейді. Ол «ғылым иелері» туралы айтқан Құран аяттарына, «Ғалымдар пайғамбарлар мұрагері» деген пайғамбар хадисіне арқа сүйей отырып, ғалымдардың сөзі де сопылық ілім негізі бола алады, өйткені, «ғылым – Құдайдың қалаулы құлдарына берілетін нығметі» деген ой ұсынады. «Білгін, Құран – дәріхана. Онда сулы - құрғақтың бәрі баяндалған және ондағы дәрінің бәрі ем. Пайғамбар (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дін жолында дәрігер еді және Құранда «Сен түзу жолға бастайсың» деп, оның баянын берген. Бүгінгі күнде пайғамбар жоқ, бірақ ізін басқан шейхтар бар. Ендігі дәрігерлер солар», - деп сипаттайды. [5, ff. 76а-78-б.].

Артынша ғалымдардың екі түрін көрсетеді: бірі сыртқы ілім - фикх ғалымдары, екіншісі ішкі ілім – тасаууф ғалымдары. Автор соңғы ілім ғалымдарының дәрежесі факих ғалымдармен тең деген оймен қатар, дәрежесі олардан едәуір жоғары деп сендіруге тырысады. Онысын Исақ жожа, сопы шейхтары Құран аяттарын терең мазмұнда ұғынатынын, негізгі мақсаттарын тым әріге «Құдайдың дидары мен махаббатына» қоятындарымен, әулиелік керемет иесі екендігімен түсіндіреді. Сондай-ақ, олардың ішкі жан дүниеге көп үңілетіндерін, Хақты тану жолында үнемі ізденісте (хақа'иқ уа дақа'иқ) болатындарын, нәпсі құлқұнын тізгіндейтін ерік пен күш-жігер тәрбиесіне беріктіктерін атап көрсетеді. Қызырмен сырлас болған, Ілияспен сұхбаттасқан, рухани әлеммен байланыс орнатқан пенде ретінде ерекшелейді. Алланың ішкі жан дүниесімен дидарғашық әулиелерге рухани ғылым мен тақуалық қалай берілетінін Исмағил Ата өмірінен бірнеше мысалдар келтіреді. Соның бір мысалы:

كرا بام هام لآو رال شيمليك هق دوجو هيلع لىلا قمحر اتأ لىع امسا نىفراعلنا اطلس ترضح
مدرب تملظ باش ات يدالملا مسري يدويوق هغيزغأ نىك اجميا يسانا ميك غادنا يدري ناضمر
كنين يسانا يدري مسلوب راطفا تقو نوج هج نوغ امروا نىدمحم ااون و هج نوغ امترات نىسي
يدري راميا نىك اجميا....

Хазіреті сұлтан ал-‘арифин Исмағил Ата дүниеге келгенде мүбарак Рамазан айының бірінші күні еді. Анасы емізсе, емшекті ауызына аламас еді. Күн батып, перде тартылғаннан кейін ғана анасын емер еді. Таң сәріде күн біліне бастаса, тағы да емшекті ауызына салмайтын. Осылайша отыз күн ораза тұтты. Оразаның соңғы күні аспан бұлтты болып, ай көрінбеді. Адамдар ораза күнінің біткенін біле алмай күдіктенді. Анасы (Исмағил атаны) емізіп көріп еді, ол еме бастады. Шейхтың анасы білді, бұл айт күні екенін. [5. f. 27a]

Осылайша автор агиографиялық шығармаларға тән мотивпен бас кейіпкер Исмағил атаның туа бітті әулиелігі мен тақуалығы бар, шариғат пен тариқатты тең игерген, заһидтік (тазаһһуд) пен иджитихадты (таджәһһуд) жанына серік еткен үлкен шайх келбетін ашықтайды. Исхақ жожа тек Исмағил Атаны ғана емес, Ясауи сопылық мектебінің ірі өкілдерін де Құран мен хадистерде сипатталған жүреккөзі ашылған ғылым иелері ретінде таныстырады.

Бұл айтылғандардан екі жәйтті байқауға болады: біріншісі, Исхақ жожа секілді түркі сопыларының сыртқы діни ағымдарға қарсы өзіндік апологетикалық және полемикалық тәсілдері болғанын байқаймыз; екіншісі, түркі жұрты мойындайтын шайхтықтың шарттарын (әулиелігі, хәкімдігі, заһидтігі, кереметі, ыждағаттылығы, т.т.) көреміз.

«Хадикат ал-‘арифин» түркі агиографиялық шығармасында көрінетін тағы бір апологетикалық тәсіл – шайхтың мүридін белгілі бір мақамға жеткізе алатын ағартушылық қабілеті, мүридін алдындағы жауапкершілігі. Исхақ жожаның баяндауынша, шайх тәлімгерге дін үйрететін болса, шейхқа тән жиырма сипатты меңгеріп, мүридін рухани ішкі мерезін дәл басып, оның себептері мен емін көрсете алатын дәрігердей болуы шарт. Шығармада сол Қожа Ахмет Ясауи салған сопылық жолдағы (сулук) шайхтықтың тәртібі баяндалады. Исмағил ата: «шейхтар, дәруіштер мәртебе таппайынша, сопылар бір мақамға жетпейінше бұл тәртіпке көнуі керек. Егер олай болмаса, мұрадқа жетпес»,– дейді [5. f. 64-6]. «Мүридін мақамға жеткізбесе, шайхтықтан пайда жоқ» деген Исмағил Ата дінді емес, дін ұстанатын адамды түзеуші, қоғамды емес, жеке адамды қалыптастырушы қайраткер ретінде көрінеді.

Қорыта келгенде, жергілікті халықтың арасынан шыққан сопы шайхтарының агиографиялық еңбектерінде мынадай мәселелерді ақтап алуға тырысқанын көреміз:

- сопы шайхтарының рухани беделін, олардың діни сауаттылығын;
- олардың үйреткен діни ілімдері исламның қайнар көздеріне негізделгенін;
- жергілікті мұсылмандардың құлшылықтары шариғатқа сәйкестігін;
- сопы шайхтарының дін үйрету дәстүрі Пайғамбарлар мен ілгеріде өткен мұсылмандардың ағартушылық дәстүрімен сабақтасып жатқандығын.

Ортағасырлық жазба деректерде Қожа Ахмет Ясауидің көзі тірісінде оның шәкірттері қатарында 12 мың сұлтан мен 99 мың жай халықтың болғаны, он мың шәкіртінің мақамға жеткені айтылады [15. f. 13-б.]. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі «Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні» деген жолдарда айтылған діни топтар арасындағы полемика, дискуссия мәселелері Исхақ қожа өмір сүрген заманында да сарқылмаған. Сан ғасырларға созылған діни тартыстар құлшылық мәселелері туралы ғана емес, дүниетаным мен құндылық төңірегінде де жүргені жазба деректерден көруге болады. Сол дүниетаным мен құндылық төңірегінде түркі-мұсылмандық социумының қалай қалыптасып, нығайғанын «Хадиқат ал-‘арифин» шығармасында көтерілген басқа да тақырыптар арқылы қарастыруға әбден болады.

Қорытынды

Агиографиялық шығармада тарихи шығармадағыдай емес, тарихи оқиғалар, қоғамдық, әлеуметтік құбылыстар жеке тұлғаның культіне негізделіп суреттелетіні бар. Бұл барлық шығыстық агиографиялық шығармаларға тән ерекшелік. Мысалы, «Зиа’ ал-қулуб» атты парсы тілінде жазылған Нақшбанди сопылық мектебінің ірі өкілі – Исхақ қожа агиографиясында қазақ ханы – Тәуке ханның ажалын Исхақ қожаның пірлігіннен бас тартқанымен байланыстырып, «ит өліммен өлді» деп өз ыңғайларына, мүдделеріне қарай суреттейді [16. 167-178-бб.]. Бұндай бояма мағлұматтарда да бірқатар астарлы тарихи шындық жатуы ықтимал; аталған агиографиядағы «ит өлім» деп суреттеуден Тәуке ханның ауыр кеселден, өз ажалымен ақ төсекте қайтыс болғаны аңғарылады. Сол секілді «Хадиқат ал-‘арифиндегі» Моғол ханы – Жүніс ханның бозбала шағында аң аулап жүріп, Исмағил атаның шәкірттеріне кездейсоқ жолығып, артынша ол оған мүрид болып, дін қабылдаған оқиғасынан Моғол хандығындағы Ясауи сопылық мектеп өкілдерінің беделін аңғаруға мүмкіндік береді. Агиографиялық шығармадағы баяндалған оқиғалар мен тұжырымдардан түркі-мұсылмандық социумының жекелеген тұлғалардың қасында қалай қалыптасатынын, түркі жұртының этникалық жіктелу үрдісінде рухани кемел тұлғалардың қандай орны болғанын аңғарамыз. Халық арасында беделді шайхтардың ел басқару қабілетті, Алланың берген әулиелігі, Хақтың көкірегіне құйған ләдуни ғылымы, ойы ұшқыр хакімдігі, орақ ауыз шешендігі қазақ әдебиетінде жиі кездеседі. Қожа Ахмет Ясауи жөнінде қазақтың жыр-толғауларында:

Пәруар пірдің басшысы –

Қожа Ахмет Ясауи.

Түркістанда бұ да өткен,

Туына жұртын түнеткен [17],

немесе,

Бақса Қағба көрінген,

Басса жерлер түрілген.

Құл Қожа Ахмет Ясауи

Ладун ғылымы берілген [18] деп сипатталады. Белігілі парсы сопысы Фазл Алла ибн Рузбихан Хунджи (1446-1522) өзінің «Мехман наме-и Бухара» атты еңбегінде:

Қожа Ахмет Ясауи –

Ұстанған жолын пайғамбардың,

Оның сөзін сопыларға көрсеткен.

Сөзі түркілерде жалындаған,

Мөлдір судан бастау алған. – деп мадақтайды (ауд. И. Жеменей) [19]. Бұл мәселеде парсы жұртының жазба әдебиеті де, түркі жұртының ауыз әдебиеті де бір арнаға тоғысады. Ортағасырлық түркі тілінде жазылған агиографиялық шығармалардағы диалогтар, аңыз-әңгімелер, хикая, оқиғалар қазақ ауыз әдебиетіне арқау болғаны, немесе керісінше, ауыз әдебиетіндегі мотивтердің агиографиялық шығармаларда баяндалуы арнайы зерттеуді қажет ететін жеке бір тақырып.

Орталық Азияда этникалық топтар қалыптасу процессі жүрген XIV ғ. соңы –

XV ғ. басында «Туына жұртын түнеткен» Ясауидің шәкірттері қандай ілім ұсынды, нендей қасиет, қызметтерімен халық арасында беделді болды, түркі-мұсылмандық социумын қандай құндылыққа, идеологияға жұмылдыра алды деген нақты сұрақтарға жауап табуымыз керек. Бұл тұрғыдан келгенде, түркілік сопылықтың идеясын таратуға бағытталған, шәкіртін Хақ жолының әдебімен, сопылық ілімнің негіздерімен таныстыруды көздеген, көркем мінез-құлықты негіз етіп, рухани кемелдікке ұмтылуды насихаттаған «Хадикат ал-‘арифин» агиография-дидактикалық шығармасы – жекелеген рухани тұлғалардың қасында түркі-мұсылмандық социумының қалыптасу феномендерін бақылауға мүмкіндік беретін құнды дерек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Devin DeWeese. “Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan // Studies in Altaic Civilization III (= Proceedings of the 30th Meeting of the Permanent International Altaistics Conference (PIAC), Bloomington, 1987), ed. Denis Sinor (Bloomington: Research Institute for Inner Asian Studies, 1990; Indiana University Uralic and Altaic Series, Vol. 145), pp. 1-19; Жандарбек З. Яссауи ілімі және қазақ қоғамы. – Алматы, 2004; Кушенова Г.И. «Хазини и история суфизма в Центральной Азии»: Дисс. ... к.и.н. - 07.00.09 – Алматы: Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, 2010.
2. Devin DeWeese. The Mashā'ikh-i Turk and the Khojagān: Rethinking the links between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions // Journal of Islamic Studies (1996) 7 (2): 180-207 pp.
3. «Иассауи жолы» Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығының рухани-танымдық ғылыми журналы. – 2004. – №1. – қазан-қараша. – 9-15-бб.
4. Ташкент Мемлекеттік Шығыстану Институты. Әбу Райхан әл-Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығы. – №1, № 11838, 11941, 12387, 13074, 3853-к.; №3, № 3637, № 3004, 2851, 252-к.; Уппсала Университеті кітапханасы, Nov. 380/XVI (66. 177a 2186), Ауғанстан Ұлттық Мұрағаты. – № 63/19, pt. 3, (ff. 183a 259a).
5. Қолжазба. Исхāk Ходжā бин Исмā’йл Атā ал-Қазифуртī ат-Туркистанī, «Хадикат ал-‘арифин» // ТМШИ, Ә.Бируни ат. ШҚО. – №3. – №2851-қ.
6. Қолжазба. Исхāk Ходжā бин Исмā’йл Атā ал-Қазифуртī ат-Туркистанī, «Хадикат ал-‘арифин» // ТМШИ, Ә.Бируни ат. ШҚО. – №3. – №252-қ.
7. Қолжазбаның сипаттамасы мұрағат каталогында берілген: Мухаммад ‘Азам Афзали. Фихрист-и нусах-и хатти-йи Аршиф-и Милли-йи Афганистан. – Кабул: Кумита-йи Даулати-йи Култур, 1363/1985.
8. Ali Şir Nevai. Nesayimü’l Mahabbe min Şemiyimi’l Fütüvve / Haz.: Prof. Dr. K. Eraslan. – Ankara, 1996. – S. 385.
9. Қолжазба. «Фадилат-е мадинат ал-Байдā’ уа Исфиджāб» // ТМШИ. Ә.Р. Бируни ат. ШҚО. – №12708/II.
10. Трактат о Сайраме / Пер. с чагатай, пердис. и примеч. Ж.М. Тулибаевой. – Астана: Изд. Нац. Цен. археографии и источниковедения, 2007. – 60 с.
11. Алишер Навои. «Насойим ул-мухаббат мин шамойим ул-футувват» / Ред. Хамидхон Ислами. – Ташкент: Мавроннахр, 2011.
12. Диваев А.А. Предание о Хазрети Исмағил-ата // Туркестанские ведомости. – Ташкент. – № 20, – 24-25 (1901).
13. Necdet Tosun. “XIV Yüzyilinda Yazilmiş Catayca Bir Yesevi Eseri: Hoca Ishak b. Ismail Ata'nin Hadikatü'l-'Aarif'i” / Uluslararası Hoca Ahmed Yesevi Sempozyumu. – Istanbul, 2010. – S 157-168.
14. Джамал Карши. «ал-Мулхакат бис-сурах» // История Казахстана в персидских источниках / Ред.: А.К. Муминова, пер.: Ш.Б. Вохидова, Б.Б. Аминова. – Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 416 с.
15. Қолжазба. Мухаммад ал-‘Алїм ас-Сиддїкї ал-‘Алауї. «Ламахāt мин нафахāt ал-кудс» ТМШИ Ә.Р. Бируни ат. ШҚО № 495.
16. В.П. Юдин. Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммад Аваза о казахах XVI века // Центральная Азия в XIV-XVII веках глазами востоковеда. – Алматы: «Дайк Пресс», 2001. – С. 167-178.

17. Жанғабылұлы С. Аманат: Өлең-толғаулар, жыр-дастандар. / Құр.: Ж. Жылқышыұлы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996. – 386 б.

18. Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жырлар: Өлеңдер мен поэмалар. / Құр.: Т.С. Сағыбалдин, Р. Зияуйтденов. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.

19. Жеменей И. Түркі даласының ұлы шейхтары // Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері: Халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы. – Түркістан, 2008 ж. – 300 б.

References

1. Devin DeWeese. “Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan // Studies in Altaic Civilization III (= Proceedings of the 30th Meeting of the Permanent International Altaistics Conference (PIAC), Bloomington, 1987), ed. Denis Sinor (Bloomington: Research Institute for Inner Asian Studies, 1990; Indiana University Uralic and Altaic Series, Vol. 145), pp. 1-19; Zhandarbek Z. Yassawi ilimi jane qazaq qogamy. – Almaty, 2004; Kushenova G.I. «Hazini i istoriya sufizma v Centralnoi Azii»: Diss. ... k.i.n. - 07.00.09. – historiography, istochnikovedeniya i metodi istoricheskogo issledovaniya. – Almaty: Institut vostokovedeniya im. R.B. Suleimenova, 2010.

2. Devin DeWeese. The Mashā'ikh-i Turk and the Khojagān: Rethinking the links between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions // Journal of Islamic Studies (1996) 7 (2): 180-207 pp.

3. «Yassawi zholy» Yassawitwnu gylymi-zertteu ortalygyning gylymi zhurnaly. – 2004. – №1. – qazan-qarasha. – 9-15-bb.

4. Tashkent Memlekettik Shygystanu Instituty, A.R. al-Biruni at. Shygys qolzhazbalar ortalygy. fond №1, № 11838, 11941, 12387, 13074, 3853; fond №3, № 3637, № 3004, 2851, 252.; Uppsala Universiteti kitapkhanasy, Nov. 380/XVI (66. 177a 2186), Afghanistan Ulttyq Muragaty, № 63/19, pt. 3, (ff. 183a 259a).

5. Manuscript. Ishāq hodja bin Ismā'īl Atā al-Қазигүрті at-Turkisctānī, «Hadīqat al-‘ārifīn» // Tashkent Memlekettik Shygystanu Instituty, A.R. al-Biruni at. Shygys qolzhazbalar ortalygy. – №3. – №2851.

6. Manuscript. Ishāq hodja bin Ismā'īl Atā al-Қазигүрті at-Turkisctānī, «Hadīqat al-‘ārifīn» // Tashkent Memlekettik Shygystanu Instituty, A.R. al-Biruni at. Shygys qolzhazbalar ortalygy. – №3. – №252.

7. Muhammad ‘Azam Afzali. Fihrist-e nusah-e hattii Arshife Milli Afghanistan. – Kabul: Kumiat-e Dawlat-i Kulur, 1363/1985.

8. Ali Şir Nevai. Nesayimü’l Mahabbe min Şemiyimi’l Fütüvve / Haz.: Prof. Dr. K. Eraslan. – Ankara, 1996. – S. 385.

9. Manuscript. «Fadilat-e madīnat-e al-Baidā’ wa Isfidjāb». – Tashkent Memlekettik Shygystanu Instituty, A.R. al-Biruni at. Shygys qolzhazbalar ortalygy. – №12708/II.

10. Traktat o Sairame / Per. c Chagatai, predis. i primrch. Zh.M. Tulibaevoy. – Astana, 2007. – 60 c.

11. Alisher Nawai. «Nasa’im al-mmahabbah min shama’im al-futuwat» / Redac. Hamidhon Islami. – Tashkent, 2011.

12. Diwaev A.A. Predanie o Hazreti Ismail-ata // Turkistanskіe Vedovosti. Tashkent. – № 20. – 24-25 (1901)

13. Necdet Tosun. “XIV Yüzyilinda Yazilmış Catayca Bir Yesevi Eseri: Hoca Ishak b. Ismail Ata’nin Hadikatü’l-‘Aarif’i” / Uluslararası Hoca Ahmed Yesevi Sempozyumu. – Istanbul, 2010. – S 157-168.

14. Dzhamal al-Qarshī. “al-Mulkhaqat bis-surakh” // Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikah / Red. A.K. Muminov, perevod: Sh.B. Vokhidova, B.B. Aminova. – T.1. – Almaty, 2005. – 416 c.

15. Manuscript. Muhammad al-‘Alim as-Siddiqi al-‘Alawi. «Lamahat min navahat al-quds» Tashkent Memlekettik Shygystanu Instituty, A.R. al-Biruni at. Shygys qolzhazbalar ortalygy. – № 495.

16. W.P. Yudin. Isvestiya «Zia’ al-qulub» Muhammad Awaza o kazakhah XVI veka // Centralnaya Azia v XIV-XVII vekah glazami vostokoveda. – Almaty: «Dajk Press», 2001. – S. 167-178.

17. Zhangabylyly S. Aamanat: Oleng-tolgaular, zhyr-dastandar. / quras.: Zh. Zhylyqshyuly. – Almaty: «Er-Daulet», 1996. – 386 b.

18. Satypaldyuly F. Sherli zhyldar, sheruli zhyrlar: Olengder men poemalar. / quras.: T.S. Satypaldin, R. Ziautdenov. – Qostanai: Baspa uyi, 2004. – 470 b.

19. Zhemenei I. Turki dalasyning uly sheihtari // Qoja Ahmet Yassawi muralari men ilimining zertteli maseleleri: Haliqaraliq gylymi konferenzya materialdary zhinagy. – Turkistan, 2008. – 300 b.

О. Сапашев¹

¹Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби,
факультет Востоковедения, доцент, к.ф.н.
г. Алматы, Казахстан

О. Туякбаев²

²Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби,
факультет Востоковедения, PhD докторант
г. Алматы, Казахстан

**«ХАДИҚАТ АЛ-‘АРИФИННИҢ» АГИОГРАФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМА
РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ-ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**

Резюме

Данная статья посвящена исследованию средневекового агиографического сочинения «Хадикат ал-‘арифин» (XIV в.) Исхака ходжа ибн Исма‘ил Ата ал-Казыгурти ат-Туркистани. В статье рассматриваются апологетические аспекты этого сочинения в контексте предшествующей тюркской суфийской традиции. Кроме того, выявляются мотивы, отчасти раскрывающие замысел, которым руководствовался автор при создании труда. Таким образом, раскрывается историко-культурная и источниковедческая ценность «Хадикат ал-‘арифин» в качестве источника по истории средневекового тюрко-мусульманского социума.

Ключевые слова: тюркский мир, средневековье, социум, суфийская агиография, апологетика, духовное наследие, чагатайский язык.

О. Туякбайев¹

¹al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental Studies, PhD. Student
Almaty, Kazakhstan

О. Sapashev¹

¹al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental Studies,
Candidate of Philological Sciences
Almaty, Kazakhstan

**«ХАДИҚАТ АЛ-‘АРИФИННИҢ» АГИОГРАФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМА
РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ-ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**

Summary

This article is dedicated to the study of the medieval hagiographic composition «Khadikat al-‘arifin» (XIV c.) by Iskhak hodja ibn Isma‘il Ata al-Kazygurti at-Turkistani. The article deals with the apologetic aspects of this work in the context of the preceding Turkic Sufi tradition. In addition, there revealed the motives partly exposing the idea, which guided the author in writing this work. Thus, the historical-cultural and source-study value of the «Khadikat al-‘arifin» is revealed as a source on the history of the medieval Turkic-Muslim society.

Keywords: Turkic world, Middle Ages, society, Sufi hagiography, apologetics, spiritual heritage, Chaghatay language.

Г.К. МУКАНОВА¹, к.и.н., доцент,
Ш.Т. БУЛГАУОВ², к.и.н., ст. преподаватель
^{1,2}КазНУ имени аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

МАТБУГАТ, ИЛИ ИСТОКИ СВЕТСКОЙ ТЮРКСКОЙ КАЗАХСКОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ НАЧАЛА XX ВЕКА

Аннотация

Жаңа шеп пен бекіністердің салынуы нәтижесінде, Елек пен Жайық аралығына казактардың қоныстануына тыйым салынды, осы аралықтағы казактардың ең қолайлы жайылым жерлері күшпен тартылып алынды. Бұған қоса, казактарға жалпы Елек өзенінің бойына 15 верст (16 км) жерге дейін жақын келуге де тыйым салынды. 1819 ж. тамыз айында Ресей үкіметі Кіші жүз ханы Шерғазы арқылы билер мен старшындарға аталған аумақты босату туралы хабарлады. Осы өңірлерді бұрыннан мекендеп келген казак қауымдары өзен-көлдерге, орман-тоғайларға, жайылымдарға бай өз төл қоныстарынан амалсыз ығысуға мәжбүр болды. Бұл патша үкіметінің казак даласын отарлаудағы, соның ішінде казак жерін тартып алудағы ең үлкен шараларының бірі болып табылды. Орыс әскери шептері далалықтардан қорғану мақсатында деп құрылғанымен, түп-негізінде болашақ кезеңдерге жоспарланған азиялық далаларды, соның ішінде казак сахарасын біртіндеп отарлау ісінде маңызды рөлдер атқаруы тиіс еді.

Аталған жерлерді ертеден Табын руының бөлімдері жайлайтын. Өз жерлерінің тартып алынуына қарсы олар қарулы күреске шықты. Бұл күресті XVIII ғ. I-жартысындағы атақты қолбасшы Бөкенбай батырдың немересі, Тіленші батырдың ұлы – Жоламан батыр бастады. Ол батырлығымен қоса, Кіші жүздің атақты биі және Табын руының бас старшындарының бірі болатын; ол аталған рудың Жиёмбет бөлімінен тарады. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші Табын руы болды, сонымен бірге Тама, Кете руларының бөлімдері, ішінара басқа рулар да ат салысты. Күреске Жоламанмен бірге тең дәрежеде оның жақын серіктері, Табын руынан – Асау Барақұлы (атақты Барак батырдың ұлы), Жаналы Игібайұлы, Құттыбас Төлепұлы батырлар, Адай руынан – Сүйінқара Үргенішбайұлы, Кете руынан – Дербісәлі Қиғылықұлы батырлар жетекшілік етті. Мұрағат деректерінде бұлардан бөлек шабуылдарды бастаушы ондаған батырлар мен бірнеше ондаған жеке сардарлардың есімдері көп аталады. Олардың арасында

Табын руының әртүрлі бөлімдерінен – Түктібай Байлыұлы, Түркебай Байқонысұлы, Байғана Көнейұлы, Арал Жәнібекұлы, Қитар Барақұлы батырлар, Қаракете Бүркітбай батыр, ағайынды Ақыл және Мұрат Қабылұлдары, Айдос және Байдос Сағырұлдары, Бабыш Дауылұлы (үшеуі де Әбілқайыр хан тұсындағы белгілі Төлебай батырдың ұрпақтары), Иса Қабанұлы, Елшібек Құдайбергенұлы, ағайынды Отыншы, Сушы, Тушы Татанұлдары (Сырым көтерілісі кезіндегі белгілі Татанның ұлдары), Құлмұхамбет молда Жәнібекұлы (Кіші жүздегі атақты Жәнібек бидің ұлы), Төрбек Бекетұлы, әкелі-балалы Өтеу Өрнекұлы мен Шаншар, Бәсібек Байғұтанұлы, Саттық би Тайұлы, Жанқұты Сандықұлы, ағайынды Жидебай мен Таңқай Маралұлдары, Сейтен Жанетұлы, Жантай, Едіге, Дендербай, Құрым есімді адамдар, Тұрым Қыстаубайұлы, Тоқпан Былшықұлы, Елшібек Көтібоқұлы, Байсеркеш Атамбозұлы, Жоламанның жақын бауырлары Едіге Тіленшіұлы, Домалақ Мәмбетұлы, Рабай Едігеұлы, Әбіт, Әжібай, Тама руынан Боздақ есімді адамның ұлдары және т.б. көптеген шабуылдарда сардарлық еткен және белсене қатысқан.

Көтерілістің тағы бір үлкен себептерінің бірі – жоғарыда аталған бүкіл елдің сүйікті билеушісіне айналған, дала өңірлерінде алауыздықтарды тыйып, әділдік пен темірдей тәртіп орнатқан Арынғазы Әбілғазыұлы сұлтанның себепсіз Ресейде ұсталуы еді. Ел басқаруға бірден-бір қабілетті адамның билікке жіберілмеуі, тіпті оның елге қайтарылмауы халықтың заңды наразылығын туғызды.

Жаңа шептің құрыла бастауы наразылықтармен қатар шептерге шабуылдарды да жаңа қарқынмен күшейтті. Бірақ бұлардың басым бөлігі бір-бірімен ұйымдаспаған әралуан топтармен, әртүрлі күштермен әр кездері жасалған жеке-жеке шабуылдар болатын. 1822 ж. басынан бастап Жоламан осындай жекелеген стихиялық жортуылдардың, олардың сардарларының басын қосып, бір күшке біріктіреді. Осы кезден бастап шабуылдар жоспарлы ұйымдасқан түрде даярлана бастайды.

Күрес қимылдары ұйымдасқан түрде 1822 ж. көктем-жаз айларында басталғанымен, оған даярлық алдын-ала мұқият жүргізілген. Мұрағат құжаттарына қарағанда, оны басқарған Жоламан мен оның сенімді серіктері – билер мен батырлар көптеген кеңестер өткізіп, өздерінің әр қадамдарын ортақ ақылдасып шешіп отырған. Олар мәселені бейбіт жолмен шешуге де үлкен мән берген, Орынбор әкімшілігіне өз талаптарын білдірген хаттарын жолдаған. Өз өтініштері жауапсыз қалдырылған соң ғана көтерілісшілер орыс шептеріне жасалатын шабуылдарды мұқият жоспарлап, оларға жан-жақты даярланған.

Көтерілістің алдын-ала даярланғаны төмендегі деректен де көрінеді. 1822 ж. қаңтардың басында Орынбор әкімшілігінің тапсыруымен Шерғазы хан Табын руының ауылдарына бірнеше сұлтандар мен билерден тұратын делегация аттандырады. Бұл топ алдыңғы жылдары орыс шептерінен әкетілген тұтқындар мен жылқыларды қайтару жөнінде келіссөздер жүргізулері тиіс болған. Делегация Қалдығайты, Бұлдырты, Қобда, Ойыл мен Қиыл өзендерінің салаларында отырған аталған ру ауылдарында үлкен наразылықтарға тап болады. Жергілікті ру өкілдері хан жіберген сұлтандар мен билерді тыңдаудан бас тартып, оларды жек көрініш сезімімен «азаттықты сатқандар», «орысқа сатылушылар» деп атайды. Олар Ресейдің өздерінен Електі алып қойғаны мен шепке жақындауға тыйым салғандығы үшін, кек ретінде жаз шыға салысымен өздерінің бүкіл орыс шептерінің бойын шабуылдауға, бекіністерді өртеуге, тұтқындар алуға кірісетіндерін ашық айтқан. Бұл жағдайлар Кіші жүз приставы Карсаковтың Орынбор жеке корпусының штаб бастығы генерал-майор Веселицкийге сол жылдың 4 ақпанында жолданған рапортында анық көрсетілген: «...не только не повиновались посланным от высокостепенного Хана султанам и биям, но готовы были отражать их силою, и на убеждения публично отвечали им ругательствами, с презрением называя их предателями свободы, подкупленными от русских. Между тем объявляли свое намерение, что в наступающее лето будут повсюду наносить возможный вред России, опустошив границы пожарами, грабежами и увлечением в неволю наших подданных,

в отмщение за отнятие у них Илека и не дозволение приближаться к линии на 15 ти верстное разстояние...» [10, 34-35-пп.]. Келтірілген оқиғалар, орыс үкіметіне наразылықтардың әбден күшейіп, соған дейін стихиялық түрде өрбіген шепке жеке-жеке жорықтардың енді бір күшке бірігіп, ұйымдасқан түрде болатындығынан анық хабар береді. Бұл көтерілістің басталу немесе дайындық кезеңі болатын. Бұл мәліметтерге бірден сене қоймаған Орынбор Шекара комиссиясы олардың растығын анықтау үшін қазақ даласына құпия түрде коллегиялық ассесор Карповты жібергенде, соңғысы жоғарыдағы ақпарларды толық растап, көтеріліске даярланған Табын руының 11 бөлімі мен олардың ұйымдастырушы адамдарының да аты-жөндерін анықтап келген.

Күреске даярланған ру бөлімдері сол тұста 2000-ға жуық шаңырақтан тұрған және Қалдығайты, Бұлдырты, Ойыл, Қиыл өзендері аралығын, Қобданың жоғарғы тұстарын мекендеген. 1822 ж. көктемінде аталған ру бөлімдері Илецкая Защита (Тұзтөбе) бекінісіне қарсы, Ұлы Қобда салалары – Ешкіқырған, Үшқатты, Батпақты, Шолаққайың, Тұманшы, Сауқайың, Қуағаш, Терісаққан, Қарағанды өзендерінің бойларында және Қиыл, Бабатай, Қараоба өңірлерінде көшіп қонған.

Орынбор губернаторы Эссен 5 наурызда Ресей Сыртқы істер министрі Нессельродеге Карсаковтың рапорты жөнінде мәлімдеме жасайды. Мұнда Елек бойындағы қазақтардың орыс шебіне жаппай шабуылдар жасауға, тұтқындар алуға даярланып жатқаны, басқа да жоғарыдағы мәліметтер сөзбе-сөз беріледі. 12 наурызда Петербургте Эссеннің осы мәлімдемесі бойынша арнайы шешім шығарылады. Ол Елек пен оның төңірегіндегі жерлердің жоғарғы үкіметтің жарлығымен қазақтардан алынғаны, Арынғазы сұлтанға императордың Кіші жүз халқының жағдайына қамқорлықпен алаңдауы себепті Хиуа мен оның арасындағы дұшпандықтан күйзелмеулері үшін оның қалдырылатыны көрсетілген бірнеше баптан тұрған. Шешімге граф В. Кочубей, граф Д. Гурьев, князь Г. Волконский, М. Сперанский және граф Нессельроденің өзі қол қояды [11, 6-10-пп.].

Архив құжаттары көрсеткендей, Жоламан бастаған көтерілісшілер ешқашан да істің байыбына жетпей әрекет қылмаған, мәселені мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Өз наразылықтарын алдымен орыс әкімшілігіне хаттар жазумен білдірген. 1822 ж. сәуір айында Жоламан Орал (Жайық) казак әскерінің әскери атаманы генерал-майор Бородинге хат жолдап, Әбілқайыр хан тұсында өздері қоныстанған Нарын құмдары мен үш Өзен бойын қайтаруды, егер ол мүмкін болмаса, ең болмағанда Елек бойынан салынған Жаңа шепті алып тастауды сұрайды. Атап өтерлігі, Жоламан атаманға сыпайы сөйлегенмен, хатта шығыстық үлгіге тән ешқандай әсіре мақтау жоқ, батыр онымен өзіне тең адамдай сөйлескен, нақты талаптарын қойған. Сұралған жерлері қайтарылса өздерінің достықта болатындығын, егер қайтарылмаса жауласатындығын ашық айтқан [10, 140-141-пп.]. Жоламанның атаман Бородинге жазған хатымен губернатор Эссен де танысып оны Шекара Комиссиясына жібереді. Комиссия өз кезегінде оның мазмұнын Шерғазы ханға хабарлап, хатқа «әртүрлі әдепсіз талаптармен толтырылған» деген баға береді. Олар ханға Жоламанды өзіне шақыртып алып, Комиссия құзырына жіберуді міндеттеген [10, 155-п.]. Шерғазы хан даланың атақты батырын шақыру халында емес еді; жиналған сарбаздардан өз өмірі үшін қатты қауіптенген ол Орынбор басшылығынан өзіндегі бір жүздік казак әскерінен тыс тағы бір мың әскер мен зеңбіректер сұрап жатқан болатын [11, 28-36- пп.].

Өз талаптарының орындалмауына байланысты жергілікті ру өкілдері 1822 ж. жаз айларынан бастап шепке шабуылдарын бастайды. Жоламан мен оның жанындағы серіктері өздерінің бұл әрекеттерін Ресейге қарсы ашық соғыс деп жариялайды. Көтерілісшілер бұл кезеңде өз ауыл-аймақтарын орыс шекарасынан алыстатып, даланың оңтүстік түкпірлеріне – Сағыз, Ойыл өзендерінің бойларында орналастырған. Көтеріліс ордасы осы аталған өңірлер болып саналды.

1822 ж. маусым-шілде айларында Ресей шептеріне бірнеше шабуылдар жасалады.

Бастапқыда бұлардың көпшілігі аз адамдық топтармен ұйымдастырылды. Жоламан бастаған күресте аз адамдық жасақтармен әрекет ету тактикасы кеңінен қолданылды. Мұндай топтармен жағалай қойылған қарауыл пикеттерінен елеусіз өту қолайлы болатын. Сонымен қатар, мұндай топтармен шабуыл жасауда шығын жоққа тән болған. Жортуылдарға аса жарау таңдаулы, қосарлы аттармен шыққан, қуғын болған жағдайда ұстатпаған. Шағын жортуылдар негізінен тұтқындар мен әскери олжа алуға бағытталды. Осындай шабуылдардың өзі шеп тұрғындарына үлкен зияндар шектіріп отырды; сарбаздар адамдар тұтқындап, малдарды әкетіп, шөп пен астық қорларын өртеп кетіп отырды. Сарбаздардың кейбір шағын топтарының Орынборға бір шақырым жерге дейін жақындап, сол жерден адамдар тұтқындап әкеткен кездері де орын алды. Мұндай кезде олар қарулы қарауыл шептерінің бірнешеуінен өтіп отырған. Шағын топтар 5-10 мен 20-40 сарбаз аралығындағы күштерден тұрды. Аз адамдық топтардың өзі шепке жақындағанда кейде өз ішінен бірнеше топтарға бөлініп, әртүрлі бағытта жылжып отырды. Көтерілісшілер форпост тәрізді ірі нысандарды шабуылдағанда ірі күштерге бірікті. Қазақ даласына жіберілген жазалаушы әскерге де ірі күшпен қарсы тұрды. Форпосттарды шапқанда бірнеше топқа бөлініп, бекіністі қоршау арқылы маневрлер жасады. Мұндай шабуылдарға 500-1000 шамасында сарбаздар қатысты. Ірі шабуылдар кезінде көтерілісшілер қолдарына бірнеше ту ұстап шыққан және бекіністерді қатты айқаймен ұрандатып шабуылдаған. Сарбаздардың негізгі қарулары найза, қылыш, айбалта және мылтық болған, үстеріне сауыттар да киген. Садақты өте аз қолданған. Төменде тек кейбір ірі шабуылдарға ғана тоқталамыз. Ұсақ жортуылдар өте көп болған.

1822 ж. шілденің аяғында Жоламан бастаған сарбаздар Изобильный форпостын шабуылдаса, Құттыбас пен Жаналы батырлар бастаған жасақ Линеvский форпостына шабуыл жасайды. Алдыңғы шабуыл аз адаммен жасалған. Бірақ бұл шабуылдар сәтсіз болған, казактар дабыл қағып, көмек шақырып, қарулардан оқ атып тойтарыс берген. Осы жасақтар мен басқа да топтар Жіңішке өзенінің бойында бірігіп, ірі әскери күші бар Буранный форпостына шабуыл жасауды жоспарлаған. Дегенмен, аталған шабуылдар туралы деректер азырақ. Тамыз айының басында 300 сарбаз Електің оң жағындағы пикеттерге шабуыл жасап бірнеше казакты қолға түсіреді.

Аталған шілде айының соңында Кіші жүздің Әлім одағының белгілі билері мен арасында Жоламан мен Асау батырлар бар Жетіру одағының бірнеше тұлғасы, барлығы 180 адам Ресей Сыртқы Істер министрі Нессельродеге хат жазып, Арынғазы сұлтанның елге қайтарылуын сұрайды. Хатта өз сүйікті сұлтандарының кінәсіздігі «күннің нұрындай ақ» деп көрсете отырып, оның алты жыл бойы аянбай тер төгіп орнатқан бейбіт өмірдің аз уақыт ішінде бұрынғы күйіне оралып, қақтығыстар мен барымталардың қайта өршігенін өкінішпен жеткізіледі [12, 151-153-пп.].

Ресей шебіне ірі шабуылдардың бірі 29 тамыз күні орын алады. Бұл жолы 500 сарбаз үш топқа бөлініп, қойылған қарауыл пикеттерінен өтіп Ветлянский форпостына шабуыл жасайды. Мұрағат деректеріне қарағанда, шабуылды ұйымдастырған сарбаздар бес бірдей ту ұстаған, түгел қаруланған және форпосты қатты айқаймен, шыңғыра ұрандатып, оқ ата шабуылдаған. Форпосты өртеуге тырысқан оларға казактар мылтықтардан оқ атып, тойтарыс берген, сонымен қатар көрші Мертвецкий және Изобильный форпостарынан шұғыл түрде көмек шақырған. Шабуыл кезінде сарбаздар Ветлянский форпостының басшысы хорунжий Печенкинге орыстарды «өз Електерінен кетіретіндерін, ал форпосты күл-талқан етіп өртейтіндерін» айтып қорқытқан. Бұл жөнінде Ново-Илецкая шебінің командирі есаул Аржанухиннің Орынбор Шекара Комиссиясына 5 қыркүйекте жолдаған рапортында баяндалған: «...Скопище было почти всю вооружено и в панцырях, имело 5 значек на приступ шло с сильным криком, визгом и выстрелами, при сопротивлении сем казаками и башкирами разстрелено 115 патронов, от каковых выстрелов были ранены киргизы и кони их. О скопище сем слышно теперь что она ускавав с добычею за один только от линии переезд остановилось в

степи с намерением чтобы еще нанести при Илеке вред, чем онога некоторые киргизы форпоста Ветлянского начальнику хорунжему Печенкину при нападении угрожали припоминали, что собьем русских с своего Илека и вызем форпост...» [13, 1-п.]. Бұл шабуылды Табынның Жылқышы бөлімінен Жаналы мен Құттыбас батырлар, Жиёмбет бөлімінен Жоламанның інісі Едіге Тіленшіұлы, Шөмішті бөлімінен Байғана батыр, Таушан бөлімінен Ақыл Қабылұлы және т.б. басқарған. Көрші форпосттардан көмекке асыққан казак және тептяр әскерін көрген казак сарбаздары үш адамды тұтқындап, 87 жылқыны қолға түсіріп, кордондық 7 мая шөпті өртеп Қобда бойына оралған.

Көп ұзамай, 4 қыркүйек күні көтерілісшілердің 100 адамдық жасағы өз жерлеріне салынған Ново-Илецкая шебінің келесі форпосты Сухореченскийге шабуыл жасайды. Куәгерлердің айтуларына қарағанда, казак сарбаздары үш ту ұстаған, форпостты қатты айқаймен шабуылдап, тура белгі бергіш маяқтың тұсынан 8 казактар пен башқұрттарды тұтқындап, 70 шақты жылқыны қуып әкеткен. Сарбаздардың 80 адамдық келесі тобы да Електен өтіп оларға көмекке ұмтылған. Арнайы жауап алынған үш куәгердің айтуынша, казак сарбаздары атыс кезінде орыстардан Елек өзенін бүкіл далаларымен қоса қайтаруды талап еткен, егер қайтарылмаса Жоламан әскерінің Електен орыс адамдарын тұтқындап, малдарын әкеліп, бүкіл шөптері мен орманды да қоса өртейтіндерін айтып ескерткен. Шабуыл кезінде көтерілісшілер бір татар қазағына Озерской форпостының татарларына да «қонаққа баратындарын» айтқан. Сарбаздар өздерімен бірге алып кеткен шеп тұрғындарында жалда жүрген ұлтты казак жылқышыны босатып, оған орыс шебіне барып олар басып алған Елек өзені мен Ресейде ұсталған Арынғазы сұлтанды билерімен бірге елге қайтаруды айтуды міндеттеген. Егер орыстар осыны орындамаса таңдаулы 500 адамнан тұратын өздерінің 4000 адамға дейін жиналып, орыстың Покров мейрамына Елекке барып ондағының бәрін өртке орап, адамдарын өлтіріп, тұтқынға алатындарын айтқан. Шерғазы хан мен Елек бойында көшіп-қонып жүрген сұлтандарды, кейбір билерді де өлтіруге тырысатындарын және өздерінің келісімінсіз жерді тартып алған шеп бастығы Аржанухин мен басқа шеп құрушылардың да осыдан сақ болуын ескерткен. Ең маңыздысы, сарбаздар Илецкая Защита мен Илецкий городок тұрғындарына, оларға ешқандай зияндық жасамайтындарын жеткізуді міндеттеген, себебі тұз бен бекініс, қалашық тұрған жерлердің Нұралы ханның кезінде қазақтардың келісімімен берілгенін еске салған [11, 130-п.]. Бұл шабуылды Жоламан, Жаналы, Құттыбас, Сүйінқара, Дербісәлі, Қитар, Түктібай, Түркебай, Жантай т.б. батырлар басқарған [14, 1-3-пп.]. Жоламан бастаған сарбаздардың Илецкая Защита мен Елек қалашығына тиіспейтіндерін жария етуі олардың ешқандай шектен шығусыз, жоспарлы түрде әрекет еткендерін анық көрсетеді.

1822 ж. қыркүйек айында Ресей шептеріне шабуыл жасаумен тұрақты айналысқан сарбаздар саны 1 мың адамнан асса, қазан айының басында 2 мыңға, қарашаның соңында 3 мың адамға жеткен. Есаул Аржанухин казак сарбаздарының мылтықтармен, найза-қылыштармен қаруланып, үстеріне сауыт киетінін және жорықтарға үнемі 2-3 қосарлы жарау аттармен шығатынын көрсеткен.

1822 ж. 9 қазан күні таңертең 250 адамдық жасақ Буранный форпостына шабуыл жасап, казактар тойтарысына тап болады. Оларға Елек бойынан қосымша тағы 250 сарбаз қосылып, шабуыл қайта жалғасады. Сарбаздарға қарсы қарулы казак жүздігі шығарылады. Шайқас кезінде сарбаздар 5 казакты өлтіріп, 2-ін жаралайды, өздерінен болған шығын туралы ақпар жоқ. Осы шабуылда көтерілісшілер көп мөлшердегі астық пен шөп қорларын өртеп кетеді. Бұл туралы форпост командирі сотник Свиридов император Александрдің өзіне өтініш жазып, шабуылды ұйымдастырған адамдарды іздестіріп қолға түсіру жөнінде жарлық беруін сұраған. Шабуылды ұйымдастырғандар Табынның Туатай, Қадырбек, Әшібек, Жиёмбет, Таушан, Абыз, Бөрге, Жылқышы, Шөмішті бөлімдері және Тама, Ақкете, Кердері (бөлімдері көрсетілмеген) руларының адамдары болған [15].

Мұндай шабуылдарға Орынбор әкімшілігі шаралар қолдануға тырысқан. Тұтқынға әкелілген адамдардың орнына шеп бойында қалған Табын руы ауылдарынан

бейбіт адамдар аманатқа алынып отырған. Мысалы, Ветлянский форпостына шабуылдан соң Жиёмбет бөлімінен бірнеше адам, Бөрге бөлімінің биі аманатқа алынған. Олардың туыстары тұтқын казактарды құн төлеп не басқалай жолдармен қайтаруға әрекеттер жасауға мәжбүр болған. Шабуылдарды негізгі ұйымдастырушы қазақ сардарларына іздеу салынғанымен, мұндай іздеулер ұзақ жылдарға созылып, түбінде нәтиже бермеген.

Жоламан бастаған сарбаздар Елек бойына шабуылдар жасап, адамдар тұтқындай отырып, Ресейден қазақтарға тиесілі жерлерді қайтаруды және Арынғазы сұлтанды босатуды талап еткен. Егер талаптары орындалмаса, орыс шептеріне бұдан да көп жасақпен басып кіретіндерін мәлімдеген. Қазақтарды ашу-ызаға булықтырған тағы бір мәселе – бұрын өздері емін-еркін өтіп жүрген шеп бойындағы айырбас сауда жолдарының қазақтар үшін жабылып, тек Илецкая Защита (Тұзтөбе) іргесінде ғана бір өткелдің қалдырылуы еді. Бұл шара қазақтар үшін өте ауыр тиген. Осындай қысымдарға қарамастан, шабуылдар кезінде де қазақтар мәселені қантөгіссіз бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Орынбор кеденінің Сыртқы сауда департаментіне жолдаған мәлімдемесінде, Жоламан бастаған сарбаздар тобының алдымен арнайы жаушы жіберіп, жоғарыдағы өз талаптарын білдіріп алатындарын және егер «орыстардан қысым көрмесе, оларға ешқашан да зиян жасамайтындарын» айтатындарын келтірген: «...что они никогда бы не решились делать вреда русским, если бы от них не видали притеснений...» [16, с. 412]. Бұл Жоламан бастаған шабуылдардың, жалпы азаттық күрестің ешқандай да анархиядан тыс, біртұтас елдікті мақсат тұтқан, әділетті сипатын көрсетеді. 1822 ж. қыркүйек айының соңында Жоламан мен оның серіктері Кіші жүз приставы Горихвостовқа хат жіберіп, бұрынғы келісімдерге қарамастан Елек бойында бекіністер салынып, өз жерлерінің тартылып алынғанын, мұндай әділетсіздікке өздерінің шыдай алмағандықтарын жазған болатын [17, 49-п.].

Кіші жүз ханы Шерғазы Жоламан бастаған көтерілісшілерден қатты қауіптенген. Сарбаздар орыс үкіметінің ықпалынан шыға алмайтын Шерғазы хан ауылдарын да шаппақ болған, олар ханға үкіметтің саясатын жүргізгені үшін өшіккен. 1822 ж. қазан айында ғана Шерғазы Орынбор губернаторы Эссенге үш хат жолдап, өз ауылдарымен Жайықтың арғы бетіне өтіп қыстауға рұқсат сұраған. Ол көтерілісшілердің саны 3 мың адамға жеткенін, егер үкімет қару күшімен шара қолданбаса өзінің күші келмейтінін мойындаған [18]. Шерғазы хан 1817 ж. бастап Орынбор әкімшілігіне өз өміріне қауіп төнуі жөнінде көп мәрте шағым жасап, үнемі әскер сұрайтын; оның бұл әдетін басшылық жақсы білетін және көбіне аяқсыз қалдыратын [19, 15, 23-24-пп.; 11, 148-149-пп.].

Дегенмен, бұл жолы Жоламан бастаған көтеріліс ауқымынан Орынбор әкімшілігінің қуыршақ ханы Шерғазы ғана емес, Петербургтегі үкімет орындары да қауіптенген еді. Азиаттық комитеттің іс басқарушысы К. Родофиникин 1822 ж. қарашаның басында губернатор Эссенге «құпия» айдарымен жіберген қатынасында «Кіші қырғыз-қайсақ Ордасында қазіргі қалыптасқан жағдай Сыртқы Істер министрлігінің айрықша назар аударып отырған нысаны» болып табылатындығын, онда болып жатқан тәртіпсіздіктер Комитет тарапынан арнайы қаралатынын айтқан. Алайда, отарлаушы үкімет басшыларының бірі қазақтардың талабына байланысты өздері жүргізіп отырған саясатқа толық сай нақты көзқарасын білдірген: «...Изъявленные киргизами в буйстве нескромные требования прежняго права кочевать им по сю сторону Илека, возвращение в Орду султана Арунгазы и содержимых в Оренбурге аманатов... вовсе неосновательны...» [20, 402-п.; 16, с. 413].

Петербургтегі өз басшыларының көзқарастарымен губернатор Эссен де толық келісім танытқан. Жоламан бастаған топтың пристав Горихвостовқа жазған хатына байланысты ол Елек пен Жайық аралығы Ұлы Император жарлығымен Илецк тұз басқармасының қарауына берілгендігін, қазақтарға Електің сол жағында көшіп-қонуға болатынын айтып, олардың талаптарын негізсіз деп есептеген: «...Сим доказывається

совершенная неосновательность оной жалобы обнаруживающей единственно мятежнический дух Юламана и его сообщников...». Өлке басшысы одан ары көтерілістің «ақылға сыйымсыз» насихаттарының басқа «жеңіл ойлы» далалықтарға әділ болып көрінбеуі үшін Жоламанның хатына байланысты Шекара Комиссиясынан Шерғазы ханға халыққа Елек пен Жайық аралығы қазақтардан не үшін алынғанын тағы да түсіндіру туралы тапсырма беруді бұйырады: «...чтобы Его Высочество вновь обвестил в орде о причинах по которым земля между Илеком и Уралом должна быть свободна от Киргизских кочевьев...» [17, 58-60-пп.].

Қазақтардың орыс шебіне шабуылдары келесі 1823 жылы да жалғасады. Сол жылы ақпан-наурыз айларында Жоламан, Асау, Сүйінқара батырлар даладағы казак ауылдарын өздеріне қосылуға шақырып жаушылар жібереді. Осы шақырулардың нәтижесінде көтерілісшілерге қосымша 2000-ға жуық адам келіп қосылады. Бұлардың барлығы орыс шептеріне шабуыл жасауға дайын болған. Ал Шерғазы хан болса өлке әкімшілігіне Құттыбас, Жаналы батырлардың сарбаздарымен Сағыз бойында екенін, егер патша оларды жоюға шара қолданбаса, өзінің қолынан ештеңе келмейтінін тағы да мойындайды [15, 11-п.].

Көтерілістің кең қанат жаюына, толассыз шабуылдарға Орынбор әкімшілігі бейжай қарай алмайтын. Губернатор Эссен Петербургтегі жоғарғы үкімет басшылығына, соның ішінде император Александр тарапына көтерілісшілерді жазалауға әскер шығару қажеттілігі туралы ұсыныс жасайды. Өз қатынасында ол болашақ жазалау экспедициясының толық жоспарын ұсынады. Оның көрсетуінше, қазақтарды иен далада бір жасақпен қолға түсіру қиын, сондықтан ол жазалауға үш жеке жасақтың шығарылуын сұрайды. Эссен болашақ үш отрядтағы әскерлер санын, олардың жүру бағыттарын, қай бекіністерден қандай уақыттарда шығарылу қажеттілігін де көрсетеді. Губернатор сонымен қатар жазалау экспедициясының жалпы басшылығына 1812 ж. орыс-француз соғысына қатысқан полковник Бергті тағайындауды сұраған.

Сұралған ірі жазалау әскері 1823 ж. мамыр айында шығарылады. Ол жеке үш жасаққа бөлініп, олар әртүрлі санаттағы 218 офицерді қосқанда барлығы 2382 адамнан, 8 зеңбіректен тұрған. Бұл жалпы қазақ даласына шығарылған ең үлкен әскери командалардың бірі болып табылады. Осындай мұздай қаруланған қаһарлы қолға көтерілісшілер тайсалмай қарсы тұрып, жасақтардың үшеуі де сарбаздардың шабуылдарына ұшырайды. Бергтің өзі басқарған 1137 адамдық жасақты көтерілісшілер қоршап алуға тырысады. Бұл қарулы топ даладағы маневрлерден соң полковник Циолковский басқаратын екінші жасақпен қосылуы тиіс болатын. Ойсылқара өзенінің жоғарғы тұсында бес күн ішінде төрт шағын шайқас орын алады. Ол әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған соң 11 маусым күні 1000 сарбаз ашық шабуылға шығады, сол кезде жасақта болған 530 казак оларды қару күшімен ғана тоқтатады. Көтерілісшілер ұрыс арасында Бергтен қазақ даласына соншалықты тереңдеп кіруге Арынғазыдан жазбаша рұқсаты бар ма екендігін сұраған. Полковник олардың сондай сауал қоюға дейін барған батыл қылықтарын айта отырып, оларды «Әлімұлы бүлікшілері» деп көрсеткен. Жоламан бастаған көтерілісшілер әдетте орыс әскерінің бүкіл қазақ даласын талқандауға шығарылғаны туралы хабарлар таратып, көрші руларды да оған қарсы жұмылдыруға тырысатын.

800 жайық казагы, 37 офицер және 4 зеңбіректен тұратын полковник Циолковский отрядын да көтерілісші сарбаздар қоршап алып, қаумалап жүргізбей қояды. Олар казак әскерін дала түкпірлеріне ұзатып алып кетуге барынша тырысады, осы арқылы бұл жасақтың Берг әскерімен қосылуына бөгет жасамақ болады. Олар жазалаушылардың жоспарын қолға түскендер арқылы біліп отырған. Циолковский әскері өздерінің әр қадамын оқ жаудыра отырып жасауға мәжбүр болады. Жан-жағының бәрінен қоршалған казактар 6 маусым күні сарбаздармен үлкен шайқасқа шығып, оларға күйрете соққы береді. Осы шайқаста қазақ жасағы жан аямай соғысып, бірде-бірі тірілей қолға түспейді. Бергтің өзі жорық күнделігінде осы шайқастан соң 79 сарбаздың

өлі денесі санап алынғанын, олардың үшеуі сардарлар екенін және ешқайсысын қолға түсіруге мүмкін болмағанын, себебі олардың тірілей қолға түсуден сақтанып, соңғы демдері біткенше өлермендікпен соғысқандарын жазған [21, 30-п.]. Осыдан соң Берг пен Циолковский жасақтары қосылып, Көлденең өзеніне қарай шегінген көтерілісші ауылдардың соңынан түседі. Қазақ ауылдарының тез жылжығандары сондай, үш күн ішінде 170 верст (182 шақырым) жер жүрген әскер оларды қолға түсіре алмайды. Жазалаушылар жолда қазақтардың 160 шақырым кеңістікті алып жатқан сусыз шөлді кесіп өтіп, Жем арқылы Мұғалжар тауларына, одан ары Қарақұм арқылы Хиуа өңірлеріне кетуді шешкен тәуекелге толы жанкешті ойлары туралы естіп қайран қалады. Осыдан соң жазалаушылар шілденің басында Орск бекінісіне оралуға мәжбүр болады.

Полковник Милорадович басқарған 408 адамнан тұратын үшінші жасақты да Шыңғырлау бойында Жоламанның өзі, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Дербісәлі, Түктібай, Түркебай т.б. қолбасшылар бастаған 1 мың сарбаз қоршап алған болатын. Олар жазалаушы әскердің жан-жағынан өрт жіберіп жүргізбей қояды, 24 адамын тұтқындап, 2-ін өлтіреді. 13-14 маусым күндері қазақ жасағы ашық шабуылға көшеді. Осындай шабуылдардың салдарынан бұл команда шегініп, Елек бойына кері қайтуға мәжбүр болады. Қазақ даласына шығарылған үкімет әскерінің көтерілісшілерден жеңіліс тауып, көздеген мақсатына жете алмай шығындармен кері қайтуы Отан тарихында бұрын-соңды кездеспеген оқиға болып табылады. Милорадович жасағы тептяр казактарынан тұрған болатын.

Берг экспедициясы қазақ даласын қанға бөктіріп, үлкен дүрбелең туғызады. Тек көтерілісші ауылдар ғана емес, әскерден үрейленген жүздеген бейбіт ауылдар басқа өңірлерге кетуге мәжбүр болады. Ойыл бойынан хан ордасына туыстарына келген бір адамның айтуынша, казак әскерінің кері қайтқанына қарамастан «бірде-бір ауыл осыдан соң тыныш ұйықтаудан қалған», күн сайын дерлік қоныс ауыстыратын әдетке ұшыраған. Олар 500 шақырымға жуық жерлерге дейін көшіп қоныс аударуға мәжбүр болған. Көтерілісші ауылдардың әйел, бала-шағаларымен, мал-мүліктерімен жаздың аптап ыстығында сусыз шөлмен Жем бойынан Мұғалжар арқылы Қарақұмға, Хиуа өңірлеріне жедел жүріп өтуі ерлік пен қасіретке толы көш болып саналады. Жазалау әскері сапынан 31 адам қаза тауып, 17 адам жараланған, бұл экспедиция үкімет қазынасына 26 650 рубльге түскен. Оның қорытындылары император І Александрға баяндалған. Қазақтардан 100-ге жуық сарбаз қаза болады.

Жазалау шараларына қарамастан, Жоламан бастаған көтерілісшілер, оны қоршаған даланың билері өз талаптарынан қайтпайды. 1823 ж. 3 қыркүйекте Жоламан бастаған топ губернатор Эссенге тағы да хат жіберіп, өздерінің өтініш-талаптарын тағы да қояды. Бұл жолы хатқа жоғарыда аталған Құлмұхамбет би, Құттыбас, Жаналы, Асау, Сүйінқара, Дербісәлі, Байғана батырлардан бөлек, бүкіл Кіші жүзге белгілі Шекті руының Көгібар мен Арыстан батырлары да таңбаларын басқан. Алдыңғы хатта да, соңғысында да бұлар тек Жайық-Елек аралығын сөз қылмай, Орал жақтағы Нарын құмы мен Өзен, Самар өзендері бойларына қойылған қарауылдарды алып тастауды да сұраған [11, 364-365-пп.].

1823 ж. маусым айындағы жазалау шаралары көтерілісті баса алмаған болатын. Шепке жекелеген шабуылдар тоқтамайды. Сол жылы қазан айында губернатор Эссен Шерғазы ханның төрағалық етуімен арнайы Комиссия құрады. Ресей Сыртқы Істер министрлігінің Жарлығына сай әкетілген орыс тұтқындарын қайтарумен және екі халық арасында орын алған басқа да мәселелермен айналысатын бұл Комиссия қараша айында Жоламанға және басқа да көтеріліске қатысушы билер мен батырларға арнап жарлық шығарады. Онда оларға соңғы екі жыл ішінде әкетілген тұтқындарды келесі жылдың шілде айына дейін толық қайтаруды міндеттейді. Елек пен Нарын құмдарының патшаның арнайы жарлығымен алынғанын, егер оларды қайтарылсын деген талаппен «ақылсыз зұлым әрекеттерін» тыймай патшаны ашуландыратын болса,

онда Елек тұрмақ, Жем өзенінен де айырылатындықтары анық айтылады: «...Ежели вы от таковых ваших вредных поступков не уклонитесь и отважитесь оные и впредь непрерывно продолжать причиняя российской стороне вред и озлобление, то теми гнусными вашими предприятиями и деяниями государя императора прогневаете, и тогда не только вы будете лишены р. Илека, но имеете и непременно лишиться даже р. Эмбы, занимаемой вами всегда под кочевку вашу...» [16, с. 448]. Егер де көтерілісшілер тәубелеріне келіп, тұтқындарды қайтарса онда императордың «көреген көзбен» бұлардың тәубелерін бірден байқап, қайырымдылық пен рақымшылыққа бөлейтінін, сол кезде бұлардың көрсетілген жерлерде бейбіт, емін-еркін өмір сүре алатындары айтылады. Аталған Комиссия құрамы ханнан бөлек, екі сұлтан, бір старшын және үш татар молдасынан тұрғанымен, тікелей империялық саясат қол астында болатын.

Алайда, көтерілісшілер өз жерлерінен айырған император тарапынан «қайырымдылық пен рақымшылыққа» бөленуді қажет деп таппаған еді. Олар жер-аумақтарын ала бастаған отаршылдық саясатқа қарсы өздерінің аз күштерімен қарсылықтарын жалғастыра берді. Орыс шебіне шабуылдар легі бір сәт те тоқтаған жоқ. 1823 ж. алдыңғы жылдардағыдай орыс шебіне көптеген жортуылдар ұйымдастырылды.

Көтерілісті басу үшін тағы да үлкен жазалау экспедициясын шығару қажеттілігі туындайды. Алдыңғы жазалау шарасынан үш айдан соң, 1823 ж. қазан айында Орал казак әскерінің атаманы полковник Назаров Орынбор губернаторы Эссенге жолдаған баяндама хатында «негізгі бүлікші» Жоламан Тіленшіұлына қарсы далаға тағы да жазалаушы команда шығару қажеттігін көрсетеді. Сол жылдың желтоқсан айында губернатор Эссен де Ресей Сыртқы Істер министрі граф Нессельродеге «құпия» айдарымен мәлімдеме жасап Жоламан бастаған көтерілісшілерді тағы жазалау жөнінде сұрайды: «...Вообще своевольству киргизов в степях нет границ... Требования их как о возвращении Илека, так и по другим предметам уже известны вашему сиятельству из переписки Юламана Тлянчина... Дерзость, с которою они разглашают по Орде, что за неудовлетворение сих требований ведут войну против России, заслуживает примерного наказания...» [16, с. 450-452]. 1824 ж. қаңтар айында Қаратай Нұралыұлы бастаған бір топ сұлтандар мен билер де Эссенге мәлімдеме жасап, өздерінің көтерілісшілердің шепке шабуылдарынан зиян шегулеріне байланысты оларды жазалауға емеурін танытады. 1823 ж. желтоқсан айының басында есаул Аржанухин 300 казакпен шығып, қазақ ауылдарынан жорықтарға қатысты деген 12 адамды қолға түсіреді, бірақ бұл арнайы жазалау шарасы болып табылмаған.

1824 ж. ақпан айында Жоламан бастаған көтерілісті басуға екінші ірі экспедиция шығарылады. Оны орыс-түрік және орыс-француз соғыстарынан өткен тәжірибелі қолбасшы, Орал казак әскерінің атаманы полковник Назаров басқарады. Оның құрамында 3 штаб-офицер, 29 обер-офицер, 1000 казак, басқа да шендермен бірге барлығы 1076 адам, 4 жеңіл зеңбірек болған. Жайық шебіндегі Кожехаровский форпостынан шыққан жазалаушылар алдымен алдыңғы жылдарда орыс шебіне жортуылдар жасаған Алаша руының Алтыбас бөлімі ауылдарын талқандап, 80-ге жуық адамын өлтіреді. Кердері, Кете рулары ауылдарынан да 20 адамды өлтіріп, барлығы 94 адамды тұтқындайды. Назаров жасағы Ойыл өзенінің бойына дейін жетіп көптеген ауылдарды талқандайды, өздеріне шабуыл жасаған көтерілісшілердің шағын топтарымен соғысады. Бірақ Сағыз бен Жем өзендерінің бойына қоныс аударған көтерілісші ауылдарға жете алмайды. Бұл жазалау да орыс шебіне жекелеген шабуылдарды тоқтата алмайды. Ұсақ жортуылдарды қоспағанда, 1824 ж. мамыр айында көтерілістің белгілі сардарлары Бүркітбай, Түктібай, Дәуіт Асауұлы батырлар 100-150 адамдық жасақтармен бірнеше шабуылдар ұйымдастырады.

Осылайша, 1822-1824 жж. Ресей шебіне үлкенді-кішілі жүздеген шабуылдар ұйымдастырылды. Көтерілісшілер бұл әрекеттерін жерлерін тартып алғаны үшін империяға қарсы күрес деп жариялады. Көрсетілген уақыт ұзақ болмаса да кез келген күрестен белгілі бір қорытындылар жасауға, нәтижелер шығаруға жетіп қалатын.

Алайда, аталған кезеңдегі күрес нәтижелері көңіл көншітерлік емес еді. Көтерілісшілер қанша тырысқандарымен көздеген негізгі мақсаттарына жете алған жоқ, тек өздері уәде еткендей шептерге дүрбелең салды, жүздеген тұтқындар алды. Бірақ бұл жеңіс емес еді, керісінше үкімет тарапынан екі рет ірі жазалауға ұшырап, ауыл-аймақтары қатты күйзелген болатын. Жоламан мен оның қарулас серіктері орыс шептеріне шабуылдар жасап, тұтқындар мен олжалар алудың уақытша ғана шаралар екенін жақсы түсінген. Күрестің басқа жолдарын да қарастырған. Хиуа хандығымен байланыстарға шыға бастаған. 1824 ж. көктемінде Жоламан билермен кеңестен соң әр ру бөліміне адамдар жіберіп, Ресей шептеріне шабуылдарды тоқтатуға шақырады. Ол шабуылдардан бас тартып, оның орнына сауапты істермен айналысуды сұраған [22, 40-п.; 23, 417-418-пп.]. Оның бұл әрекетін барлық рубасы билер оң қабыл алады.

Бұл кезеңде көтерілісшілер ордасы аса дағдарысты, жабырқау күйде болған еді. Жайылым жерлерден таршылық көрген, Хиуа ханы көшіп-қонуға жерлер сұрап елшілік жіберген Жоламанның өтінішінен бас тартқан. Қаратай Нұралыұлы мен Темір Ералыұлы сұлтандардың үкіметтен көп әскер алып өздеріне қарсы аттануға даярланып жатқандығы да белгілі болған. Осы кезден бастап олар өздерінің Елек өзенінің екі жағалауынан да мәңгілікке айрылғандарын түсіне бастаған. Бұл туралы нақты дерек те кездеседі, көтерілісшілер ауылында біраз уақыт тұтқында болған башқұрт казағы Муртазин олардың Елек өзенінен айрылғандарын көздеріне елестетуде екендерін, бірақ Арынғазының елге оралуын асыға күтуде екендерін жеткізген. Егер олардың бұл тілегі қабыл болмаса, онда «тұтас атқа қонып Ресей жұртына соңғы рет үлкен соққы жасап, содан соң теңіздің арғы жағына» мәңгілікке кетуге шешкен: «...ежели таковое их желание не уважится, то в таком случае всем обществом сесть им на коней и причинить стороне российской великой вред, и потом отлучится уже за море...» [22, 39-41-пп.]. Теңіз ретінде бұл жерде Арал теңізі аталған.

Жоламан бастаған көтерілістің одан кейінгі тағдыры Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуымен байланысты. 1824 ж. Кіші жүздегі хандық билік жойылып, оған қараған аймақтар тікелей Орынбор әкімшілігіне бағынады. Орынбор қазақтарының аумағы енді Батыс, Орта және Шығыс деп аталатын үш бөлікке бөлінеді. Батыс бөліктің басқарушы сұлтаны болып бекітілген Қаратай сұлтан сол жылдың өзінде Жоламан бастаған көтерілісшілерді жазалау үшін үкіметтен әскер сұрайды. Бұл жерде оның өз ішкі есептерінің де болғанын атап өту қажет, 1805-1813 жж. өзінің хан тағы үшін күресінде Табын, Тама рулары оған айрықша қарсылық көрсеткен болатын. Көтерілісті жазалау арқылы Қаратай үкімет алдында қызметімен көзге түсуді де мақсат еткен. 1825 ж. наурыз айында Қаратай сұлтан үкіметтің 500 әскерімен Бұлдырты, Шилі, Тамды өзендерінің бойларында отырған көтерілісші ауылдарға тұтқиылдан бас салып, аяусыз қырып-жояды. 200-ге жуық адам өлтіріліп, 125 адам тұтқынға алынады, оның 44-і әйелдер мен 32-і жас балалар болған [24, 47-51-пп.; 25, 13-15-пп.]. 20-ға жуық ер адам Иркутск губерниясына жер аударылады, олардың 6-ы Жоламанның жақын туыстары болып табылған. Қырғынға ұшыраған оның өз ауылдары болатын.

Осы аралықта көтеріліс тарихында маңызды оқиға орын алады. Көтерілісшілер өз ішінен екі тарапқа бөлінеді. Жоламанның өзі бастаған олардың алғашқысы Ресей билігін мойындауға мәжбүр болады. Екінші тарап Ресей үкіметіне қарсылықтарын жалғастыра беруді шешеді. Бұл топтың негізгі қозғаушы күшін Жылқышы бөлімі мен Тама руының кейбір тармақтары құрайды, оның көсемдері Құттыбас, Жаналы т.б. батырлар болған. Бұл екі тарап та Қалдығайты өзенінің бойында жеке-жеке орналасады. Деректерде осы кезден бастап бұрынғы көтерілісшілер ордасы енді «бейбіт ауылдар» және «бүлікші Жылқышы Табын» ауылдары ретінде бөлініп көрсетіледі. Асау, Сүйінқара, Дербісәлі, Байғана батырлар басқарған сарбаздар бұл кезеңде Сағыз, Ойыл бойлары мен оңтүстік өңірлерде қалған болатын. Олар сол өңірлерде қыстаған, қаруларын тастамаған, бірақ уақытша шепке қарсы әрекеттерін тоқтатқан. Шартты түрде бұл топты үшінші тарапқа жатқызуға болады. Осылайша, сипатталып отырған кезеңде көтеріліс белгілі бір

дағдарыстарға ұшыраған. Оның көсемдері арасында да пікір қарама-қайшылықтары туындап, орыс үкіметіне бағынуды қаламаған ауылдардың Жоламаннан бөлектенуі орын алған. Ауылдары мен жақын туыстары қырғынға ұшыраған Жоламан уақытша болса да өз райынан қайтуды ойлаған тәрізді. 1825 ж. 28 қыркүйекте Қаратай сұлтан губернатор Эссенге Жоламанның үкіметке қарсы әрекеттерден бас тартқаны туралы өзіне хат жолдағанын мәлімдеген [26, 2-п.]. Мұрағаттарда хаттың өзі сақталмаған. Алайда, тура бір айдан соң, 27 қазанда Қаратай сұлтан губернаторға екінші хат жолдап, осы уақыт ішінде Жоламанның өзіне келмегенін, сол себепті оның қайтадан бұрынғы үкіметке қарсы әрекеттеріне көшті деп ойлайтынын хабарлаған. Бұл көтеріліс көсемінің Ресей билігін мойындамағанын анық білдіретін. Жоғарыдағы хат уақыт ұту үшін істелген болуы немесе Қаратайдың кейінгі екінші ғаламат жазалау шарасынан соң ойын өзгерткен болуы мүмкін. Дегенмен, Жоламан осы кезеңдерден бастап көтеріліс алаңынан уақытша кетеді.

1825 ж. қазан айында Қаратай сұлтан көтерілісші Жылқышы Табын ауылдарына жойқын жазалау шарасын ұйымдастырып, 43 адамын өлтіріп, 37 адамды тұтқынға алады. Кейбір деректерге қарағанда, құрбандар саны 100-ден асқан, ауылдар талқандалып, 2-3 мың жылқы, 15-20 мың арасында қойлары тартып алынған [27, 77-п.; 16, с. 478]. Қолға түскендердің бірқатары Иркутск, Архангельск губернияларына жер аударылады. Осы жазалау істері үшін Қаратай сұлтан қымбат марапаттарға ие болады. 1825 ж. Ново-Илецкая шебінің командирі Аржанухин мен сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының біріккен жасағы Қиыл өзенінің бойында Жылқышы Табын мен Тама ауылдарын тағы жазалайды. Жазалауға қарамастан көтерілісші ауылдар өз қарсылықтарын тоқтатпайды. 1826 ж. жазында олардың 600 сарбазы Бала Қобда өзенінің бойынан орыс шебіне қауіп төндіреді. Маусым айының соңында оларға қарсы әскери старшина Меркульев басқарған 400 казак пен Шыңғали Орманұлы сұлтанның 2000 адамнан тұратын жасағы шығарылады. Шайқас алдында сұлтан көтерілісшілерден райларынан қайтып, кешірім алуларын сұрайды, сарбаздар бұған жауап ретінде оқ жаудырады. Алайда, Апта деп аталатын жердегі осы ірі шайқастан соң көтерілісшілер жақын маңдағы ауылдарға тарап кетуге мәжбүр болады. Жазалаушы жасақ казак ауылдарында 2,5 ай уақыт болып, көптеген адамдарды қолға түсіреді [28, 13-14, 48-49-пп.]. 1827 ж. қыс айларында Жылқышы Табын ауылдарына тағы әскер шығарылып, көптеген адамдар тұтқындалады. Осындай жазалаулар салдарынан аталған ауылдар да үкіметке қарсы әрекеттерін тоқтатуға мәжбүр болып, оның көсемдері Құттыбас пен Жаналы батырлар оңтүстік өңірлерге кетіп, сол жердегі күрес жетекшілерімен бірігеді.

1826 ж. жаз айларында оңтүстік өңірлерде болған күрес көсемдері Сүйінқара, Дербісәлі, Асау, Байғана батырлар 2 мыңнан астам сарбаз жинап, оларды Қалдығайты, Бұлдырты, Ойыл бойларында шоғырландырған. Шілде айында осылардың арасынан Байғана, Түктібай, Бүркітбай, Ақыл т.б. батырлар бастаған таңдаулы 500 сарбаз Новоилецк форпостына қарай жорыққа шығып, Шыңғырлауға құятын Қайналы сағасының түбінде есаул Аржанухин бастаған казак отрядымен кездеседі. Арада болған шайқаста Байғана батырдың өзі жеті адаммен бірге қаза табады. 1825 ж. Қаратай сұлтан бастаған жазалау шаралары Жоламан бастаған күрестің алғашқы кезеңінің тағдырына шешуші әсер етсе, 1826 ж. маусым айындағы Бала Қобда және шілде айындағы Шыңғырлау түбіндегі шайқастар оның тағдырын түбегейлі шешті деуге болады. Соңғы жылдардағы оқиғаларға қатыспаса да Жоламан Тіленшіұлы өзінің бастапқы идеяларынан қайтпаған еді. Ол 1826 ж. 29 сәуірде Орынбор губернаторы Эссенге өзінің бастапқы кездегі талаптарымен – Арынғазының босатылуын, Елек бойындағы өз жерлерінің қайтарылуын сұрап хат жолдайды [26, 12-п.]. Бұл оның орыс үкіметіне осы талаппен жолдаған соңғы хаттарының бірі болатын.

1826-1828 жж. көтеріліске біршама қатысты оқиғалар Үстірт өңірінде, Хиуа хандығы иеліктерінде болып өтеді. Бұл кезеңде орыс шептеріне қарсы әрекеттер уақытша тоқтаған болатын. Көрсетілген жылдары Кіші жүздің бұрынғы ханы

Шерғазы Хиуа хандығымен байланыс орнатуға ұмтылады. Атап өтерлігі, бұл істе ол көтеріліс жетекшілері Асау, Жаналы, Құттыбас батырлармен біріккен. Шерғазы әсіресе өзіне қарағанда ел басқаруға әлдеқайда қабілетті ұлы, алғыр әрі батыл Едіге сұлтанға арқа сүйеген. Едігені жергілікті қазақ рулары да аса құрметтейтін. 1827 ж. Хиуа ханы Аллақұл Шерғазыны қазақтың ханы деп жариялайды. Дегенмен, Шерғазы бұрын Ресейге қалай тәуелді болса, бұл жолы Хиуаға да дәл солай кіріптар болған. Хиуалықтар оны мойындамаған ауылдарды жазамен қорқытқан. 1828 ж. Шерғазы Орынбор өңіріне қайта оралуға мәжбүр болады.

1831-1840 жж. оқиғалар. Көтерілістің екінші кезеңі. Қасым және Кенесары сұлтандармен қосылу. XIX ғ. 30-жылдары Жоламан Тіленшіұлы өз азаттық күресінің келесі кезеңін бастайды. Өзінің азаттықты аңсаған қайсар рухын тағы да айқын көрсетеді. Дегенмен бұл жылдардың бастапқы кездері туралы деректер азырақ. 1831 ж. Жоламан өз ауылдарымен Бөкей Ордасында Ресей үкіметіне қарсы көтеріліс жасаған Қайыпқали Есімұлы сұлтанмен бірге Ойыл бойында көшіп-қонған. 1832 ж. өзінің қарулас жолдасы Адай Сүйінқара батырмен бірге Үстірт өңірінде мекендеген. 1833 ж. Жоламан өзінің келесі бір жақын қарулас жолдасы Асау батырмен бірге көшіп-қонып, бірге әрекеттер жасаған. Келтірілген мысалдар оның шеп бойындағы Елек өңіріне қайтпағанын көрсетеді.

1833 ж. Жоламан мен Асау батырлар сарбаз жинап шепке қауіп төндірді. Тамыз айында оларға қарсы Батыс бөліктің басқарушы сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлы 4 мың адаммен және қазақ жасағымен аттанады. Ащы Ойыл өзенінің бойында Жоламан мен Асау бастаған 300 сарбаз осы қалың қолмен соғыспақ болады. Алайда, Баймағамбет олармен қақтығысқа бармай, бағытын өзгертіп Кете руының адамдарының соңынан түскен. Дерекке қарағанда, аталған Кете руын үкіметке қарсы үгіттеушінің бірі Жоламан болған [29, 4-5-пп.]. Көтеріліс көсемдерін көре тұрып әрекет етпегені үшін Орынбор әкімшілігі Баймағамбет сұлтанға қатаң ескерту жасайды.

Жоламан Тіленшіұлы қайраткерлігінің келесі кезеңі әсіресе 1835 ж. бастап айқын көрінеді. Ол сол жылы Орск мен Троицк арасынан Новая линия (Жаңа шеп, Жаңа Орынбор шебі) деп аталатын әскери бекіністер шебінің салынуына үзілді-кесілді қарсы шығып, Ресейге қарсы бір қарулы күресін бастайды. Осы уақыттан бастап оның ұзаққа созылған азаттық күресінің келесі кезеңі басталады. Осыған қарағанда, 1835 ж. шамасында Жоламан Ресей шептері бойына қайта оралған. Оның Новая линия шебінің салынуына қарсылық танытуы ерекше атауға тұрарлық. 1822 ж. бастаған қарулы күрес негізінен Елек бойындағы өз төл қоныстарының тартып алынуына қарсылық ретінде басталса, Орск мен Троицк арасынан салынатын жаңа шептің бойы Жоламанның ата-қоныстары саналмайтын. Бірақ өз руының ғана емес, өз халқының бетке ұстар көсемі – атақты биі әрі бағыры болған Жоламан мұндай әділетсіздікке шыдамаған еді. Өз қауымының емес, бүкіл ұлтының мүддесін алға қойған ол жасы келіп қартайғанына қарамастан өзінің қарулы күресін қайта бастайды.

Жаңа шеп Орынбор губернаторы Перовскийдің сұрауымен салына бастаған болатын. Бұл шеп ескі Орынбор шебін анағұрлым түзетіп, оны қысқарта түсті. Ескі шеп пен жаңа шеп аралығында бұрыннан қазақтар мекендейтін; Новолинейный деп аталған осы аумақтан қазақ ауылдарын біржолата шығарып, бұл жерлерді Орынбор казактарына беру, жалпы Ресейге қосу көзделді. Бұл шара Азиаттық комитеттің мақұлдауымен жүзеге асырыла бастады. Перовский Новая линия шебін жүргізе отырып, қазақ ауылдарын осы аумақтан шығарып жіберуге тырысты. Оларды келтірмеу үшін шеп ормен, биік жалдармен қоршала бастады. Аумақ ішіне көптеген орыс поселкелері тұрғызылды. Алайда, қазақтар шептен өтіп өздерінің бұрынғы қоныстарын жайлап отырған.

1835-1838 жж. аралығында Кіші жүздегі қазақ далалары дүрбелеңге толы болған. 1837 ж. көктем шығысымен Жоламан мен Жаналы батырлар сарбаз жинап, оларды бірнеше жасаққа бөлген. Жасақтарды бұрынғыша жеке-жеке сардарлар басқарған

және олар шепке шабуылдар жасауға даярланған. Дәл сол кезеңде ауыл-аймақтар арасында жұртты Ресей қол астынан кетіп, Хиуаға қарай қоныс аударуға үгіттеушілер өте көп болған. 1837 ж. жаз айларында осындай үгіттермен әсіресе Табын және Тама руларының жаушылары қызу айналысқан. Мұрағат құжаттарының бірінде Ресейге қарсы үндеулерді таратумен айналысқан 40 аса адамның тізімі сақталған, олар негізінен аталған екі ру адамдарынан тұрады [30, 2-3-пп.].

1837 ж. жаз айларында аса маңызды оқиға орын алады – Жоламан Ырғыз және Торғай далаларында Абылайдың ұрпақтары Қасым және Кенесары сұлтандармен кездесіп, келіссөздер жүргізеді. Осы кезеңдерде олар алдағы уақыттарда Ресейге қарсы бірігіп әрекет етуге келіскен. Бұл жолы Жоламан өз ауылдарымен және ең жақын серіктерімен ғана болған тәрізді. Ол осы кезеңнен бастап Ресей шебіне жақын ауыл-аймақтарды аталған Ырғыз, Торғай далаларына, Хиуа иелігіне жақын жерлерге көшіріп әкелуді жоспарлай бастаған.

1838 ж. көктемінде шепке жақын маңда көшіп-қонған ауыл-аймақтар да Хиуа иелігіне көшуді ойлаған. Орта бөліктің аға сұлтаны Жүсіп Нұралыұлы сол жылдың 26 наурызында жолдаған рапортында Елек бойындағы қазақ ауылдарының күн жылысымен «Ресейге тәуелді әрі бағынышты болмас үшін» Хиуа шекараларына көшуге дайын отырғанын хабарлаған: «...Дошли до меня неприятные слухи, что все киргизы кочующие по линии и р. Илеку имеют намерение при первой встрече весны откочевать к границам Хивинского владения с целью не быть зависимыми и приверженными России...». Ол дистанция және жергілікті басшыларға, Табын мен Тама руларының билеріне өз қол астындағыларын мұндай ойдан қайтаруды тапсырғанын жазған. Шекара Комиссиясы бұған жауабында көшіп кетушілер үшін бас ауыртпауды, оның орнына көшуге қанша шаңырақ ниеттеніп отырғанын және олардан қанша жер босап қалатындығын анықтауды міндеттеген [31, 1, 3-пп.].

Сол кезеңдегі мәліметтердің үзік-үзіктігіне қарамастан 1837-1838 жж. көптеген ауыл-аймақтар Хиуа шекарасынан қашық емес Ырғыз бен Торғай өңірлеріне қоныс аударған. Жоламан бастаған көтерілісшілердің Торғай даласына кетуі – ұлы көштің тек басы ғана болған. Елек бойындағы көптеген ауылдар орыс шебіне жақын жерлерде қалып қойған еді. Осы қалған ауылдар мен жалпы Ресейге қарасты бүкіл қазақ жұртын өздерімен бірге даланың алыс қойнауларына, Торғай өңіріне алып кету үшін көтерілісшілер 1838 ж. жаздың басында шеп бойына қайта оралады.

1838 ж. маусым айында Жоламан бастаған үлкен жасақ Жайық-Елек өңіріне оралып, осы жерде қалып қойған қазақ қауымдарын өздерімен бірге Торғай, Ырғыз далаларына әкетуге кіріседі. Деректерге қарағанда, бұл жасақ Табын, Тама және Қыпшақ руларынан құралған 3000 сарбаздан тұрған, оны Жоламан, Жаналы, Елшібек, Тұрым, Тоқпан және басқалар басқарған. Олар Жайық-Елек бойларында өздеріне қосылмаған Табын, Тама ауылдарын, Шекті руының Назар бөлімін, Жағалбайлы, Төртқара, Жаппас руларының бірқатар ауылдарын Ресей ықпалынан әкетуге бел шеше кіріседі. 1838 ж. маусым айында осындай әрекеттер нәтижесінде, Жоламан мен оның серіктері Кіші жүздің 500-ге жуық ауылын бастап Торғай, Ырғыз, Сыр бойындағы Қарақұм өңірлеріне – Қасым және Кенесары ордасына әкеліп қосады. Ресей шебінен алыс орналасқан Ырғыз бен Торғай аралығында үкіметке қарсы күштер шоғырланып, аталған жерлер олардың тоғысқан, күш біріктірген мекендеріне, қозғалыстың негізгі ордасына айналады.

Өлке әкімшілігі көшіп кеткен елді қайтаруға шұғыл әрекеттер жасайды. Орынбор губернаторы Перовский көшкен ауылдарды қайтарып, Жоламанды талқандау үшін үш ірі жасақ аттандырған. Солардың бірі полковник Мансуров бастаған 800 адамдық отряд Ор түбінде қалған Төртқара руынан 70 адамды өлтіріп, 7500-ге жуық ұсақ малын, 600-ден астам ірі қаралары мен түйелерін қолға түсіреді, бірақ Ырғызға дейін барғанымен ешқандай ауылды кездестірмейді. 750 әскермен Орынбордан шыққан подполковник Подуров та көтерілісші ауылдарды таба алмай кері қайтады.

1838 ж. күзінде Торғайдың жоғарғы жағында Орта жүздің белгілі сұлтаны

Қасым Абылайұлы мен Ұлытау, Кішітау өңірлерінде оның ұлы атақты Кенесары Қыпшақ пен Арғынның 4 мың шаңырағымен қоныстанып отырған болатын. Жоламан өз ауылдарымен олардың арасына, Торғайдан төмен Қарақұм өңіріне орналасады, ауылдардың бір бөлігі Торғайдың жоғарғы тұсына Қасым сұлтан көшіне жақын жайғасады [32, 40-43-пп.; 33, 5-6-пп.].

1835-1847 жж. аралығында Абылайдың ұлдары Қасым мен Саржан, немересі Кенесары сұлтандардың отарлауға қарсы үлкен қозғалыс ұйымдастырғаны белгілі, осы ұлы науқанға алғашқылардың бірі болып Жоламан Тіленшіұлы үн қосқан еді. Аталмыш кезеңде көптеген шен алып үлгерген қазақтың беделді билері мен сұлтандары Кенесарыны қолдаудан қорқып, бірқатары керісінше оған қарсы шыққан болатын. Солар сияқты шен-шекпен алуға мүмкіндіктері бола тұра, бірақ одан гөрі ел-жұртының азаттығын артық көрген бұл тұлғалар бірігіп күресуді ойлайды. Жеке екі өңірдегі көтеріліс көсемдерінің бір жерден табылуы, немесе екі көтеріліс ошағының бір жерге жұмылып бірігуі Отан тарихында алғаш рет іске асқан көрініс болып табылды.

Жоламан Торғай өңіріне келгеннен кейін де келер 1839 ж. көктемінде орыс шебіне қайта оралып, бүкіл Жаңа шеп бойын өртеуді мақсат еткен. Бұл туралы Жоламан аулынан тұтқыннан қашып шыққан казак Иван Силин мәлімдеген: «...во время нахождения в плену в ауле Джуламана слышал как он несколько раз говорил киргизам, что по наступлению будущей весны он выжжет всю новую линию, потому что она заведена на принадлежащей киргизам земле а жителей изтребит...» [32, 15-п.]. Деректерге қарағанда, Кенесары Жоламаннан өз әскеріне жігіттер беруді сұраған, соңғысы келер жылы шеп бойында қалған ауылдарды әкелген соң бере алатынын айтқан. Кенесары қосынында Жоламан мен оның сарбаздары бірнеше әскери іс-қимылдарға қатысады. 1838 ж. желтоқсан айында Жоламанның өзі Шекті, Төртқара және Табын сарбаздарымен бірге Ұзын Қыпшақ руының белгілі басқарушы биі Балғожа Жаңбыршыұлының ауылдарына шабуыл жасайды, Аманқарағай округіне қарасты Арғын руының ауылдарына да шабуыл жасалады. Кенесары мен Жоламанның бірлесе жасаған іс-қимылдары арнайы мақалада да көрсетілді [40].

1839 ж. наурыз айында көтерілісшілерге қарсы 2000-ға жуық адамнан тұратын әскери старшина Лебедевтің жазалаушы әскері шығарылып, бұл жасақ Қасымның туған інісі Абдолла сұлтанның ауылдарын шауып, 50 адамды өлтіреді, сұлтанның өзін тұтқындап әкетеді. Кенесары мен Жоламан Абдолла сұлтанды азат ету үшін орыс әскерінің соңына түскенімен жете алмайды: «...для вырочки ныне взятого на Тургаях нашим отрядом султана Абдуллы, за коим султан Кинесари с батырем Юламаном и гналися но не достигли...» [34, 78-п.].

Жоламан Кенесарымен бірлесіп оның көптеген іс-әрекеттеріне қатысқан. Орынбор губернаторы Перовский Ресей Әскери министрі граф Чернышевке жолдаған рапортында және өз кезегінде министрдің император І Николайға берген мәлімдемесінде екі сардардың қосылып шепке қауіп төндіруде екені хабарланған: «...По тем же сведениям из которого извлечено это донесение Кенесары отправил аулы свои к Аксакал-Барби и на Сыр-Дарью, а сам соединяя с мятежником из киргизов Оренбургского ведомства Батырем Юламаном и имея при себе значительное скопище угрожает нападениями на мирных киргиз и на линию; шайка эта как полагают приблизилась к центру Новой линии верст на 200...» [35, 9-11-пп.].

Сәуір айында Кенесарыға қарсы полковник Горский бастаған жазалаушы әскер шығарылады. Торғай мен Ұлытау аралығында әскер көш үстіндегі Саржан Қасымұлы мен оған қосылған ауылдарға тап болып тұтқиылдан шабуыл жасайды. Жазалаушылар 170-ке жуық адамды тұтқындап, 2300 жылқы, 10 мың қой, жүздеген түйелер мен ірі қара малдарын қолға түсіреді, құрбан болғандар саны аталмайды. Кенесарының өзі олардың арасында болмаған, ол Жоламан екеуі Қыпшақ ауылдарында жүрген.

Орынбор губернаторы В. Перовский Шекара Комиссиясына 1839 ж. 6 мамырда жіберген нұсқаулығында Кенесарының Жоламанмен бірге бейбіт қазақтар мен орыс

шептеріне шабуылдар жасау ниетінде екенін, барлық шеп басшыларына аса сақ болу, мұқият қадағалау туралы тапсыруды бұйырған. Аталған мамыр айында Жоламан Қасым сұлтаннның қалауымен Алтын-Жаппас руының биі Науша Барқыұлының ауылын шабады. Науша би де қарымта ретінде Жоламан ауылдарын екі рет шапқан. Кенесары мен Жоламан Бұқара керуенін, ондағы орыс көпестерінің қазақ приказчиктерін тауарларымен қоса дала төскейінен орыс шебіне өткізген, мұны керуенді жүргізуші Жаппас, Арғын және Қыпшақ руы адамдарының соңғы рет өтіп, орыстардағы өз қарыздары мен шеп бойындағы қазақтардан малдарын түгел алып, осыдан кейін олардың өздеріне қосылуы үшін істеген [34, 85, 137-138- пп.].

Жоламан мен оның серіктерінің Ресейдің қолы жетпейтін алыс аймақтарға ауа көшу әрекеттерін тек Жетіру мен Әлімұлының көрсетілген рулары ғана емес, сәл кейіннен Байұлының да біраз рулары қолдаған. 1839 ж. маусым айында Жайық өңірлерін тұрақты мекендеп келген Алаша, Байбақты, Тана, Масқар және Қызылқұрт рулары өз ауылдарымен және мал-мүліктерімен Қиыл өзенінің жоғарғы жағына көшіп келіп тоқтаған, осы жерден олар әрі қарай жылжып, Жоламанға барып қосылуды ойлаған. Осы руларға қосылып көшуді Ысық және Шеркеш рулары да жоспарлаған [36, 2- п.]. Бұл әрекеттер ертеден Жайық шебі бойында көшіп-қонып келген аталған рулардың Ресейдің отарлау саясатына қарсы наразылық шарасы болып табылғандығы даусыз.

1839 ж. жаз айларында әртүрлі әлеуметтік-саяси себептермен Жоламанның Торғай өңірлеріндегі ордасы ыдырай бастайды. Оның қол астындағы Табын мен Тама ауылдары аса көп мөлшерде Ор өзенінің жоғарғы тұсы мен Жем бойына қайта орала бастайды. Жоламанға қарасты ауылдардың шеп бойындағы өз өңірлеріне қайта оралуы, көтерілістің қозғаушы күштерінің кеткендігін, сәйкесінше олардың өздері ұзақ күрескен Ресей билігін амалсыз мойындауға мәжбүр болғандығын көрсететін. Қайта оралудың ең басты себептерінің бірі жері жұтаңдау Торғай өңірінде қоныстан таршылық көрулері, жұтқа ұшырауы, өздерінің орыс шептері бойындағы қоныстарынан айырылып қалу қаупі, басқа да әлеуметтік-саяси оқиғалар әсерінен болғаны талассыз. Ең басты себептердің бірі – ауылдардың жазалау кезінде қырғынға ұшырауы болып табылды. Кенесары көтерілісі тұсында өзара барымталардың, шапқыншылықтардың көп болғаны белгілі. Бұрынғы қандастарымен соғыспаған Жоламанның қауымы осындай ішкі қақтығыстарға қатысуға мәжбүр болған еді. Осындай сәттерде көптеген ауылдар күйзеліске ұшырайтын.

Жоламанның өзі аз мөлшердегі ауылдармен Қасым сұлтанмен бірге көшіп-қонады. 1840 ж. маусым айында Қасымды Ташкент әміршісі көптеген жақын туыстарымен бірге өлтірген оқиғадан соң жасы ұлғайған Жоламан көтеріліс қимылдарынан біртіндеп шыға бастайды. Кейбір сенімді деректерге қарағанда, ол өзінің ең жақын туыстарымен бірге Бұқара өңіріне кетіп, сол жаққа мәңгілікке тұрақтаған. Бірақ Кенесарымен, жалпы қазақ даласымен байланысын үзбей, кейбір маңызды шараларға қатысып отырған. 1841 ж. мамыр айының соңында Кенесарының Қаратауда ұйымдастырған кеңесіне қатысқан. Даланың беделді адамдарына қонақасы түрінде болған бұл жиынға Марал ишан, Байқадам, Жанайдар, Құттыбай, Меңдібай т.б. батырлар мен билер қатысқан.

Жоламан саяси оқиғаларға бұрынғыдай араласпай Бұқара өңірінде бейтарап өмір сүруді қалаған. Ол тек қана Ресей ықпалынан тыс жерде өмір сүруді ойлаған тәрізді. Кенесарының одан кейінгі әрекеттеріне қосылмаған, өзінің азаттық күресін одан әлдеқайда бұрын бастаған ол, ендігі жерде қазақ сахарасының түгелдей патша отарына айналып бара жатқандығын, ал патшалықпен соғысудың бос әурешілік екеніне көзі жеткендей сияқты. Қасым сұлтанмен замандас болған оның бұл кезде жасы да ұлғайған болатын. Алайда, Жоламан Ресей билігін соңына дейін мойындамай кеткен қаһарман тұлғалардың бірінен саналады. 1841 ж. Орынбор губернаторы Перовский император рұқсатымен Хиуа хандығына капитан Никифоров бастаған елшілік жіберіп, аталған елші Аллақұл ханға қазақтардың Ресей боданы болып табылатынын, олардың

жері де патшалыққа қарайтынын қатаң түрде жеткізген болатын. Осыдан соң Аллақұл Хиуаға қазақтың жеті бірдей ықпалды деген адамын, солардың ішінде Жоламанды да Бұқарадан шақыртып алдырады. Олардан орыс елшісінің көзінше өздерін Ресей боданы деп есептей ме деген сауалдар қойылғанда, басқалармен бірге Жоламан да өзін Ресей боданы деп атауға қарсы шыққан [37, 370-п.; 3, с. 187].

Кенесары өзінің әкесінің қарт жолдасы Жоламан батырды ерекше құрметтеген. 1845 ж. өзі көшіп-қонған Ырғыз бен Торғай, Ұлытау мен Сарысу өңірлеріне де әскери бекіністердің салына бастағанын көрген Кенесары Алатауға қоныс аударар алдында егер ол жерде қалу мүмкін болмаса «Табын Жоламан салған жолмен Бұқара асып кететіндігін» мәлімдеген [38, 60-61-пп.]. Жоламан мен Кенесары арасындағы тығыз байланыстар 1837 ж. жаз айларынан бастап шамамен 1840 ж. жазына дейін жалғасқан.

Жоламан бастаған көтеріліс үлкен аумақты қамтыды, негізінен екі-үш ру өкілдері қатысқанына қарамастан өте ауқымды болды. 1822-1826 жж. Елек, Қобда, Шыңғырлау т.б. солтүстік өңірлерден бастап Жем, Сағыз, Ойыл, Темір және ішінара Солтүстік Үстіртке дейінгі аралықты қамтыса, 1837-1840 жж. Ырғыз, Торғай, Сыр өңірлеріне де тарады. Осы соңғы кезеңде көтеріліске алдыңғы Табын, Тама, Кете руларынан басқа Шөмекей, Төртқара, Шекті және Қыпшақ руларының бөлімдері де қосылды. 1838-1840 жж. көтеріліс ауқымын төмендегі мәліметтер де көрсетеді. 1837 ж. бастап Ресей үкіметі Кіші жүз қазақтарына тұңғыш рет түтін салығын енгізген болатын. Мысалы, 1838-1840 жж. салық 10-13 мың аралығындағы шаңырақтан жиналса, 1841-1843 жж. сәйкесінше 40 мың, 50 мың және 60 мыңнан астам шаңырақтан жиналған. Бұл Ресей шебінен алыс көшіп кеткен мыңдаған түтіннің қайта оралып, патша билігін мойындағанын көрсететін.

1822-1826 жж. көтеріліс аясында Ресей шептеріне ірілі-ұсақты жүздеген шабуылдар ұйымдастырылды, шекарада орналасқан орыс форпосттары мен редуттары, хуторлары қазақтардың үздіксіз шабуылдарынан көз ашпады. Осы шабуылдарда шеп бойынан жүздеген тұтқындар алынды. Бір құжаттарда 1822-1824 жж. 150-ге тарта адамның қолға түсірілгені аталса, кейбір мәліметтер бойынша 1818-1829 жж. аралығында барлығы 443 адам тұтқынға алынған [39, 2-7-пп.]. Қазақ даласындағы ешбір көтерілісте мұндай мөлшерде тұтқын алынбаған болатын. Орыс тұтқындары көп жағдайда Хиуа хандығына сатылған, оларды сатып алушы көбіне ханның өзі болып табылған. Тұтқындар көтерілісшілер үшін әскери олжа болып табылатын, олар біршама қымбат бағаланған. Сонымен қатар, оларды аманатта жатқан өз туыстарына да айырбастаған.

Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық күресті басуға мыңдаған әскерлерден тұратын ірі-ірі жазалау экспедициялары шығарылды, оларды полковник Берг, атаман Назаров сияқты орыс-француз, орыс-түрік соғыстарына қатысқан тәжірибелі қолбасшылар басқарды. Ашық шабуыл жасаған қазақ сарбаздарына төтеп бере алмаған бір жасақ шегініп Орынборға қайтуға мәжбүр болды. Ресей империясы әскерінің қазақ даласында өз мақсатына жете алмай, шегініп кері қайтуы Отан тарихында тұңғыш орын алған көрініс.

Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс Ресей империясының Орта Азия мемлекеттерін жаулап алуын да бірнеше ондаған жылдарға тежеді. Күрестің аса ірі маңыздарының бірі – оның Қазақстанның үлкен бөлігін қамтыған Қасым мен Кенесары сұлтандар бастаған көтеріліске қосылуы болып табылды. Қазақ даласында екі үлкен күрес ошақтарының бірігуі Отан тарихында тұңғыш рет орын алды. Жоламан бастаған күрес ел мен жердің азаттығы үшін, қазақ халқының біртұтастығы үшін, қазақ қауымдары арасында орталықтандырылған мықты билік орнату үшін ұйымдастырылды.

Көтеріліс өз сипаты жағынан ұлт-азаттық күрес болып табылды, ол мақсатсыз, жүйесіз әрекеттерден тұрған жоқ, шабуылдар нақты мақсаттармен, жоспармен ұйымдастырылды. Шабуылдардың бәрінде дерлік сарбаздардың бір емес, бірнеше ту

ұстап шығулары да сол шабуылдардың жай жортуылдардан мақсаттары әлдеқайда биік азаттық сипатын анық көрсетеді. Көтеріліс жетекшілері өздерінің нақты талаптарын Ресей үкіметіне қойды, дегенмен күрестің негізгі тактикасы орыс шебіне шабуылдар жасап, салынған бекіністерді өртеу және тұтқындар алу болды. Шепке зиян жасау, бекіністерді өртеу арқылы көтерілісшілер отарлаушы үкіметті Елек бойларынан кетіруге тырысты. Бұл орындалуы қиын мақсат болатын. Зеңбіректермен қаруланған жазалаушы әскермен көтерілісшілер бетпе-бет шайқасып та көрді. Көтерілісті басуға мыңдаған адамнан тұратын үлкен командалардың шығарылуы, оларды тәжірибелі командирлердің басқаруы, Ресей үкіметінің Жоламан бастаған күрестен шындап қауіптенгенін көрсетеді.

Жоламан бастаған көтеріліс шептерге шабуыл жасау, тұтқындар алу және өздеріне қосылмаған басқа қазақ қауымдарына күш көрсету сияқты жалпы сипаты жағынан Кенесары бастаған көтеріліске ұқсас болды. Одан айырмашылығы, қорқытса да 1822-1826 жж. көтерілісшілер күреске қосылмаған қазақ ауылдарын тікелей шапқан жоқ, мал-мүліктеріне де тиіспеді. Өздерін жазалауға қатысқан төре-сұлтан ауылдарын екі-үш мәрте шауып, солардың мал-мүлкін алды. Мұның бір себебі, шеп бойында қалған ауыл-аймақтардың көпшілігі күреске тікелей қатыспаса да, көтерілісшілерді іштей жақтаған, оларға құрметпен қараған өз руластары болатын. Кенесары күресінің басым бөлігі Ресейді қолдаған әкімдер мен билер қауымдарын шабудан тұрған еді, себебі хан әулетінен шыққан ол өз билігін күшпен болса да мойындатуға күш салған. Сонымен қатар, жоғарыда атап өтілгендей, екі ірі күрес ошағының бірігуі Қазақстан тарихында тұңғыш орын алған құбылыс болып табылды.

Жоламан бастаған көтерілісті маңызы мен ауқымы жағынан Отан тарихында Кенесары көтерілісінен кейінгі екінші орынға қоюға болады. Бұл күрес іс жүзінде Ресей империясына қарсы бағытталған азаттық соғыс болып табылды. Қазақ сарбаздары өз әрекеттерін Ресейге қарсы ашық соғыс деп жариялады. Көтерілісшілер негізгі майданды өздері мен өздеріне қарсы жақ ретінде екіге бөлгенде сол өздеріне қарсы тарапты Ресей мен оған тәуелділер деп нақты ажыратты. Өздерін тәуелсіз деп санап, патша империясы мен оны қолдаған (тәуелді болған) билеушілер мен қауымдарға қарсы қойды. Бұл көптеген құжаттардан көрініс береді.

Күрес нәтижесінде жеңіліске ұшырағанымен, ол үзілістермен біршама ұзақ жылдарға созылып, Ресей үкіметін біраз шығындарға әкелді. Көтерілісті басуға жіберілген бірнеше ірі жазалау шаралары, тұтқындарды босатуға бағытталған әрекеттер т.б. іс-шаралар үкіметке үлкен күшке, ірі материалдық шығындарға түсті. Ресей империясының оңтүстікке қарай жылжуын, Орта Азия халықтарын басып алу әрекетін көп жылдарға тежеді.

Көтерілістің бірінші кезеңін – 1822-1826 жж. аралығымен мерзімдеуге болады. Бұл Ресей үкіметінің қазақтарға Елек бойына жақын келуге ресми тыйым салған т.б. шарттарының күшіне енуіне, Арынғазының қайтарылмауына байланысты көтерілген ру бөлімдерінің бір-бірімен бірлесіп, ұйымдасқан түрдегі шабуылдарынан бастап, оларды патша үкіметі толық жазалағанға дейінгі аралық. Көтерілістің алғашқы кезеңінде Ресей шептеріне жүздеген шабуылдар ұйымдастырылды. 1822 ж. Ново-Илецкая шебінде құрылған алты форпосттың барлығы бірдей Жоламан бастаған қазақ сарбаздарының шабуылына ұшырады. Қазақ жасақтары үлкен топтарға бірігіп, әскери күштер шоғырланған бекіністерге тікелей шабуылдар ұйымдастырды. Аталған кезең отарлаушы үкімет орындарымен тікелей шайқастарға толы болды және ірі-ірі жазалау шаралары да осы кезеңде орын алды.

1835-1840 жж. аралығын күрестің екінші кезеңі ретінде қарастырамыз. Мұның алғашқы кезеңнен айырмашылығы шепке тікелей шабуылдар азайып, көтеріліс ошағы шекарадан алыс Торғай өңірінде шоғырланды. Бұл кезең қарулы шайқастардан, орыс үкіметімен жанасудан гөрі бүкіл қазақ қауымын Ресей ықпалынан алып кетуге бағытталған сипатымен көзге түсті. Дәл осы кезеңде көтерілісті Кіші жүздің басқа ірі

рулары қолдады және Қасым мен Кенесары сұлтандармен қосылу әрекеті іске асты. 1826-1835 жж. аралығында көтерілісшілер топтарының үкімет әскерімен жекелеген қақтығыстары орын алса да, белсенді әрекеттердің тоқтап, көтеріліс жетекшілерінің Хиуа және басқа жерлерде жүрген бұл аралық жалпы қарулы күрес кезеңіне жатпайды, дегенмен бұл жылдары да наразылық тоқтаған жоқ болатын. Бұл жылдар екі кезенді жалғастырушы уақыт болып саналды.

Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс XIX ғ. I-жартысында тек Батыс Қазақстандағы ғана емес, бүкіл қазақ даласындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылды. Қазақ тарихында елеулі орын алса да бұл күрес көпке дейін Отан тарихында өзінің лайықты бағасын алмады. Жоламан патша үкіметінен өзіне кешірім өтінген жоқ, оған құқы бола тұра, сол берілмеген күйде өз туған жерінен алыс, жат жерде өлуді жөн көрді. Оның және қасындағы серіктерінің есімдерін тарихқа енгізу кезек күттірмейді.

Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі

1. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь: Типо-лит. Н.М. Родионова, 1902. – 524 с.
2. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость Казакского народа (1797-1838). – Кызыл-Орда: Изд. общества изуч. Казахстана, 1926. – 298 с.
3. Терентьев М. История завоевания Средней Азии. – Том 1. – СПб.: Типо-литогр. В.В. Комарова, 1906. – 510 с.
4. Ресей Мемл. тарихи архиві (РМТА). 1291-қ., 81-т., 92а-іс // ҚР ОМА. 2300-қ., 13-т., 13-іс.
5. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Часть I. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Сост. Л. Мейер. – СПб, 1868. – 464 с.
6. РМТА. 1291-қ., 81-т., 139-іс // ҚР ОМА. 2300- қ., 13-т., 24-іс.
7. Рябинин А. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Уральское казачье войско. Часть I. – СПб: Типография Э. Веймара, 1866. – 419 с.
8. Сборник узаконений о киргизах степных областей. / Сост. И.И. Крафт. – Оренбург: Типо-литография И.Н. Жаринова, 1898. – 282 с.
9. Столетие военного министерства. 1802-1902. Землеустройство казачьих войск. Исторический очерк. – СПб: Типография поставщиков двора его императорского величества товарищества М.О. Вольф, 1911.
10. ҚР Орталық Мемл. мұрағаты (ҚР ОМА). 4- қ., 1-т., 1856-іс.
11. РМТА. 1291- қ., 81-т., 90-іс // ҚР ОМА. 2300- қ., 13-т., 19-іс.
12. РМТА. 1291-қ., 81-т., 92б-іс // ҚР ОМА. 2300- қ., 13-т., 13-іс.
13. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 4700-іс.
14. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 498-іс.
15. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 1808-іс.
16. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828). Том 4. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – 543 с.
17. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 1272-іс.
18. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 1804-іс.
19. Орынбор обл. мемл. архиві (ООМА). 6-қ., 10-т., 2781-іс.
20. РМТА. 1291-қ., 81-т., 91-іс // ҚР ОМА. 2300-қ., 13-т., 20-іс.
21. Ресей Мемл. әскери-тарихи архиві (РМӨТА). 846-қ., 16-т., 769-іс // ҚР ОМА. 2300- қ., 1-т., 316-іс.
22. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 1835-іс.
23. ҚР ОМА. 4- қ., 1-т., 21-іс.
24. ООМА. 6- қ., 10-т., 3188-іс.

25. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1838-іс.
26. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1341-іс.
27. РМТА. 1291-к., 81-т., 96-іс, 77-п. // ҚР ОММ, 2300-к., 13-т., 18-іс.
28. ООМА. 6-к., 10-т., 3321-іс.
29. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 4830-іс.
30. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 3331-іс.
31. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 3339-іс.
32. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 4304-іс.
33. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1989-іс.
34. ООМА. 6-к., 10-т., 4857-іс.
35. РМӨТА. 846-к., 16-т., 1161-іс.
36. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 3343-іс.
37. ООМА. 6-к., 10-т., 5241-іс.
38. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 2327-іс.
39. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1351-іс.
40. Жетпісбай Н.Ы. Кенесары мен Жоламан: екі азаттық күрес майданының бірігуі // Отан тарихы. – 2015. – № 3. – 79 - 94 -бб.

References:

1. Dobrosmyslov A.I. Turgayskaya oblast. Istoricheskiy ocherk. – Tver: Tipo-lit. N.M. Rodionova, 1902. – 524 s.
2. Ryazanov A.F. Sorok let borby za nacionalnuyu nezavisimost Kazakskogo naroda (1797-1838). – Kzyl-Orda: Izd. obshchestva izuch. Kazakhstana, 1926. – 298 s.
3. Terentev M. Istoriya zavoevaniya Sredney Azii. – Tom 1. – SPb.: Tipo-litogr. V.V. Komarova, 1906. – 510 s.
4. Resey Meml. tarikhi arkhivy (RMTA). 1291-q, 81-t., 92a-is // QR OMA. 2300-q., 13-t., 13-is.
5. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami generalnogo shtaba. Chast I. Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva. Sost. L. Meyer. – SPb, 1868. – 464 s.
6. RMTA. 1291-q, 81-t., 139-is // QR OMA. 2300-q., 13-t., 24-is.
7. Ryabinin A. Materialy dlja geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami generalnogo shtaba. Uralskoe kazach'ye voysko. Chast I. – SPb: Tipografiya E. Veimara, 1866. – 419 s.
8. Sbornik uzakoneniyy o kirgizah stepnyh oblastey. Sost. I.I. Kraft. – Orenburg: Tipografya I.N. Zharinova, 1898. – 282 s.
9. Stoletie voennogo ministerstva. 1802-1902. Zemleustrojstvo kazach'yih voisk. Istoricheskiy ocherk. – SPb: Tipografiya postavshchikov dvora ego imperatorskogo velichesta tovarishchestva M.O. Volf, 1911.
10. QR Ortalyq Meml. arkhivy (QR OMA). 4-q., 1-t., 1856-is.
11. RMTA. 1291-q, 81-t., 90-is // QR OMA. 2300-q., 13-t., 19-is.
12. RMTA. 1291-q, 81-t., 92b-is // QR OMA. 2300-q., 13-t., 13-is.
13. QR OMA. 4-q., 1-t., 4700-is.
14. QR OMA. 4-q., 1-t., 498-is.
15. QR OMA. 4-q., 1-t., 1808-is.
16. Materialy po istorii Kazakhskoy SSR (1785-1828). Tom 4. – M.-L.: Izd. AN SSSR, 1940. – 543 s.
17. QR OMA. 4-q., 1-t., 1272-is.
18. QR OMA. 4-q., 1-t., 1804-is.
19. Orynbor obl. meml. arkhivy (OOMA). 6-qor, 10-t., 2781-is.
20. RMTA. 1291-qor, 81-t., 91-is // QR OMA. 2300-qor, 13-t., 20-is.
21. Resey Meml. askeri-tarikhi arkhivy (RMATA). 846-q., 16-t., 769-is // QR OMA. 2300-qor, 1-t., 316-is.
22. QR OMA. 4-q., 1-t., 1835-is.

23. QR OMA. 4-q., 1-t., 21-is.
24. OOMA. 6-q., 10-t., 3188-is.
25. QR OMA. 4-q., 1-t., 1838-is.
26. QR OMA. 4-q., 1-t., 1341-is.
27. RMTA. 1291-q., 81-t., 96-is, 77-p. // QR OMA, 2300-qor, 13-t., 18-is.
28. OOMA. 6-q., 10-t., 3321-is.
29. QR OMA. 4-q., 1-t., 4830-is.
30. QR OMA. 4-q., 1-t., 3339-is.
32. QR OMA. 4-q., 1-t., 4304-is.
33. QR OMA. 4-q., 1-t., 1989-is.
34. OOMA. 6-q., 10-t., 4857-is.
35. RMATA. 846-q., 16-t., 1161-is.
36. QR OMA. 4-q., 1-t., 3343-is.
37. OOMA. 6-q., 10-t., 5241-is.
38. QR OMA, 4-q., 1-t., 2327-is.
39. QR OMA, 4-q., 1-t., 1351-is.
40. Zhetpisbay N.Y. Kenessary men Zholaman: eki azattyk kures maidanyyn birigui // Otan tarihy. – 2015. – № 3. – 79-94-бб.

Н.Ы. Жетписбай¹

¹Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Ph.D докторант
г. Астана, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИУЛЫ

Резюме

В статье описывается восстание под руководством Жоламана Тленшиулы, происходившее в 1822-1840 гг. (с перерывами). Данное восстание, начавшееся в Западном Казахстане, является одним из самых первых и крупных выступлений против колониальной политики Российской империи. Несмотря на широкий ареал распространения и длительность, эта освободительная борьба в истории Казахстана до сих пор полностью не исследована. В статье на основе архивных источников повествуется ранее неизвестные подробности указанного восстания, его основные периоды.

Ключевые слова: восстание, Елек, Жоламан Тленшиулы, форпост, Кенесары Касымұлы, борьба, сарбазы, карательные войска.

N.Y. Zhetpisbay¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Ph.D student
Astana, Kazakhstan

NATIONAL-LIBERATION UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIULY

Summary

The article describes the uprising led by Zholaman Tlenshyuly with interruptions in 1822-1840. This uprising, which began in Western Kazakhstan, is one of the first and largest speeches against the colonial policy of the Russian Empire. Despite the wide range of distribution and duration, this liberation struggle in the history of Kazakhstan has not yet been fully explored. In the article, on the basis of archival sources, the previously unknown details of the said insurrection, its main periods, are narrated.

Keywords: uprising, Yelek, Zholaman Tlenshiuly, outpost, Kenessary Kassymuly, liberation struggle, punitive troops.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCHES OF YOUNG SCHOLARS

УДК 902/904

А. КАСЕНОВА¹

¹Институт археологии им. А.Х. Маргулана, научный сотрудник
г. Алматы, Казахстан

КАМЕННЫЕ СТРАЖИ САРЫАРКИ

Аннотация

В статье рассматриваются каменные изваяния Сарыарки, являющиеся важным источником по истории древних и средневековых народов Евразии. В них не только воплощен внешний облик людей прошлых эпох, но и отражена ценная информация о социальной структуре и быте народов, оставивших эти памятники.

Ключевые слова: Сарыарка, каменное изваяние, кыпчак, каменные стелы, сакские, стражи, тюркские.

Начиная с первобытной эпохи люди пытались найти объяснение непонятных им природных явлений и катаклизмов. Это был период присваивающего хозяйства, когда человек сильно зависел от природы, а его выживание – от удачи в добыче средств пропитания способом охоты, собирательства, рыболовства. Поэтому люди поклонялись силам природы. С переходом к производящему хозяйству, когда человек начал обеспечивать свои жизненные потребности в пище, занимаясь скотоводством и земледелием, он перестал полностью зависеть от природы. Наряду с силами природы люди стали почитать божеств, предков и героев.

Одной из древнейших традиций почитания умерших было увековечивание их памяти путем возведения специальных сооружений и установки изваяний. В степях и долинах Казахского мелкосопочника – Сарыарки, богатых пастбищами и водными источниками, а потому благодатных для кочевников, до сих пор сохранились каменные изваяния разных эпох.

Встречаются изваяния разной величины – от 1 м до гигантских, высотой свыше 4 м, они могут стоять одиночно или группами. Обычно они установлены возле сооружений из камня, имеющих вид четырехугольных оград или курганов. В редких случаях сооружения отсутствуют.

Каменные изваяния, привлекающие к себе внимание и придающие древний колорит безграничной казахской степи, всегда вызывали интерес путешественников и ученых.

Одни из первых научных заметок об изваяниях Сарыарки принадлежат талантливому казахскому ученому XIX века Чокану Валиханову, который описал и зарисовал оригинальные изваяния у мазара Козы-Корпеш и Баян Сулу [1]. Рисунки Валиханова представляют большую ценность, поскольку сами изваяния давно утрачены.

Некоторые изваяния Центрального Казахстана были учтены в первой сводной работе об изваяниях всей Казахской степи. Автором этой работы, вышедшей в начале XX в., был французский исследователь Жозеф Антуан Кастанье [2].

Большой вклад в исследование монументальных памятников Центрального Казахстана (изваяний и менгиров) в 40 – 60-х годах XX века внес выдающийся казахский археолог Алькей Хаканович Маргулан. Изучение каменных изваяний стало одним из направлений исследований возглавляемой им Центрально-Казахстанской археологической экспедиции (ЦКАЭ), которая была основана в 1946 году. Первые результаты изучения изваяний Центрального Казахстана А.Х. Маргуланом и известным

российским археологом Л.Р. Кызласовым были опубликованы в 1951 г. [3, с. 3-52]. Десятки изваяний Сарыарки введены в научный оборот А.Х. Маргуланом в солидной обобщающей статье и в изданной после его смерти монографии [4, 5, с. 36].

Сведения о нескольких изваяниях Центрального Казахстана приведены в классическом труде Я.А. Шера, посвященном изваяниям Семиречья [6].

С конца 1970-х годов руководители и сотрудники ЦКАЭ (М.К. Кадырбаев, Ж.К. Курманкулов, С.М. Ахинжанов, Л.Н. Ермоленко) продолжают целенаправленную работу по выявлению и изучению каменных изваяний Центрального Казахстана. В итоге Ж.К. Курманкуловым и Л.Н. Ермоленко были введены в научный оборот более ста неизвестных ранее древних и средневековых изваяний Сарыарки [7; 8]. В последнее десятилетие активным изучением древних изваяний Центрального Казахстана занимается А.З. Бейсенов [9, с. 34-40].

Ученые установили, что начало традиции изготовления каменных изваяний в Сарыарке относится к эпохе поздней бронзы, когда прежде оседлое население степей осваивало кочевое скотоводство. А.Х. Маргулан считал, что самые ранние каменные изваяния на территории Центрального Казахстана изображали животных [4]. Например, он выделял грубые изваяния, очертания которых напоминают задранную вверх морду барана (койтас) (Рис. 1), лошади (тулпартас), медведя (аютас) (Рис. 2). В эту эпоху появляются также изваяния, на которых намечено человеческое лицо. Одно из них найдено в долине реки Аксай (Рис. 3). Сложно сказать, кого оно изображало: божество, предка или почитаемого умершего человека.

До нас дошло немного изваяний эпохи бронзы, гораздо больше сохранилось менгиров – стоямя вкопанных крупных удлиненных камней, одиночных или образующих группы. У многих менгиров скошен верх и это делает их похожими на изваяния, схематически изображающие животных.

Большинство менгиров найдены в Каркаралинских и Баянаульских горах, к северу от озера Балхаш, вдоль рек Сарысу и Атасу, в горах Аккойтас, Кызылтау, Ортау, Актау, то есть в местах, благоприятных для занятия скотоводством. Памятники такого рода в народной топонимике получили названия «сымтас», «серектас», «сагантас», «қанаттас», «коргантас», «самалатас» и т.д.

Становление кочевого скотоводства сопровождалось усложнением общественных отношений, возрастанием роли войны в жизни кочевого общества и возвышением социального статуса воина. В скульптуре ранних кочевников главным становится образ воина.

Каменные изваяния сакской эпохи, датируемые VII – V вв. до н.э., обнаружены на территории Сарыарки относительно недавно. В настоящее время найдено около двух десятков таких памятников. Многие из этих изваяний связаны с погребальными сооружениями – курганами, некоторые найдены возле так называемых курганов «с усами», точнее с двумя дугообразными каменными грядами, направленными на восток [10, с. 129-135]. Среди «сакских» изваяний есть похожие на скифские изваяния из Северного Причерноморья и Северного Кавказа. На них бывают изображены акинак (кинжал), чекан (боевой топор), детали обнаженного тела (лопатки, позвоночник, ягоды, признаки мужского пола). Другая разновидность изваяний сакской эпохи – изваяния небольших размеров, на которых изображена голова человека. На макушке головы высечен округлый «шишкообразный» выступ, реже – прядь волос (айдар). Таким образом, айдар, сохранившийся до нашего времени как детская прическа, имеет древнее происхождение. По свидетельству казахского героического эпоса «Кобланды-батыр», айдар когда-то был прической молодых мужчин. Не исключено, что «шишкообразный» выступ изображал футляр, в который укладывался айдар. Одно из изваяний с выступом на макушке было обнаружено в окрестностях аула Косагалы (Жанаркинский р-н Карагандинской обл.). Оно лежало с восточной стороны кургана «с усами» [11, с. 177-178].

В дальнейшем обычай установки каменных изваяний практиковался в период Тюркских каганатов (VI-VIII вв.). Тюркские каменные изваяния ставились с восточной стороны четырехугольных сооружений, которые принято называть «оградками». (Рис. 5) Стенки оградок были составлены из плит, установленных на ребро. В стенках всегда использовалось определенное количество плит. Внутри оградки были забросаны камнем. Оградки бывают одиночными или несколько оградок (от 2 до 8) бывают сооружены в ряд по линии север – юг. Изваяние было направлено лицом на восток. Перед изваянием нередко вкапывался ряд каменных столбиков, уходящий на восток. Эти столбики называются «балбалы». Из древнетюркских надписей, написанных руническим письмом, мы знаем, что балбалом тюрки называли камень, обозначающий убитого воином врага. Ряды балбалов могут тянуться на десятки метров. Сейчас балбалы обычно повалены и, видимо, не все сохранились.

Многие изваяния эпохи Тюркских каганатов изображают воина, держащего в правой руке сосуд. Левая рука воина лежит на рукояти меча. Меч показан подвешенным к поясу, на котором могут также висеть небольшие сумочки. На некоторых изваяниях показаны одежда – халат с треугольными отворотами на груди, украшения (серьги, шейное украшение, браслеты), прическа из нескольких кос, спускающихся до пояса. Редко на тюркских изваяниях изображались ноги в скрещенной позиции, то есть воин пировал сидя на полу. Среди тюркских изваяний, изображающих воинов, встречаются уникальные. Одно из них найдено в урочище Борили (Ультгау) [8, с. 25]. В правой руке этого реалистичного изваяния вместо сосуда показан топор, служивший в ту эпоху символом власти.

Кроме изваяний воинов создавались также изваяния, на которых изображалась только голова человека.

Традиция каменных изваяний не прервалась с падением государства западных тюрков и продолжилась в период господства кыпчаков. Главным отличием «кыпчакских» изваяний было то, что на них больше не изображались воины. На некоторых изваяниях изображалась голова человека, на других – фигура человека с сосудом в двух руках, опущенных к животу. Есть изваяния, на которых показаны признаки пола, обычно, женского. Распространенность женских изваяний может свидетельствовать о высоком общественном положении женщины у кыпчакских племен.

Изваяния кыпчакской эпохи связаны с сооружениями, внешне напоминающими курганы. Одно или несколько (до пяти) изваяний устанавливались с восточной стороны или в середине такого «кургана».

Раскопки показали, что под насыпью некоторых «курганов», в центре которых стояли изваяния, находилась мощная ограда, сложенная из камня. Внутри этой ограды и были вкопаны изваяния. Такие памятники, называемые «кыпчакскими святилищами», исследованы в Каркаралинском (зимовка Аблай), Актогайском (река Жинишке) и Шетском (урочище Мыржик) районах Карагандинской области [7]. В святилище на р. Жинишке найдено особенное женское изваяние, на котором красками был нарисован передник.

Возле с. Унирек (Шетский р-н) обнаружено необычное кыпчакское святилище с мужскими изваяниями [8, с. 52]. Сейчас ведутся раскопки этого памятника, которые позволят узнать его устройство и, возможно, получить датирующий материал (Рис. 6).

В казахской степи традиция установки изваяний прекращается в XII – XIII вв. в связи с укреплением позиций ислама, запрещающего изображать человека. Однако не исключено, что отголоском этой традиции является сооружение на казахских могилах стел (кайрактас, кулпытас и т.д.), отдаленно напоминающих человеческую фигуру.

На территории Центрального Казахстана сейчас известно свыше 300 монументальных памятников разного времени: менгиров, изваяний сакской, тюркской и кыпчакской эпох. К сожалению, из-за негативного воздействия как природных, так и антропогенных факторов их количество с каждым годом уменьшается.

Список использованной литературы

1. Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. – Алма-Ата: Главная редакция Каз. Сов. энциклопедии, 1984. – Т. 1. – 432 с.
2. Кастанье И.А. Историко-сравнительный этюд о каменных бабах Киргизских степей и России вообще в связи с каменными изваяниями Франции, Германии и проч. Стран: Разные виды воспроизведения черт лица умерших в связи с поклонением предкам // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 1910. – Вып. 22. – С. 303–320.
3. Маргулан А.Х. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Известия Академии наук Казахской ССР. (Серия: Археологическая). –1951. – Вып. 3. – С. 3 – 52.
4. Маргулан, А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана / А.Х. Маргулан. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1979. – 360 с. с ил.
5. Маргулан А.Х. Каменные изваяния Улытау // Сочинения: в 14 т. – Т. 3-4 / сост. Д.А. Маргулан, Д. Маргулан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – С. 36 – 136.
6. Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. – М. – Л., 1966. – 138 с.
7. Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). – Новосибирск: Изд-во Ин-та археологии и этнографии СО РАН, 2004. – 132 с.
8. Курманкулов Ж., Ермоленко Л. Древности Сарыарки: каменные изваяния. – Караганды: «Credos Ltd С», 2014. – 168 с.
9. Бейсенов А.З., Ермоленко Л.Н. Новые каменные изваяния сакской эпохи из Сарыарки // Вестник Кемеровского государственного университета. 2014. – Вып.3 (59). – Т. 3. – С. 34-40.
10. Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж. К., Касенова А. Д. Некоторые итоги изучения изваяний раннего железного века Сарыарки // Археологическое наследие Сибири и Центральной Азии (проблемы интерпретации и сохранения): материалы междунар. конференции. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2016. – С. 129-135.
11. Курманкулов Ж., Касенова А.Д. Изваяние из урочища Косагалы // Маргулановские чтения – 2014: Материалы Междунар. научно-практической конференции, посвящ. 110-летию академика А.Х. Маргулана. – Алматы; Павлодар, 2014. – С.177-178.

References

1. Valikhanov, Ch.Ch. Sbranie sochineniy: v 5 t. – Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kaz. Sov. enciklopedii, 1984. – T. 1. – 432 s.
2. Castagne I.A. Istoriko-sravnitel'nyi etyud o kamennyh babah Kirgizskih stepey i Rossii vooobshche v svyazi s kamennymi izvajaniyami Francii, Germanii i proch. stran: Raznye vidy vosproizvedeniya chert lica umershih v svyazi s pokloneniem predkam // Trudy Orenburgskoy uchenoj arkhivnoy komissii. – 1910. – Vyp. 22. – S. 303-320.
3. Marghulan A. Kh. Tretiy sezon arkheologicheskoy raboty v Central'nom Kazakhstane // Izvestiya Akademii nauk Kazakhskoy SSR. (Seriya: Arkheologicheskaya). –1951. – Vyp. 3. – S. 3- 52.
4. Marghulan, A. Kh. Begazy-dandybayevskaya kul'tura Central'nogo Kazakhstana / A. Kh. Marghulan. – Alma-Ata: Izd-vo «Nauka» KazSSR, 1979. – 360 s. s il.
5. Marghulan A. Kh. Kamennye izvayaniya Ulytau // Sochineniya: v 14 t. –T. 3-4 / sost. D.A. Marghulan, D. Marghulan. Almaty: Dajk-Press, 2003. – S. 36- 136.
6. Sher Ya. A. Kamennye izvayaniya Semirech'ya. – M.-L., 1966. – 138 s.
7. Ermolenko L.N. Srednevekovye kamennye izvayaniya kazakhstanskih stepey (tipologiya, semantika v aspekte voennoy ideologii i tradicionnogo mirovozzreniya). – Novosibirsk: Izd-vo In-ta arkheologii i etnografii SO RAN, 2004. – 132 s.

8. Kurmankulov Zh., Ermolenko L. Drevnosti Saryarki: kamennye izvayaniya. – Karagandy: «Credos Ltd C», 2014. – 168 s.

9. Beyssenov A.Z., Ermolenko L.N. Novye kamennye izvayaniya saks koy epokhi iz Saryarki // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. 2014. Vyp. № 3 (59). – Т. 3. – S. 34-40.

10. Ermolenko L.N., Kurmankulov Zh.K., Kassenova A.D. Nekotorye itogi izucheniya izvayaniy rannego zheleznogo veka Saryarki // Arkheologicheskoe nasledie Sibiri i Central'noy Azii (problemy interpretatsii i sokhraneniya): materialy mezhdunar. konferencii. – Kemerovo: Kuzbassvuzizdat, 2016. – S. 129-135.

11. Kurmankulov Zh., Kassenova A.D. Izvayanie iz urochishcha Kosagaly // Marghulanovskie chteniya – 2014: Materialy Mezhdunar. nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashch. 110-letiyu akademika A.Kh. Marghulana. – Almaty; Pavlodar, 2014. – S.177-178.

Ә. Қасенова¹

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері¹
Алматы қ., Қазақстан

САРЫАРҚА ДАЛАСЫНЫҢ ТАС КУЗЕТШІЛЕРІ

Түйін

Бұл мақалада тас мүсіндер Сарыарқаның ежелгі және ортағасыр халықтарының тарихының ең маңызды дерек көзі болып табылатыны көрсетілген. Олар осы ескерткіштерді қалдырған адамдардың түрі мен сыртқы келбетін көрсетумен қатар, сол кездің әлеуметтік құрылымы, тұрмысы мен дүниетанымынан мол мағлұмат береді.

Түйін сөздер: Сарыарқа, тас мүсін, қыпшақ, тас стела, сақ, қарауыл, түрік.

A. Kassenova¹

¹A.Kh. Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan

STONE GUARDS OF SARYARKA

Summary

The article considers the stone sculptures of Saryarka, which are an important source on the history of ancient and medieval peoples of Eurasia. They not just embodied the external appearance of people of past eras, but also reflected valuable information about the social structure and way of life of the peoples who left these monuments.

Keywords: Saryarka, stone statue, Kypchak, stone steles, Saki, guards, Turkic



1 рисунок. Койтас. Горы Қызыл Арай



2 рисунок. Аютас. Гора Бугылы




3 рисунок. Зооморфные стелы. Долина Аксай.



4 рисунок. Изваяние с «шишкообразным» выступом на голове из местности Косагалы.



5 рисунок. Древнетюркское изваяние у оградки близи аула Сона.



6 рисунок. Кыпчакское святилище Унирек.

В. ХОРВАТ¹

¹КазНУ им. аль-Фараби, докторант 2 курса,
г. Алматы, Казахстан

**ХАРАКТЕРИСТИКИ ПОГРЕБАЛЬНОГО ОБРЯДА В НАЧАЛЬНОЙ
ФАЗЕ СКИФСКОГО ВРЕМЕНИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
(ПО КУРГАНУ АРЖАН-1)**

Аннотация

В статье автор систематизировал особенности конструкции и погребального обряда курган Аржан-1, и сравнил их с характерами памятников позднего бронзового и раннего железного веков Центральной Азии и Казахстана. Строение комплекса наилучшим образом связывается с херексурами и монгун-тайгинской культурой Тувы и Северо-западной Монголии. В то же время, данные курганы отличаются друг от друга. Тувинские херексуры т.н. «Улуг-Хорумского типа», также имеют радиальную структуру и глубокую грунтовую яму, со срубной камерой на дне. Причём, положение погребенных в херексурах и в могилах монгун-тайгинской культуры также по-разному. В то же время в них можно найти и общее: в обоих случаях погребение совершалось на левом боку, в скорченном положении, головой на запад, северо-запад. Некоторые специалисты считали, что происхождение атрибутов кургана Аржан-1 надо искать среди архитектурных памятников Бегазы-Дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. Там также встречаются захоронения с круглыми и квадратными каменными оградами, но радиальная структура встречается редко. Поэтому, при детальном изучении необходимо принимать во внимание и присутствие андроновской культуры, её связи между обществами прилегающих регионов.

Ключевые слова: Аржан-1, раннескифский, монгун-тайгинский, херексуры, Алды-Белская культура, Бегазы-Дандыбаевская культура.

Исследование начальной фазы культуры скифского типа Центральной Азии всегда вызывало сложности для археологов. С начала 70-х годов прошлого века, благодаря многочисленным открытиям, увеличилось количество памятников данного периода. Под руководством М.П. Грязнова и М.Х. Маннай-оола были проведены раскопки царского кургана Аржан-1 [1, с. 243-245; 2, с. 207-208; 3, с. 192-195], который, на мой взгляд, является одним из самых важных исходных объектов при изучении происхождения раннескифской культуры Центральной Азии.

Необычная конструкция кургана обратила внимание специалистов уже в начале земляных работ, и до сих пор вызывает широкие дискуссии по вопросу её происхождения, культурной интерпретации, и места этого памятника в системе культур ранних кочевников. Таким образом, несмотря на то, что курган Аржан-1 опубликован [4] и по этим вопросам существует немало изысканий, мы в данной статье ставили задачу сделать более детальный анализ конструкции и погребального обряда комплекса и сравнить их с атрибутами памятников местных, тувинских и прилегающих районов эпохи поздней бронзы и раннего железа.

Внешние каменные выкладки кургана состоят из валунов и речной галки, и укреплены каменными плитами. Самым особенным в архитектуре кургана Аржан-1 считается радиальная структура погребальных камер на уровне древнего горизонта, которые построены из необычайно толстых бревен лиственницы. Размер срубов заметно отличаются в центральном, среднем и внешних секторах. В центральной части диаметр сруба тоньше, а бревна срубов внешних камер являются толще [4, с. 10].

Сооружение центральной прямоугольной камеры является одним из особенностей кургана. Пол камеры формирован из тонких бревен. В середине камеры находится маленький сруб, сооруженный из брёвён более тонких размеров. Такая точность в




Рис. 1 – Каменные выкладки (а-б), деревянное сооружение (в) и погребения центральной камеры (г-е) кургана Аржан-1 [4, Рис. 1, б, Рис. 1. и 4, Рис. 5-7]

структуре планировки основания кургана, во-первых, указывает на определенную системность в строительстве центра комплекса. С другой стороны, промежуток на восточной стене, возможно, учитывался планы для последующих пристроек, как это видно в случае камер №2 и №5 [5, с. 194-195].

Положение срубов также дает много информации о конструкции кургана. На их основе можно проследить последовательность строения погребальных камер, и их функциональное назначение. По мнению М.П. Грязнова и М.Х. Маннай-оола, вначале была построена камера №1 (центральная камера), а потом было начато строительство основания двух радиальных рядов срубов, а потом разделанные стены в восточной части (камеры №2-7). Камеры южного сектора (камеры №13-21.) строились без особой тщательности, бревна их обработаны хуже, толщина разных концов бревен сильно отличалась, и иногда их концы выходили за пределы камеры. Поэтому стены этих камер не отличались правильностью формы. Камеры второго и третьего круга из-за отличия размеров срубов также имели неправильные формы и безсистемный план. Первоначально эти камеры были просторнее, позднее они были разделены на две комнатки через построенный внутри камеры срубную стену (на пример, камеры №16-17, 26-28. и 34-35.) [7, с. 192-193].

Погребальные камеры западного сектора кургана почти не сохранились. На основе местов сохранившихся беспорядочно расположенных бревен срубов и наката [4, с. 14] М.П. Грязнов произвел предположительную реконструкцию. Поэтому мы считаем, что при аналогиях с деревянной конструкцией аржанского комплекса нужно учитывать с осторожностью эти моменты.

